

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Додонов Вячеслав Юрьевич

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ҮРДІСТЕР,
ФАКТОРЛАР, ПЕРСПЕКТИВАЛАР**

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОК 330
КБК 65.9
Д 55

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

Автор: Вячеслав Додонов

Рецензенттер:

Ә.Ә. Сатыбалдин, ҚР ҰҒА академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Я. Әубакірова, экономика ғылымдарының докторы, профессор
А.Е. Қалиева, экономика бойынша Ph.D докторы

Д 55 Додонов В.Ю. Қазақстанның халықаралық инвестициялық ынтымақтастығы: үрдістер, факторлар, перспективалар. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. – 208 б.

ISBN 978-601-7972-25-7

Кітапта Қазақстанның халықаралық инвестициялық ынтымақтастығының жетекші бағыттары қарастырылады. Елге шетелдік инвестициялар тарту процестерін шолу мен талдауға баса назар аударылады – инвестициялар ағыны бөлігіндегі басты үрдістер, олардың салалық құрылымы, негізгі инвестор елдер бойынша ерекшеліктер қарастырылады. Сондай-ақ шетелдік инвестициялардың нақты ағынының ауқымын және олардың Қазақстан экономикасына әсерін нақтылауға мүмкіндік беретін әдістемелік сипаттағы мәселелер, осы процеске әсер ететін факторлар нақтыланады, халықаралық рейтингтерде елдің ілгерілеуі мен шетелдік инвестицияларды тарту арасындағы өзара байланыс қарастырылады. Одан бөлек, елден шығатын инвестициялардың негізгі ағынын қалыптастыратын мемлекеттік қаржы институттары желісі бойынша Қазақстаннан шетелге инвестициялау үрдістері мен ерекшеліктері қаралды.

Кітап экономист-ғалымдарға, студенттерге, магистранттарға, экономикалық мамандықтар докторанттарына, сондай-ақ шетел инвестицияларын тарту және пайдалану мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандардың кең ауқымына арналады.

ӘОК 330
КБК 65.9

ISBN 978-601-7972-25-7

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019
© Додонов В.Ю., 2019

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1. ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық инвестициялық ағындар - Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі үрдістері мен контексі....	6
2. Қазақстан әлемдік инвестициялық ағындар жүйесінде...	25
3. ЕО, АҚШ, ҚХР және Ресейден Қазақстанға инвестициялар - үрдістер мен ерекшеліктер.....	47
4. Қазақстанға шетелдік инвестициялар: экономикалық дамуға әсері мен ауқымын сындарлы бағалау.....	92
5. Институттар сапасын бағалаудың халықаралық рейтингтерінде ұлттық экономикаларды жайғастыру және шетелдік инвестициялар ағыны.....	115
6. Қазақстанның халықаралық рейтингтерде ілгерілеуінің шетелдік инвестициялар ағынына әсері.....	143
7. Қазақстанның шетелге инвестициялау жүйесіндегі әлемдік қаржы нарықтарында мемлекеттік институттардың инвестициялық қызметі.....	158
Қолданылған дереккөздер тізімі.....	187

КІРІСПЕ

Шетелдік инвестицияларды тарту әрқашан қазақстандық экономикалық модельдің өзіндік ерекшеліктерінің бірі болды. Қазақстанға шет мемлекеттерден келген инвестициялар ағыны ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында айтарлықтай ауқымды болды және ірі мұнай-газ кен орындарын қарқынды игерудің негізгі факторына айналды, онысымен серпінді экономикалық дамудың негізін қалады. Қазақстан посткеңестік кеңістікте ғана емес, сондай-ақ әлемнің барлық дамушы экономикаларының арасында шетелдік инвестицияларды тарту бойынша көшбасшылардың біріне айналды, ал ел экономикасына ірі шетелдік компаниялардың ауқымды қатысуы, оны нарықтық мойындау, жоғары кредиттік рейтингтерді алу, бірқатар халықаралық индекстер мен рэнкингтердегі ілгерілеуі есебінен ұлттық экономиканың мәртебесін арттыруға мүмкіндік берді. Шетелдік капиталдың қатысуымен өндіруші сектор кәсіпорындары Қазақстанда өнім өндіру бөлігінде де, салық төлеу көлемі, инвестициялық қызмет, жұмыс орындарын құру бойынша да ірі кәсіпорындарға айналды.

Қазақстан экономикасының инвестициялар тартудағы жетістіктері әйгілі және көпшілік тарапынан мойындалған. Сонымен бірге, шетелдік капиталдың экономикаға кеңінен қатысуы - өндіруші өнеркәсіпке кіретін шетелдік инвестициялардың

іс жүзінде моносалалық құрылымы салдарынан экономиканың шикізат моделін нығайтудан бастап, инвесторлар шығаратын, төлем балансына барынша үлкен қысым жасайтын кірістердің ірі ауқымды және үдемелі көлеміне дейінгі әрдайым жағымды бола бермейтін жанама салдарларды да қамтиды. Бұдан басқа, соңғы жылдары тауар нарықтарының қолайсыз конъюнктурасы аясында күрт бәсеңдеген шетелдік инвестициялар ағыны динамикасында да проблемалар байқалды, бұл стагнацияға және олардың жинақталған көлемінің тарихта алғаш рет қысқаруына да әкеп соқты.

Осылайша, Қазақстанға шетелдік инвестициялар тарту процесі көп қырлы, әртүрлі болып табылады, оң және теріс қырларын жан-жақты талдау мен бағалауды қажет етеді. Осы басылымда Қазақстанның шетелдік әріптестермен инвестициялық ынтымақтастығының негізгі үрдістерін талдауға, осы үрдістерді айқындайтын негізгі факторларды анықтауға, сондай-ақ осы саланың негізгі бағыттарындағы ахуалдың даму әлеуетін бағалауға әрекет жасалады.

1. ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық инвестициялық ағындар - Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі үрдістері мен контексі

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту процесін қарастыра отырып, ХХІ ғасырда қалыптасқан жалпы халықаралық инвестициялық ағындар саласындағы жағдайдың неғұрлым кең контексіне назар аудармауға болмайды, өйткені бұл контекст жекелеген ұлттық экономикалар деңгейіндегі тиісті процестерге айтарлықтай әсерін тигізеді. Сонымен қатар, халықаралық инвестициялық ынтымақтастық және онымен анықталатын әлемдік инвестициялық ағындар ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында елеулі өзгерістерге ұшырады және алдыңғы жүз жылдықта қалыптасқан шетелдік инвестициялардың рөлі мен бағыттары туралы дәстүрлі түсініктерді айтарлықтай өзгертті.

Халықаралық инвестициялық ағындардағы неғұрлым елеулі өзгерістер қатарына реципиенттер ретінде де, тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көздері ретінде дамыған және дамушы экономикалардың арасындағы тез өзгеретін ара қатынасты жатқызуға болады. 1991 жылдан бастап социалистік жүйенің жұмысы

тоқтағаннан (әлемдік инвестициялық ағындардың трансформациясына елеулі үлес қосты) және транзиттік экономика мәртебесін алған жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болғаннан кейін жинақталған ТШИ көлемінің өсуі елдердің негізгі топтары бойынша айтарлықтай ерекшеленді.

1-кесте. 1991-2017 жылдары экономиканың негізгі топтары бойынша жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі, млрд. АҚШ доллары¹


	1991	2000	өсу 2000/ 1991, есе	2001	2005	2010	2017	өсу 2017/ 2001, есе	өсу 2017/ 1991, есе
Әлем	2471,3	7380,5	3,0	7475,2	11427,7	20279,4	31524,4	4,2	12,8
Дамушы экономикалар	546,7	1546,1	2,8	1741,4	2653,2	6123,1	10353,5	5,9	18,9
Транзиттік экономикалар	2,2	52,0	23,7	77,9	250,3	676,0	839,7	10,8	383,8
Дамыған экономикалар	1922,4	5782,4	3,0	5655,9	8524,3	13480,3	20331,2	3,6	10,6

Транзиттік экономикаларда (олардың қатарына Қазақстан да кіреді) жинақталған ТШИ көлемінің өсуі барынша жоғары болды, бұл социалистік мемлекеттерде 90-шы жылдарға дейін шетелдік компанияларының өте шектеулі қатысуының салдарынан төмен базасы әсерімен заңды түрде шарттастырылады. Бұл айқын әсер транзиттік экономикаларда жинақталған ТШИ көлемінің 1991 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңде 384 есе өсуіне себеп болды, бұл ретте озыңқы динамика ХХІ ғасырда да сақталды – 2001 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде бұл көрсеткіш шамамен 11 есе

¹ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter деректері бойынша есептелді. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019 ж.).

өсті, ал орташа әлемдік көрсеткіш 4,2 есені құрады. Бұл контекст, сондай-ақ, транзиттік экономика бола отырып, 2001-2017 жылдар кезеңінде елдің осы тобы деңгейінде жинақталған ТШИ көлемінің 11,3 есе өсуін көрсеткен Қазақстанға ТШИ тартудың табыстылығын бағалау кезінде де ескерілуге тиіс.

Егер транзиттік экономикалар үшін ТШИ ағынының жылдық көлемін қарайтын болсақ, онда бұл көрсеткіш 2008 жылы 118 млрд. долларды құрап, одан кейін он жыл бойы төмендеп келеді, бұл жағдайда Қазақстанға ТШИ ағыны траекториясы да осы елдер тобына тән динамиканы қайталайды (1-сурет).




1-сурет. Транзиттік экономикаларға және Қазақстанға ТШИ жылдық ағынының салыстырмалы динамикасы, млрд. доллар²

² UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

Мемлекеттердің неғұрлым ірілендірілген топтарын, ең алдымен дамыған және дамушы елдерді (олардың қатарына келешекте транзиттік экономикалар да кіретін болады) қарастыратын болсақ, яғни олардың әлемдік инвестициялық үдерістегі рөлінің ара қатынасы ХХІ ғасырда орын алған неғұрлым сипатты өзгерістер болып табылады. Дамушы экономикаларда жинақталған ТШИ көлемінің өсуі 2000 жылдары айтарлықтай қарқын қосты және дамыған елдер үшін ұқсас көрсеткіштен оза бастады - егер ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында дамыған экономикалардағы бұл индикатор дамушы экономикалардағы 2,8 есеге қарағанда үш есе өскен болса, онда 2001-2017 жылдары жағдай дамушы елдердің пайдасына (транзиттік экономиканы есепке алмағанның өзінде) қарай өзгерді, онда өсу дамыған елдерде 3,6 есеге қарсы 5,9 есені құрады.

Тиісінше, ХХІ ғасырда жинақталған шетелдік инвестициялардың дамыған және дамушы экономикалар арасында таралуы да тез өзгерді – егер 90-шы жылдардың соңында дамыған елдерде ТШИ әлемдік көлемінің 80%-ға жуығы шоғырланса, онда ХХІ ғасырдың екінші он жылдығына қарай бұл көрсеткіш 64%-ға дейін төмендеді (2-сурет).

Жинақталған ТШИ ара қатынасының өзгеруі дамыған және дамушы экономикаларда ТШИ жылдық ағыны көлеміндегі пропорциялардың неғұрлым жылдам өзгеруі есебінен болды.




2-сурет. Жинақталған ТШИ әлемдік көлемінде дамыған және дамушы (транзиттік) экономикалар үлесінің динамикасы, %³

Егер ХХІ ғасырдың басында бұл пропорциялар жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінің арасында қалыптасқан ара қатынаспен бірдей және дамыған елдердің пайдасына шамамен 20/80 болса, онда небәрі он жылдан кейін, 2010 жылы дамушы экономикалар алғаш рет ТШИ ағынының үлкен көлемін алды және бұл жағдай келесі жылдары бірнеше рет қайталанып отырды (3-сурет).

2014-16 жылдары шикізат нарықтарының құлдырауы ТШИ жылдық ағыны бойынша дамушы экономикалар

³ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

көшбасшылығының уақытша жоғалуына себепші болды, олардың елеулі бөлігі шикізаттық сипатты қамтыды және әлемдік тауар нарықтары конъюнктурасына тәуелді болды.



3-сурет. ТШИ жылдық ағыны құрылымында дамушы және дамыған экономикалардың үлес салмағының өзгеруі, %⁴

Бірақ 2017 жылы олар дамыған елдерге қарағанда тікелей инвестицияларды барынша қайтадан тартты және бұл үрдіс болашақта да жалғасатын болады, ол әлемдік инвестициялық ағындардағы неғұрлым айқын жаһандық ілгерілеудің бірі – олардың даму қарқынынан дамып келе жатқан экономикаларға деген бағытын өзгертуді негіздейді.

⁴ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

Біздің ойымызша, жаһандық экономикалық жүйенің өзгеру процесінде ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында қалыптасқан басқа үрдіс дамушы экономикалардың ТШИ тартуда дамыған елдердің көшбасшылығын иеленіп қалу үрдісі айтарлықтай маңызды болып табылады. Дамыған елдерден шығатын инвестициялық ағындардың озыңқы өсу үрдісі, бұл ғасырдың ортасына қарай аса ірі дамушы экономикаларды әлем үшін ТШИ-дің негізгі көзіне айналдырады. Дамушы экономикалар ХХ ғасырдың соңынан бастап шығыс ТШИ өсімін көрсетеді, бірақ оның күрт үдеуі келіп жеткен жүз жылдықта орын алды. 2001 жылдан бастап 2017 жылдар аралығындағы кезеңде дамушы елдерден жылдық шығыс ТШИ көлемі 7 есе өсті, ал дамыған экономикалар үшін ұқсас көрсеткіш небәрі 1,6 есені құрады (2-кесте).

2-кесте. Дамыған және дамушы экономикалар бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық түсімі мен шығысы көлемінің динамикасы, егер өзгесі көрсетілмесе, млрд. АҚШ доллары⁵

	1991	2001	2017	Өсу 2017/1991, есе	Өсу 2017/2001, есе
Дамушы экономикаларға ТШИ	39,5	224,2	717,4	18,2	3,2
Дамыған экономикаларға ТШИ	114,5	548,5	712,4	6,2	1,3
Дамушы экономикалардан шетелге ТШИ	11,1	60,0	420,8	37,9	7,0
Дамыған экономикалардан шетелге ТШИ	187,8	623,3	1009,2	5,4	1,6


⁵ CoUNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

Дамушы елдерден шығатын ТШИ көлемдері әзірше дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштерінен артта қалып тұр, бірақ олардың арасындағы алшақтық ілгерілеп қысқарып келеді. Егер 1991 жылы дамыған елдерден шығатын ТШИ жылдық көлемі дамушы экономикалардың ұқсас көрсеткішінен 17 есе асып кеткен болса, онда 2001 жылы бұл алшақтық 10,4 есеге дейін қысқарды, 2014 жылы 1,4 еселік ең төменгі деңгейге жетті (яғни, дамушы елдер шетелге ТШИ жеткізуші ретінде дамыған елдермен шамамен теңесті), ал 2017 жылдың қорытындысы бойынша ол 2,4 есені құрады. Дамушы елдерден шығатын ТШИ өсу үрдісі оларға инвестициялар ағынының өсу үрдісімен тығыз байланысты (4-сурет) және осы екі тренд «дамушы» әлемнің жаһандық инвестициялық процестерге артып келе жатқан ықпалын көрсетеді, ол келесі он жылдықтың өзінде дамушы экономикаларды әлемдік тікелей инвестициялар нарығындағы негізгі күш ретінде түпкілікті бекітуге алып келеді.

Дамушы экономикалар ықпалының өсуі экономикалық даму қарқынымен айтарлықтай ерекшеленетін жекелеген елдер деңгейінде ғана емес, сонымен қатар континенттік деңгейде де айтарлықтай сараланған.

Соңғы он жылдықтар бойында Азия экономикаларының қарқынды дамуының заңды салдары ТШИ кіріс және шығыс ағындары көлемінің өсуінде Азияның жетекші рөлі болды, сонымен бірге

тек осы өңірде шығыс инвестициялардың өсу қарқыны тартылатын ТШИ-дің өсу қарқынынан асып түсті (5-сурет).




4-сурет. XXI ғасырдағы дамыған және дамушы экономикалардың ТШИ кіріс және шығыс көлемдерінің динамикасы, жылына млрд. доллар⁶

Басқа өңірлерде инвестициялық ағындардың өсуі айтарлықтай қалыпты болды, бұл ретте өсудің шектелуі дамыған экономикалардың тиісті континенттерде таралу деңгейімен кері пропорцияда тікелей байланысты болды. Бұл заңдылық әбден түсінікті – өйткені дамыған елдер дәстүрлі түрде ТШИ-дің жетекші көзі ретінде

⁶ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

әрекет етті, оларда кіріс және шығыс инвестициялардың көлемін статистикалық жоғары есептеу базасы болды, одан дамушы экономикаларға тән төмен деңгейлерден жоғары қарқынмен өсу қиынға түседі.




5-сурет. 1994-2017 жылдары әлемнің негізгі аймақтары бойынша кіріс және шығыс ТШИ жылдық көлемдерінің өсуі, есе⁷

Өсу көрсеткіштері өңірлік сипаттағы инвестициялық ағындарда болып жатқан ілгерілеулерді толық көлемде көрсетпейді. Африкада өсудің жоғары көрсеткіштері болуына қарамастан, бұл континенттің әлемдік инвестициялық ағымдардағы рөлі тым төмен күйінде қалып отыр, ал ең аз өсу көрсеткіштері бар Еуропа, керісінше, қарастырылып отырған кезеңнің көп

⁷ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

бөлігі бойында ТШИ көзі мен реципиенті ретінде көшбасшы рөлді сақтап келді. Алайда, инвестициялық ағындардың азиялық бағытының ұзақ және озыңқы өсуі өңірлік тұрғыда абсолюттік көлемдер бойынша көшбасшылықтың ауысуына алып келді. 2010 жылға қарай Азия ТШИ тарту көлемі бойынша Еуропа және Америкамен теңесіп қалды, ал 2017 жылдың қорытындысына сәйкес - тартылған және шығыс ТШИ бойынша да көшбасшылыққа ие болды (6-сурет).

Азияның өсуі және оның әлемдік инвестициялық ағындардың орталығы ретінде қалыптасуы, олардың бағыттарындағы бірден-бір маңызды өңірлік өзгеріске айналды. Сондай-ақ, Еуропа рөлінің осы тұрғыда тұрақты төмендеуі өзіне назар аудартады - егер ХХІ ғасырдың басында Еуропа кіріс және шығыс ТШИ көлемі бойынша сөзсіз көшбасшы болса, содан кейін ол позицияларын жоғалта бастады және 2017 жылы кіріс және шығыс көлемдер бойынша 2000 жылдың деңгейіне шамамен екі есеге төмендеудің салдарынан осы континенттің инвестициялық ағындары қысқара берді. Нәтижесінде, 2017 жылы Еуропа тартылған ТШИ бойынша көш бастаған Азиядан ғана емес, Америкадан да артта қалды, ал Еуропаның шетелге инвестициялары да америкалық көрсеткішпен теңесе бастады. ТШИ әлемдік нарығындағы Еуропа рөлінің төмендеуі және Азия позицияларының өсуі өңірлік ілгерілеулер контекстінде және жаһандық инвестициялық нарықты қайта бөлуде неғұрлым айқын үрдістерге айналды.



6-сурет. 1994-2017 жылдары ТШИ-дің өңірлік ағындары бойынша өзгерістер, млрд. АҚШ доллары⁸

Бұл қайта бөлу инвестициялық ағындардың жылдық көлемі әлемнің негізгі өңірлеріндегі өзгеруде ғана емес, соңғы он жылдықтар ішінде инвестициялық ағын бағыттарының өзгеруі әсерінен айтарлықтай ілгерілеу көрсеткен, жинақталған ТШИ құрылымында да көрініс табады. Жинақталған ТШИ өңірлік құрылымындағы негізгі өзгерістер инвестициялық ағындардың өзгеру үрдістеріне сәйкес келеді – Еуропа мен Америка сияқты дәстүрлі көшбасшылардың үлесі қысқарған кезде әлемде жинақталған ТШИ жалпы көлеміндегі Азияның үлес салмағының үдемелі өсуі орын алды (3-кесте).

⁸ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

3-кесте. 1995-2017 жж. жинақталған ТШИ географиялық құрылымының өзгеруі, %⁹


	1995	2000	2005	2010	2015	2017
Аймаққа инвестициялар						
Африка	2,5	2,1	2,5	3,0	2,9	2,7
Америка	36,7	46,7	36,7	29,8	32,7	35,2
Азия	17,3	15,4	15,8	21,1	25,4	24,9
Еуропа	39,6	33,8	42,4	43,2	36,6	34,7
Аймақтан инвестициялар						
Африка	0,8	0,5	0,4	0,6	0,9	1,2
Америка	38,8	43,1	38,1	29,9	30,6	32,8
Азия	11,3	11,9	11,4	16,1	23,7	23,9
Европа	47,3	43,1	48,2	51,1	43,1	40,5

Осы үрдістердің сақталуы Азияның жинақталған кіріс ТШИ көлемі бойынша таяудағы он жыл ішінде, ал шетелге жинақталған ТШИ көлемі бойынша – келешекте 2030 жылға дейін көшбасшылық позицияға шығуына алып келеді. Қазақстанға ТШИ тартуға қатысты жағдай бойынша шетелдік инвестициялардың географиялық құрылымындағы әлемде орын алған өзгерістерді қарастыратын болсақ, оның тиісті үрдістерді толық шамада көрсетпейтіні туралы айтуға болады. Кіріс және шығыс инвестициялармен қатар, жинақталған ТШИ Қазақстанда әлемдегі қазіргі жағдайға қарағанда, 90-шы жылдары орын алған жағдайға көбірек сәйкес келеді. Қазақстанға жинақталған ТШИ негізгі көлемі Еуропа-

⁹ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

дан болды, ол Азия мен Американың салымдарынан еселеп асып түседі, Қазақстаннан шетелге жіберілетін ТШИ бойынша жағдай да тура осындай (7-сурет). Қазақстанда жинақталған ТШИ географиялық құрылымында Еуропаның үлес салмағы 61,7%, Америка - 23%, Азия - 15,2% құрайды. Қазақстаннан жиналған ТШИ құрылымы аз ғана ерекшеленеді – Еуропаға - 55,7%, Америкаға – 27,8%, Азияға – 16,6% тиесілі. Осылайша, Қазақстанға кіретін және елден шығатын инвестициялық ағындар географиясының қазіргі жағдайы әлемдік географиядан едәуір ерекшеленеді.

Инвестициялық ағындардың өңірлік ерекшеліктерін және олардың соңғы он жылдықтар ішіндегі өзгерістерін қарастыра отырып, Азия инвестицияларының әлемдік инвестициялық процестегі рөлінің өсуіне байланысты тағы бір аспектіні атап өткен жөн. Жоғарыда аталған Азиядан шығатын ТШИ-дің өсуі, сондай-ақ Еуропа мен Американың позицияларын жоғалтуы, Азияны әлемнің қалған бөлігінде нетто-инвесторы мәртебесіне жақындауына алып келді, яғни осы аймақтан шетелге жинақталған инвестициялар тартылған жинақталған ТШИ көлемімен теңесіп қалды. Егер 1995 жылы жинақталған ТШИ бойынша Азияның теріс нетто-позициясы өңірден инвестициялар көлеміне қатысты 35%-дан астам болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 6,4%-ға дейін қысқарды (4-кесте).



7-сурет. 2018 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша Қазақстаннан және Қазақстанға жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар, млн. АҚШ доллары¹⁰

Осы кезеңде едәуір оң нетто-позицияны иеленген Америка ТШИ нетто-реципиенті болды, ал салыстырмалы көрсеткіштерде Еуропаның оң нетто-позициясы екі есе қысқарды. Соңғы жылдары Азиядан шетелге ТШИ көлемі олардың Азияға ағыны көлемінен асып кеткенін ескере отырып, жақын арадағы бірнеше жыл ішінде Азия жинақталған ТШИ бойынша әлемнің қалған бөлігінде нетто-инвесторға айналады деп болжауға болады, бұл Еуропа мен Америкадан

¹⁰ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: елдер бойынша салымдар бағытындағы тікелей инвестициялар нетто-позицияның 2018 жылғы 1 қазандағы жағдайы/Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 15.01.2019).

инвестициялардың қысқаруымен қатар, оның әлемнің қалған бөлігі үшін инвестициялық ресурстардың негізгі көзі ретіндегі мәртебесін нығайтады.


4-кесте. Әлемнің негізгі аймақтары бойынша жинақталған кіріс және шығыс ТШИ көлемі мен балансының өзгеруі, егер өзгесі көзделмесе, млрд. АҚШ доллары¹¹

1995				
	аймаққа инвестициялар	аймақтан инвестициялар	нетто-позиция	аймақтан шығатын инвестицияларға қатысты % нетто-позиция
Африка	88,6	32,6	-56,0	-171,9
Америка	1308,8	1550,0	241,1	15,6
Азия	615,1	453,2	-161,9	-35,7
Еуропа	1412,6	1889,5	476,9	25,2
2017				
	аймаққа инвестициялар	аймақтан инвестициялар	нетто-позиция	аймақтан шығатын инвестицияларға қатысты % нетто-позиция
Африка	866,8	365,6	-501,2	-137,1
Америка	11088,2	10100,0	-988,1	-9,8
Азия	7849,6	7376,5	-473,1	-6,4
Еуропа	10951,8	12504,5	1552,8	12,4

Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы халықаралық инвестициялық ағындардың тағы бір ерекшелігі қаржыландыру көзі ретінде портфельдік инвестициялар рөлінің өсуі болды. Қаржы технологияларының қарқынды дамуы, қаржы құралдарының жаңа үлгілері эмиссиясының қарқынды өсуі, реттеуші режимдердегі өзгерістер және жаһандану процестерінің жандануы дәстүрлі тікелей инвесторлармен салыстырғанда

¹¹ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019).

портфельдік инвесторлардың озық белсенділігіне алып келді. XXI ғасырдың басында портфельдік инвестициялар орналастырылған активтер көлемі әлемде жинақталған ТШИ көлемінен асып түсті, бірақ келесі бірнеше жыл ішінде бұл көрсеткіштің өсуі өте жоғары қарқынмен жалғасты, бұл жинақталған портфельдік және тікелей инвестициялар арасындағы алшақтықтың жылдам өсуіне себеп болды (8-сурет).




8-сурет. Жинақталған ТШИ көлемінің және әлемдегі портфельдік инвестициялар активтері мөлшерінің динамикасы, млрд. доллар¹²

¹² Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 9.01.2019); Table 15: All Economies - Reported Portfolio Investment Assets: Total Portfolio Investment. IMF Data. URL: <http://data.imf.org/regular.aspx?key=60587819> (қараған күні: 16.01.2019).

Қаржы нарықтарының нормадан тыс өсуі 2008-2009 жылдардағы ауқымды қаржы дағдарысына алып келді, соның нәтижесінде көпіршік түріндегі артық өтімділіктің бір бөлігі өз қызметін тоқтатты, бұл портфельдік инвесторлардың белсенділігіне де әсер етті. Дегенмен, дағдарыстан кейін де портфельдік инвестициялардың көлемі тұрақты әрі жинақталған ТШИ көлемінен едәуір асып түседі және әлемдік инвестициялық процестегі портфельдік инвесторлардың рөлі өте жоғары күйінде сақталады, бұл сондай-ақ осы процестің ХХІ ғасырға тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыда Қазақстанда жинақталған шетелдік портфельдік инвестициялар көлемі 2000 жылдар бойы мардымсыз күйде екенін атап өткен жөн (9-сурет).

Шетелдік инвестициялардың осы түрінің жалпы көлемдегі үлес салмағы 1,5% ең төменгі деңгейден (2002 жылы) 15,3% жоғары шегіне дейін (2010 жылы) өзгеріп отырды, ал 2018 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша 7,9%-ды құрады. Бұл ретте, шетелден Қазақстанға жинақталған портфельдік инвестициялардың үлес салмағы ғана емес, сондай-ақ олардың абсолюттік көлемі ХХІ ғасырдың бүкіл екінші он жылдығы ішінде тоқырауда, бұл инвестициялық процестің жоғарыда аталған әлемдік үрдістеріне қайшы келеді. Осы бөлімде айтылған Қазақстанның жаһандық инвестициялық контекстінде халықаралық инвестициялық ынтымақ-тастығы процесінің алшақтығына байланысты әлемдік инвестициялық кеңістіктегі елдің рөлін неғұрлым егжей-тегжейлі қараған жөн.




9-сурет. 2000-2018 жылдары Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестициялардың негізгі түрлері көлемінің динамикасы, жыл соңында млн. АҚШ доллары¹³

¹³ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты түсінік. 1.10.2018 ж./ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурсы. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 16.01.2019).

2. Қазақстан әлемдік инвестициялық ағындар жүйесінде

Қазақстанға шетелдік инвестициялардың ағылуы дәстүрлі түрде экономиканың неғұрлым табысты салаларының бірі ретінде қарастырылады және сыртқы экономикалық ынтымақтастық саласында іске асырылатын саясат тиімділігінің үлгісі болып табылады. 2018 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша жинақталған шетелдік инвестициялар көлемі 225 млрд. доллардан асты. Тартылатын шетелдік инвестициялардың салыстырмалы параметрлері бойынша Қазақстан посткеңестік кеңістікте ғана емес, сондай-ақ неғұрлым кең халықаралық салыстырулар кезінде де көшбасшылар қатарына кіреді. Мәселен, ЖІӨ-ге қатысты жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) мөлшері 2017 жылдың қорытындысы бойынша 105% болды (ЖІӨ 162,9 млрд. доллар болғанда жинақталған ТШИ 170,4 млрд. долларды құрады). Бұл көрсеткіш әлемдік орташа деңгейден, сондай-ақ ЭЫДҰ және ЕО бойынша орташа деңгеймен қатар, ҚХР және Ресей сияқты көршілес елдердің көрсеткіштерінен де айтарлықтай асып кетеді (1-сурет).




1-сурет. 2017 жылдың қорытындысы бойынша жинақталған ТШИ мен ЖІӨ көлемінің ара қатынасы, %¹⁴

Қазақстанға шетелдік инвестициялар тарту процесі экономиканың басқа да негізгі салаларын дамытудан да қарқынды жүргізілді, бұл тиісті өлшемдердің үлес салмағының ең жоғары көрсеткіштерінде көрініс тапты. Мәселен, әлемде жинақталған ТШИ көлеміндегі Қазақстанның үлесі (0,47%) оның әлемдік ЖІӨ-дегі

¹⁴ Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: FDI stocks. OECD Data. OECD website. URL: <https://data.oecd.org/fdi/fdi-stocks.htm> (қараған күні: 26.10.2018); Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі. URL: http://stat.gov.kz/faces/homePage/homeDinamika.pokazateli?_afrcLoop=5405675809580933#%40%3F_afrcLoop%3D5405675809580933%26_adf.ctrl-state%3Du8h8o7ydi_71 (қараған күні: 26.10.2018); Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 24.10.2018).

үлесін екі еседен аса басып озады (0,2%) және әлемдік экспорттағы үлесінен едәуір жоғары болды (2-сурет). ТШИ тарту көрсеткіштері дамушы экономикалармен қазақстандық көрсеткіштерді салыстыру кезінде басқа макроэкономикалық индикаторлардың үлес салмағынан асып түседі. Алайда, Қазақстанның шетелге жинақталған ТШИ бойынша үлес салмағы өте төмен (0,07%) және тартылған инвестициялар көлемінен ғана емес, сонымен қатар барлық негізгі макроэкономикалық өлшемдерден артта қалатынын атап өткен жөн.



2-сурет. 2017 ж. ЖІӨ және экспортпен салыстырғандағы Қазақстанға және Қазақстаннан жинақталған ТШИ әлемдік көрсеткіштеріндегі үлес салмағы, %¹⁵

¹⁵ UNCTAD деректері бойынша жасалды: Gross domestic product: Total and per capita, current prices, annual; Merchandise: Total trade and share, annual; Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Data Center. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx> (қапаран күні: 23.10.2018).

Халықаралық салыстырулар кезінде Қазақстанда жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар салмағы тақырыбын жалғастыра отырып, ол жалпы әлемдік ауқымда ғана үлкен емес екені жайлы айтуға болады. ТШИ тарту ауқымдары Қазақстан кіретін неғұрлым агрегатталған елдерден бастап (жалпы дамушы елдер немесе континенттің дамушы нарықтары сияқты) аймақтық немесе ұйымдық белгілері бойынша мамандандырылған елдерге дейінгі түрлі топтар аясында одан да үлкен (3-сурет). Жекелеген жағдайларда Қазақстанның осындай елдер тобы арасында жинақталған ТШИ көлемі 20 және одан көп пайызға жетеді.



3-сурет. Елдің экономикасы кіретін мемлекеттердің UNCTAD бөлінетін топтардағы Қазақстанның 2017 жылға жинақталған ТШИ-дегі үлес салмағы, %¹⁶

¹⁶ CoUNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Data Center. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx> (қараған күні: 23.10.2018).


Осылайша, Қазақстанның әлемдік инвестициялық процестегі позициясы өте берік, ал шетелдік инвестицияларды тарту нәтижелері өте табысты болып көрінеді. Сонымен қатар, бұл процестің динамикасы соңғы бірнеше жылда әртүрлі сипатқа ие және онда теріс құбылыстар пайда бола бастады. Мәселен, жоғарыда аталған жинақталған ТШИ мен ЖІӨ ара қатынасының жоғары деңгейі айтарлықтай шамада шетелдік инвестициялардың ағылуына ғана емес, ЖІӨ долларлық мөлшерінің күрт қысқаруына байланысты. 2017 жылы бұл көрсеткіш 162,9 млрд. долларды құрады, ол 2013 жылғы ең жоғарғы деңгейден 31%-ға төмен (236,6 млрд. доллар), ондағы жинақталған ТШИ (130,7 млрд. доллар) мен ЖІӨ көлемінің ара қатынасы 55,2%-ды құрады – 2017 жылғы көрсеткіштен шамамен екі есе төмен.

Сондай-ақ соңғы жылдары Қазақстанда жинақталған ТШИ көлемінің өсуінің күрт бәсеңдегені жайлы айта кетуге болады. 90-шы жылдары¹⁷ бұл көрсеткіштің орташа жылдық өсімі 34,9%-ды, ХХІ ғасырдың бірінші он жылдығында 23,6%-ды құрады, ал 2011-2017 жылдар кезеңінде ол 8,9%-ға дейін төмендеді¹⁸, онымен қоса 2013 жылдан бастап бұл көрсеткіш тарихта алғаш рет бір мәнді шамалармен өлшенетін болды. Белгілі бір шамада жинақталған ТШИ ағынымен қатар көлемінің де бәсеңдеуі объективті процесс болып табылады, өйткені өлшемдер базасының өсуі аясында орын алады –

¹⁷ Тиісті статистика қолжетімді 1994 жылдан бастап 2000 жылға дейін.

¹⁸ Автор UNCTAD деректері бойынша есептеді: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Data Center. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx> (қапаған күні: 23.10.2018).


егер 90-шы жылдардың басында ол шамамен нөлдік болса, бұл жыл сайын ондаған пайызға өсудің жоғары қарқынына себеп болды, ал кейінгі жылдары 100 млрд. доллардан асатын базаның болуына байланысты өсудің осындай қарқынын көрсету мүмкін емес деуге болады. Алайда, аталмыш көрсеткіштердің баяу өсуі себептерінің объективтілік дәрежесіне қарамастан, ол Қазақстанның әлемдегі жинақталған ТШИ көлеміндегі үлес салмағы өсімінің тоқтауына себеп болды, ол 2011 жылдан бастап тұрақтана бастады, ал 2017 жылы қазақстандық инвестициялық процесс үшін жаңа, жағымсыз үрдіске бастау бола алатын едәуір төмендеуді көрсетті (4-сурет).



4-сурет. Қазақстанда жинақталған ТШИ көлемі мен үлес салмағының динамикасы, млн. АКШ доллары¹⁹

¹⁹ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Data Center. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx> (қараған күні: 23.10.2018).

Қазақстанда жинақталған ТШИ көлемі өсуінің баяулауы және әлемдік көрсеткіштегі қазақстандық үлестің өсуінің тоқтауы соңғы он жылдықта байқалатын олардың таза ағыны көлемінің қысқаруының салдары болды (5-сурет). 2008 жылы қол жеткізілген ең жоғары деңгейден және тұрақтандырудың бес жылдық кезеңінен кейін 2013 жылдан бастап елге ТШИ таза ағыны көлемінің күрт қысқаруы басталды, соның нәтижесінде 2017 жылғы осы көрсеткіш (4,6 млрд.) 2008 және 2012 жылдардағы максимумдармен салыстырғанда үш есе аз шамада өлшенді.



5-сурет. Қазақстанға ТШИ ағынының көлемі мен үлес салмағының динамикасы, млн. АКШ доллары²⁰

²⁰ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді. UNCTADStat Data Center. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx> (қараған күні: 23.10.2018).

ТШИ таза ағыны абсолюттік мөлшерінің төмендеуімен қатар әлемдік инвестициялық ағындардағы Қазақстанның үлес салмағы да қысқарды – 2009 жылғы ең жоғары 1,12% деңгейінен ол 2017 жылы 0,32%-ға дейін төмендеді. Тартылған ТШИ көлемдерінің ұзақ мерзімді төмендеу үрдісі жинақталған ТШИ әлемдік көлеміндегі ел үлесінің жоғарыда атап көрсетілген қысқаруын заңды негіздеді, ол әзірше айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отыр, бірақ ТШИ әлемдік ағынындағы елдің үлес көрсеткішінің азаюынан төмендеуді жалғастыра береді.

Елдің ұлттық және халықаралық деңгейдегі инвестициялық тартымдылығын бағалау контекстінде баса назар аударылатын тікелей шетелдік инвестициялар – Қазақстанның халықаралық инвестициялық ынтымақтастық етуінің жалғыз және кейбір жағдайларда негізгі түрі де болып табылмайды. Қазақстанның әлемнің қалған бөлігімен халықаралық инвестициялық алмасуындағы ағымдағы жағдай халықаралық инвестициялық позицияның статистикасында көрініс береді, ол 2018 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша келесідей болды (1-кесте).

1-кестеде келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, Қазақстанға шетелдік инвестициялардың негізгі көлемі тікелей инвестицияларға (72,4%) тиесілі, екінші орынды басқа инвестициялар (18,7%) және үшінші орынды портфельдік инвестициялар (8,8%) иеленеді.

**1-кесте. 2018 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша
Қазақстанның халықаралық инвестициялық
позициясы, млн. АҚШ доллары²¹**

	Активтер	Міндеттемелер
Барлығы	165 759,3	225 328,5
Тікелей инвестициялар	31 191,9	163 357,4
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардың пайлары/акциялары	24 764,6	59 771,2
Борыштық құрал	6 427,2	103586,2
Портфельдік инвестициялар	62 465,0	19 690,9
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардың пайлары/акциялары	11 843,9	1 030,2
Борыштық бағалы қағаздар	50 621,1	18 660,8
Туынды қаржы құралдары	33,5	85,5
Басқа инвестициялар	41 972,9	42 194,7
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1 248,1	20,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	15 205,1	760,8
Кредиттер және қарыздар	12 437,8	32 383,4
Сауда кредиттері мен алғытөлемдер	10 032,5	7 720,6
Басқа талаптар	3 049,5	674,6
Резервтік активтер	30 096,1	

Қазақстаннан шетелге инвестициялардың құрылымы өзгеше - ондағы ең жоғары үлес салмағы портфельдік инвестицияларға (37,7%) тиесілі, екінші орынды басқа инвестициялар (25,3%), үшінші орынды тікелей инвестициялар (18,8%) иеленеді, сондай-ақ шетелге қазақстандық салымдар құрылымында оның резервтік активтер (18,1%) сияқты түрі бар.

²¹ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурсы. URL: <http://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 24.10.2018).

Қазақстанға кіретін шетелдік инвестициялардың құрылымын халықаралық инвестициялық ағындардағы елдің позициясы тұрғысынан қарай отырып, олардың басым бөлігі тікелей инвестициялар арасында (оларға 63% тиесілі) да, портфельдік инвестициялар арасында (95%) және басқа инвестициялар арасында да (95%-дан астам) басым болып келетін түрлі борыштық құралдармен ұсынылғанына назар аударуға болады. Осыған байланысты әртүрлі борыштық құралдарға (облигациялар, несиелер, сауда несиелері мен аванстар және т.б.) жіберілетін инвестициялардың халықаралық ағындарындағы Қазақстанның позициясын қарастыру орынды болып табылады. Бұл ретте инвестициялардың осы түрінің ерекшелігі, мысалы, капиталға қатысу құралдарына тікелей инвестициялар сияқты халықаралық ынтымақтастықтың позитивін айтарлықтай айқын сипаттамайтынын ескеру қажет. Мәселен, мемлекеттік қаржы жүйесі ауыртпалығының өсуіне әкелетін егеменді эмитенттер тарапынан борыштық нарықта жоғары белсенділік оң құбылыс болып саналуы мүмкін емес, алайда халықаралық нарықтардағы мұндай белсенділік елге шетелдік инвестициялар ағыны өсуінің салдары болуы мүмкін.

Қазақстанның әлемдік инвестициялық ағындардағы борыштық құралдарға қатысты рөлін анықтау олардың негізгі екі түрінің – несиелер мен бағалы қағаздардың халықаралық статистикасы негізінде мүмкін болады.

Несиелер үшін бұл статистика Joint External Debt Hub – ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Халықаралық есеп айырысу банкі және ЭЫДҰ бірлескен жобасы арқылы жүргізіледі. Сыртқы нарықтар үшін шығарылатын, шетелдік инвесторларға бағдарланған борыштық бағалы қағаздар бойынша және сол елдің облигацияларға инвестициялардың халықаралық ағымындағы позициясын барынша жоғары дәрежеде көрсетеді, статистиканы Халықаралық есеп айырысу банкі жүргізеді (BIS - Bank for International Settlements). Бұл ретте Joint External Debt Hub шеңберінде шоғырланатын несиелер бойынша деректер жоғары уақыттық кешеуілмен (лаг) ерекшеленеді, бірақ соған қарамастан, Қазақстанның әлемдік қарыздар мен несиелер нарығындағы рөлі туралы барабар түсінік береді, олар шетелдік инвестициялардың екінші ірі түрінің – «басқа инвестициялар» статистикасын қалыптастырады. 2-кестеде тиісті әлемдік көрсеткіштерде елдің үлес салмағын көрсететін, аталған көздерден жиналған несиелер, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздардың әлемдік деңгейдегі және Қазақстан үшін әлемдік нарықтардың негізгі параметрлері берілген.

2-кестеде келтірілген деректерге сәйкес Қазақстанның халықаралық қарыздар, сондай-ақ борыштық құралдар нарықтарындағы рөлі аса үлкен емес, бұл әлемдік көрсеткіштердің көпшілігінде елдің шағын үлестік салмағында көрінеді.

2-кесте. Қазақстанның сыртқы қарыздық қаржыландыруды тартудың әлемдік көрсеткіштеріндегі үлес салмағы, егер басқасы көзделмесе, млрд. доллар²²

Сыртқы қарыз: қарыздар мен депозиттер (2014 ж. 4-тоқсаны бойынша) ¹				
	Қарыздар мен депозиттер, барлығы	Экспорттық несиелер	BIS қарыздары	Көп тарапты қарыздар
Әлем	18892,0	968,5	18218,9	502,1
Қазақстан	11,8	1,4	6,6	4,7
Қазақстанның үлесі, %	0,06	0,15	0,04	0,93
Халықаралық борыштық бағалы қағаздар (2018 ж. 1-тоқсан бойынша) ²				
	Барлығы	Қаржылық компаниялар, барлығы	Қаржылық емес корпорациялар	Орталық үкімет
Әлем	24557	17085	376	1918
Қазақстан	28	5	13	9
Қазақстан үлесі, %	0,11	0,03	3,46	0,47


Тартылған қарыздар мен несиелердің жалпы көлемі (0,06%) мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың көлемі бойынша (0,11%) Қазақстанның үлесі тартылатын тікелей шетелдік инвестициялар бойынша ұқсас көрсеткіштен айтарлықтай төмен.

Қарыз нарығының әлемдік көрсеткіштеріндегі елдің төмен үлес салмағы, бір жағынан, қазақстандық қарыз алушылардың осы нарықта қатысуын арттыру

²² Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: Debt Instruments. Joint External Debt Hub (JEDH). URL: <http://www.jedh.org> (қараған күні: 1.11.2018); Summary of debt securities outstanding by residence and sector of issuer, amounts outstanding at end-March 2018. BIS Statistics. BIS website. URL: <http://stats.bis.org/statx/srs/table/c1> (қараған күні: 1.11.2018).

үшін мүмкіндік қалдырады, бірақ, екінші жағынан, ол ағымдағы жағдайларда экономикаға борыштық жүктемесінің одан әрі өсуі, әсіресе мемлекеттік сектор үшін аса қолайсыз екенін ескере отырып, оң құбылыс болып табылады.

Қазақстанға тартылатын шетелдік инвестициялардың үшінші негізгі компоненті портфельдік инвестициялар болып табылады. Инвестициялардың бұл түрі Ұлттық қор нарығының әлсіз дамуына, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздар эмиссиясының салыстырмалы төмен деңгейіне байланысты шетелдік қаржыландыруды тартуда айтарлықтай рөл атқармайды. Бұл ретте, Қазақстанның ерекшелігі шетелге салынатын портфельдік инвестициялар көлемінің олардың шетелден келген ағынынан асып түсуі болып табылады. 2018 жылдың бірінші жарты жылдығы қорытындысы бойынша шетелге жинақталған портфельдік инвестициялар (62,5 млрд. АҚШ доллары) елге жинақталған шетелдік портфельдік инвестициялар көлемінен 3,2 асып түседі (19,7 млрд.), бұл, ең алдымен, мемлекеттік институттар – Ұлттық қордың және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) шетелге ірі салымдарымен түсіндіріледі. Тартылатын портфельдік инвестициялардың төмен көлемінің және аталған институттардың ауқымды шетелдік салымдарының үйлесімі халықаралық салыстырулар кезінде портфельдік шетелдік инвестициялардың таза ағыны көлемінің төмендеуіне себеп болды. (6-сурет).



6-сурет. 1995-2017 жж. әлемдегі және Қазақстандағы портфельдік инвестициялардың таза ағыны көлемінің динамикасы, млн. АҚШ доллары²³

Сондай-ақ, Қазақстанға портфельдік инвестициялар ағындары әлемдік үрдістермен жиі қарсы фазада тұруына назар аудару керек - егер портфельдік инвестициялардың нетто-ағыны әлемдік көлемі 2008, 2010-11 жылдары максимумға жетсе, Қазақстанда осы кезеңде шетелдік портфельдік инвестициялардың нетто-кетуі байқалды. Бұл құбылыс, ең алдымен, аса ірі мемлекеттік институттардың, әсіресе мұнай бағасы жоғары болған кезеңде жылдам толығын Ұлттық қордың жоғары инвестициялық белсенділігімен байланысты (бұл

²³ Дүниежүзілік банктің деректері бойынша құрылды: Portfolio Investment, net (BoP, current US\$). The World Bank/ Data. The World Bank website. URL: <https://data.worldbank.org/indicator/BN.KLT.PTXL.CD?view=chart> (қапаған күні: 24.10.2018).

институттың шамамен барлық қаражаты валюталық активтерде сақталады), бұл шетелге портфельдік инвестициялардың артуына жетелейді. Бұл ерекшелік, нашар дамыған қор нарығы салдарынан Қазақстанға портфельдік инвестициялардың төмен ағынымен қатар, портфельдік инвестициялардың халықаралық ағындарындағы мемлекет рөлінің төмендеуіне себеп болады.

Мәселен, 2017 жылы акцияларға портфельдік инвестициялардың таза ағыны барлығы 21,9 млн. долларды құрады және Қазақстан осы көрсеткіш бойынша әлемде 55-ші орынды иеленді.²⁴ 105 экономикалар бойынша орташа көрсеткіш 11681 млн. долларды құрады, яғни, қазақстандық көрсеткіш орташадан 533 есе аз болды, ал оның әлемдік көрсеткіштегі үлес салмағы (1226,6 млрд.) 0,002% көлемінде болды. Бұл параметрлер қазақстандық акциялар нарығының даму деңгейімен және оның әлемдік қор нарығы жүйесіндегі орнымен үйлеседі. Егер әлемдік акциялар нарығын капиталдандыру 2017 жылы 79121 млрд. долларды²⁵ құраған болса, онда Қазақстан нарығының акцияларын капиталдандыру осы жылдың соңында 17,1 трлн. теңге²⁶

²⁴ Portfolio investment inflows, equities - country rankings. TheGlobalEconomy.com. URL: https://www.theglobaleconomy.com/rankings/Portfolio_investment_inflows/ (қапаған күні: 24.10.2018).

²⁵ Market capitalization of listed domestic companies (current US\$). The World Bank/Data. The World Bank website. URL: <https://data.worldbank.org/indicator/CM.MKT.LCAP.CD> (қапаған күні: 24.10.2018).


²⁶ Қазақстан қор биржасы. 2018 жылғы 1 қаңтардағы үлгі презентация. Қазақстан қор биржасының веб-сайты. URL: http://kase.kz/files/presentations/ru/18_01_01_KASE_ru.pdf

немесе 48,1 млрд. АҚШ долларын құрайды, бұл әлемдік көрсеткіштің 0,06% мөлшеріне сәйкес келеді.

Қазақстанның әлемдік инвестициялық ағындардағы рөлін қарастыра отырып, портфельдік инвестициялар бойынша оң таза инвестициялық позицияны қалыптастырудың жоғарыда аталған мемлекеттік факторына тоқталмауға болмайды. 42 млрд. доллардан астам көлемдегі бұл позиция, Қазақстаннан шетелге жіберілетін портфельдік инвестициялардан құралған 62,5 млрд. доллар көлеміндегі сома, 30,1 млрд. доллар көлеміндегі резервтік активтермен қатар елден шетелге жинақталған инвестициялардың негізгі массивін қалыптастырады. Тиісті статистикада негізінен әртүрлі егемен институттар – Ұлттық банк (резервтік активтер бөлігінде), көлемі 2018 жылдың екінші тоқсаны бойынша 58 млрд. доллар болған Ұлттық қор, БЖЗҚ, мемлекеттік және квазимемлекеттік корпоративтік сектордың шетелдегі инвестициялық қызметі көрсетіледі. Негізінен портфельдік инвестициялар түрінде шетелдік қаржы нарықтарының түрлі активтеріне салынатын осы институттардың қаражаты әлемдік инвестициялық ағындардың бір бөлігі болып табылады және осы тұрғыда назар аударуға тұрарлық.

Осындай құралдардың бірі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері болып табылады, олардың басым бөлігі шетелдік қаржы нарықтарының төмен тәуекелдік активтеріне (негізінен, жоғары кредиттік рейтингі бар мемлекеттік бағалы қағаздарға)

инвестицияланады. Халықаралық инвестициялық ағындарды қалыптастыруға қатысатын осы резервтердің валюталық бөлігі көлемінің динамикасы (сондай-ақ алтында орналастырылған резервтердің едәуір және тез өсіп келе жатқан бөлігі бар) 7-суреттегі диаграммада берілген. Бұл резервтердің 2018 жылдың екінші тоқсаны бойынша 11,5 трлн. АҚШ долларын құраған көлемі және олардың әлемдік резервтердегі үлес салмағы үдемелі түрде төмендеп келеді.



7-сурет. ҚР Ұлттық Банкі халықаралық резервтерінің валюталық бөлігі көлемінің және оның әлемдік валюта резервтеріндегі үлесінің динамикасы²⁷

²⁷ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: ҚР Ұлттық қорының халықаралық резервтері мен активтері. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: [http://nationalbank.kz/?finalDate=5.12.1994&finalDate2=25.12.2018&dates="+Ввести+информацию&tab_id=15&lang=rus&docid=285&ch_date=on&switch=russian](http://nationalbank.kz/?finalDate=5.12.1994&finalDate2=25.12.2018&dates=) (қараған күні: 12.11.2018); Currency Composition of Foreign Exchange Reserves. International Monetary Fund. URL: <http://data.imf.org/?sk=E6A5F467-C14B-4AA8-9F6D-5A09EC4E62A4> (қараған күні: 12.11.2018).

Абсолют мәнде 2010 жылы максимумға қол жеткізілді және 25,2 млрд. долларды құрады, одан кейін резервтердің валюталық бөлігінің қысқаруы басталды (резервтердің жалпы көлемінің алтыннан тұратын бөлігі есебімен шекті мәні 2011 жылғы сәуірде тіркелді). Қазақстанның валюта резервтерінің әлемдік көлеміндегі үлес салмағы одан да ерте, 2007 жылдан бастап төмендей бастады және қазіргі уақытта 2006 жылдағы ең жоғарғы мәнімен (0,34%) салыстырғанда екі еседен аса қысқарды. Ішінара бұл үрдіс 2006-2013 жылдары валюталық резервтердің әлемдік көлемінің озыңқы өсуімен байланысты, бірақ оған соңғы жылдары ол әлемдік резервтердің өзгермей келе жатқан көлемі аясында қазақстандық көрсеткіштің қысқаруы да себеп болды. Әлемдік валюта резервтеріндегі Қазақстанның үлесінің қысқаруының басқа факторы Ұлттық Банктің валютадан алтынға резервтік активтерді реаллокациялау болды - егер 2006 жылы оның жалпы резервтердегі үлесі 7,2%-ды құраса, онда 2018 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша ол 43%-ға дейін өсті, бұл резервтердің валюталық бөлігі көлемінің салыстырмалы азаюына алып келді. Қалай болғанда да, Ұлттық банктің халықаралық резервтері Қазақстаннан шығатын портфельдік инвестицияларды арттырудың факторы болуын тоқтатты.

Сонымен бірге, валюталық резервтердің де, сондай-ақ Қазақстаннан тәуелсіз портфельдік инвестициялардың басқа да параметрлерінің үлес салмағы әлемдік ЖІӨ-дегі елдің үлесіне жақын немесе одан асатын деңгейлерде

болады, сондықтан мемлекеттік активтердің әлемдік инвестициялық процесте барабар рөл атқаратыны туралы қорытынды жасауға болады, оны 3-кестеде келтірілген деректер растайды.

3-кесте. Қазақстанның шетелдік портфельдік инвестициялар нарығындағы егемен белсенділігін сипаттайтын әлемдік көрсеткіштердегі позициялары²⁸

	Валюталық резервтер	Егемен қорлардың активтері	АҚШ қазынашылық міндеттемелеріне салымдар
Әлем, млрд. доллар	11482,4	8109	6287
Қазақстан, млрд. доллар	17,2	58	12,5
Әлемдік көрсеткіштердегі Қазақстанның үлесі, %	0,15	0,72	0,2

Қазақстанның әлемдік валюта резервтері, егеменді қорлардың жиынтық активтері, сондай-ақ әлемнің негізгі резервтік активі - АҚШ қазынашылық міндеттемелеріне салынған инвестициядағы үлес салмағы – айтарлықтай үлкен. Бұл көрсеткіштер Қазақстаннан шетел инвестицияларының басқа түрлерімен салыстырғанда едәуір жоғары мәндерді

²⁸ Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: Currency Composition of Foreign Exchange Reserves. International Monetary Fund. URL: <http://data.imf.org/?sk=E6A5F467-C14B-4AA8-9F6D-5A09EC4E62A4> (қараған күні: 12.11.2018); U.S. Treasury Securities Held by Foreign Residents 1/ in August 2018/ Securities (B): Portfolio Holdings of U.S. and Foreign Securities. U.S. DEPARTMENT OF THE TREASURY website. URL: <http://ticdata.treasury.gov/Publish/slt3d.txt> (қараған күні: 12.11.2018); ҚР Ұлттық қорының халықаралық резервтері мен активтері. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: [http://nationalbank.kz/?finalDate=5.12.1994&finalDate2=25.12.2018&dates="+Вывести+информацию&tab_id=15&lang=rus&docid=285&ch_date=on&switch=russian](http://nationalbank.kz/?finalDate=5.12.1994&finalDate2=25.12.2018&dates=) (қараған күні: 12.11.2018); Sovereign Wealth Fund Rankings. Sovereign Wealth Fund Institute. URL: <https://www.swfinstitute.org/sovereign-wealth-fund-rankings/> (қараған күні: 12.11.2018).

көрсетеді және бірқатар жағдайларда әлемнің ірі экономикаларымен, атап айтқанда АҚШ-пен екіжақты инвестициялық ынтымақтастықта, оң инвестициялық позицияны қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер соңғы жылдары шикізатқа әлемдік бағалардың төмендеуінің және елге экспорттық түсімдердің қысқаруының салдары болып табылатын төмен үрдісті көрсетеді, бұл халықаралық резервтердің де, Ұлттық қор көлемінің де азаюына себепші болды. Мәселен, егер 2012 жылдың қорытындысы бойынша әлемнің егеменді қорлары активтерінің жиынтық көлеміндегі Ұлттық қордың үлесі 1,1%-ды құраса (қазақстандық қордың көлемі - 57,9 млрд. доллар және әлемдік көрсеткіш - 5198 млрд. доллар) қазіргі уақытта ол 0,7%-ға дейін қысқарды.

Халықаралық инвестициялық ағындардағы Қазақстанның ахуалымен байланысты жағдайды шолуды аяқтай келе, келесідей қорытынды жасауға болады:

- Қазақстан шетелдік қаржыландырудың жекелеген түрлерін, ең алдымен тікелей инвестицияларды және қарыз қаражатының жекелеген түрлерін тартуда мықты позицияға ие, бұл елдің тиісті көрсеткіштердегі үлес салмағының әлемдік экономикадағы оның үлесімен салыстырғанда неғұрлым жоғары мәндерінде көрінеді;

- бұл позициялар алдыңғы он жылдықтың ішінде басым түрде пысықталды, ал соңғы бірнеше жылда ТШИ тарту процесінде стагнация және тіпті

құлдырау байқалады, бұл Қазақстанның жинақталған инвестициялардың әлемдік көрсеткіштеріндегі ел үлесінің қысқаруынан, сондай-ақ олардың түсімінен көрінетін әлемдік инвестициялық процестегі позициялардың біртіндеп жоғалуына себеп болады;

- Қазақстаннан шет мемлекеттердегі инвестициялар елдің экономикалық әлеуетіне, әсіресе тікелей инвестициялау бөлігінде – шетелге жинақталған ТШИ үлесі әлемдік ЖІӨ-дегі Қазақстанның үлес салмағынан бірнеше есе төмен;

- әлемдік қаржы ағындарына қазақстандық инвестициялардың барынша айқын болуы Ұлттық қордың активтері, валюталық резервтерді орналастыру, сондай-ақ БЖЗҚ және мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының қаражатын инвестициялау есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік портфельдік инвестицияларда көрініс табады;

- соңғы жылдары портфельдік инвестициялардың әлемдік ағымындағы Қазақстанның үлес салмағының қысқару үрдісі тиісті институттардағы қаражат көлемінің қысқаруы салдарынан егеменді инвестициялар саласында да байқалады;

- Қазақстанның әлемдік инвестициялық кеңістікке қатысуы және оның халықаралық инвестициялық ағындардағы үлес салмағы тауар нарықтары конъюктурасымен және шикізат бағаларымен тығыз байланысқан, олар елге шетелдік инвестициялар ағыны


динамикасына да, мемлекеттік институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен шет мемлекеттерге қазақстандық инвестицияларға да себеп болады; инвестициялық ағындардың халықаралық жүйесіндегі Қазақстанның рөлі мен орнын өзгерту әлеуеті елден экспортталатын шикізат бағасының динамикасымен де іс жүзінде толық белгіленетін болады.

3. ЕО, АҚШ, ҚХР және Ресейден Қазақстанға инвестициялар - үрдістер мен ерекшеліктер

Қазақстанға тартылатын шетелдік инвестициялардың географиясы әртүрлі – әлемнің АҚШ және ҚХР, көршілес Ресей сияқты ірі экономикаларымен қатар жинақталған салымдардың көлемі бойынша көшбасшылар арасында оффшорлық аумақтар мен аумақтық алыс орналасқан мемлекеттер бар, бұл ел экономикасына деген кең қызығушылықты растайды (1-сурет). Сонымен қатар, Қазақстанға шетелдік инвестициялар елдік шоғырланудың өте жоғары деңгейімен ерекшеленеді – инвестициялық серіктестердің бірінші бестігіне жинақталған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 70%-ы тиесілі.

Осы көрсеткіш бойынша Еуропалық одаққа кіретін мемлекеттер сөзсіз көшбасшы болып табылады. Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің жартысы инвестициялау көлемі бойынша көшбасшылар арасында (Нидерланд, Ұлыбритания, Франция, Люксембург және Германия) ұсынылған ЕО-ның бес еліне ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес, Еуропалық одақ ТШИ ағыны көлемдері бойынша сөзсіз көшбасшы болып табылады.



1-сурет. 2019 ж. 01 сәуірдегі жағдайға сәйкес Қазақстанға жинақталған инвестициялардың барлық түрлері бойынша 1 млрд. доллардан астам көлемі бар елдер, млн. АҚШ доллары²⁹

Еуропалық одақ

Сонымен, 2018 жылы ЕО-ның 28 мемлекетінен жалпы ТШИ ағыны 11,6 млрд. долларды құрады³⁰, бұл олардың жалпы көлемінің 47,9% бөлігіне сәйкес келеді. Барлық түрдегі жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінде ЕО елдерінің үлесі 2018

²⁹ 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдайға сәйкес елдер бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы// Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 13.09.2019).

³⁰ Елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны// Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурсы. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 18.09.2019).


жылдың қорытындысы бойынша 51,9% құрады, тікелей шетелдік инвестициялар үшін бұл көрсеткіш 55,7% деңгейінде қалыптасты (1-кесте). Сондай-ақ, ЕО елдеріне Қазақстаннан шетелге жинақталған тікелей инвестициялардың 72%-дан астам көлемі тиесілі екенін атап өтуге болады, бұл Қазақстанның халықаралық инвестициялық ынтымақтастығы үшін еуропалық вектордың басымдылығын растайды.

1-кесте. 2018 жылдың соңына Қазақстанның ЕО елдерімен инвестициялық ынтымақтастығы жай-күйінің негізгі параметрлері, егер өзгесі көзделмесе, млрд. доллар³¹

	Қазақстанға шетелдік инвестициялар, барлығы	Қазақстанға тікелей инвестициялар	Қазақстаннан тікелей инвестициялар
Барлығы	219,2	160,4	27,8
ЕО инвестициялары	113,7	89,3	20,2
ТШИ жалпы көлемінде ЕО үлесі, %	51,9	55,7	72,7

Қазақстанның ЕО-мен инвестициялық және сауда ынтымақтастығы рөлін қарастыра отырып, осы процестердің ағымдағы жай-күйін ғана емес, сондай-ақ үрдістерді де бағалау қажет. Егер еуропалық бағытта инвестициялар тарту саласындағы соңғы жылдардың үрдістерін қарайтын болсақ, онда оларды бір мағыналы емес деп сипаттауға болады (1-сурет).

³¹ 2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайға сәйкес елдер бойынша салымдар бағытының тікелей инвестициялар бойынша нетто-позицияның жай-күйі// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 18.03.2017).



1-сурет. 2005-2018 жылдары ЕО-дан Қазақстанға ТШИ жыл сайынғы жалпы ағыны көлемі мен үлесінің салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көзделмесе, млн. АҚШ доллары³²

Еуропалық Одақ елдерінен тікелей инвестициялар ағынының үрдісі соңғы жылдары жылдық көлемдердің тұрақты төмендегенін көрсетеді - 2012 жылдан 2015 жылға дейін олар 14,4-тен 8,4 млрд. долларға дейін (42%-ға) қысқарды және одан кейін бұл көрсеткіш көтерілсе де, ол 2011-12 жылдардың максимумдарына қарағанда едәуір төмен деңгейде қалып отыр. Бұл ретте

³² ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны//Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019).

еуропалық инвестициялардың үлесі 47-55% интервалда ауытқиды, бірақ соңғы жылдары көбінесе 50%-дан төмен деңгейде болады, бұл Қазақстанда жинақталған ТШИ жалпы көлеміндегі ЕО үлесінің біртіндеп қысқаруына себеп болды.

Қазақстанға ТШИ ағыны өсуі де, төмендеуі де, оның ішінде еуропадан шығатын бөлігіне қатысты, көбінесе қазақстандық экономиканың шикізаттық бағдарлануы және шетелдік инвестицияларды жұмсаудың тиісті салаларымен түсіндіріледі. Қазақстанға инвестициялар бойынша көшбасшы болып табылатын үш еуропалық мемлекет – Нидерланд, Ұлыбритания және Франция, олар жалпы алғанда 110 млрд. доллар жинақталған ТШИ көлемін құрайды (тиісінше 68,9 млрд., 27 млрд. және 13,6 млрд. АҚШ доллары),³³ олар инвестицияларды негізінен геологиялық барлау және тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асырды. Инвестициялар көлемі аталған екі қызмет түріне келесідей бөлінді: Нидерланд елінің инвестициясы – шамамен 83%, британдық инвестициялар – шамамен 41%, француз инвестициялары – шамамен 93%. Өндіруші салалардағы еуропалық инвестициялардың осындай жоғары шоғырлануы инвестициялар статистикасының мұнай өнеркәсібі мен металлургиядағы ахуалға қатты тәуелділігін білдіреді, ол өз кезегінде әлемдік тауар


³³ Экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлінген 10 ірі инвестор ел алдындағы Қазақстан резиденттерінің сыртқы міндеттемелері / Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 27.03.2017).

нарықтарындағы бағалармен тікелей байланысты. Бұл бағалардың, әсіресе мұнай бағасының төмендеуі 2014-16 жылдары өндіруші сала кәсіпорындары кірістерінің күрт қысқаруына алып келді, ал тікелей инвестициялар статистикасында қайта инвестицияланған кірістер мен бөлінбеген пайда көрініс беретін болғандықтан, 2015-16 жылдары мұнай саласы кірістерінің азаюы инвестициялар көлемінің тиісті төмендеуіне алып келді.

Инвестициялық ынтымақтастықтың қазақстандық экономиканы жаңғыртуға әсері және оған негізделген әлеуметтік прогресс контекстінде Еуропа инвестицияларының Қазақстан үшін басым өңдеуші өнеркәсіптің прогрессивті салаларын дамытудағы рөлі қазіргі әлеуетінен неғұрлым қарапайым екенін атап өтуге болады – Еуроодақ (Нидерланд, Ұлыбритания және Франция) инвестициялар саласындағы жетекші үш мемлекетінен өңдеуші өнеркәсіпке салынған инвестициялардың жиынтық көлемі шамамен 5,3 млрд. долларды құрайды, яғни, инвестицияларының жалпы көлемінің шамамен 5% үлесі.

Инвестициялық ынтымақтастықтың сипатын айқындайтын басқа аспектісі олардың түрлері бойынша құрылымы болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикасында шетелдік инвестициялардың төрт түрі ерекшеленеді – тікелей, портфельдік, туынды қаржы құралдары (іс жүзінде жоқ) және басқалары (инвестициялардың осы түрінде негізінен несиелер мен қарыздардың алуан түрлері көрсетіледі).

Шетел инвестицияларының басым көлемі (79 %) жалпы ЕО елдерінен де, ЕО-ның үш жетекші елінен де тікелей инвестицияларға сәйкес келеді (2-сурет).



2-сурет. ЕО жетекші елдері мен Ресейдің Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестициялар түрлеі бойынша, млн. АҚШ доллары, 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша³⁴

ЕО-дан тікелей шетелдік инвестициялар ағынының жағдайы соңғы жылдары мұнай бағасына жоғары

³⁴ 2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайға сәйкес елдер бойынша салымдар бағытының тікелей инвестициялар бойынша нетто-позицияның жай-күйі// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 18.09.2019).

тәуелділікті көрсетті. ТШИ жалпы ағынының қысқаруы Қазақстанға инвестициялар көлемі жағынан ең ірі алты ел бойынша да, жалпы Еуропалық одақтан инвестициялар көлемі бойынша да байқалды, бұл ретте кейбір елдерде 2015-16 жылдары мұнай бағасының ең қатты төмендеу кезеңінде айтарлықтай қысқарды (2-кесте). Мәселен, 2015 жылы Италиядан ТШИ жалпы ағыны 2012 жылдың деңгейіне қарағанда жиырма еседен артық төмендеді, Ұлыбританиядан – 2008 жылдың ең жоғары мәніне қарағанда шамамен бес есе төмендеді. 2015 жылы ЕО-ның барлық мемлекеттерінен ТШИ жыл сайынғы жалпы ағынының жиынтық көлемі 2012 жылғы ең жоғары деңгейге қарағанда 1,7 есеге қысқарды және мұнай бағасы ең жоғары болған 2011-12 жылдардағы деңгейлерге осы күнге дейін қайтып келген жоқ.

Қазақстанның негізгі жобаларында Еуропалық бизнес: *экономикалық және әлеуметтік әсерлер.*

Еуропалық Инвестициялар көптеген жобаларда іске асырылған, бірақ олардың негізгі бөлігі Қазақстанның ірі жобалары мен компанияларында іске асырылады, олар ұлттық және өңірлік деңгейлерде экономикалық даму мен әлеуметтік прогреске елеулі үлес қосады. Мәселен, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг (ҚПО) сияқты көлемі бойынша екінші орындағы қазақстандық компанияның акционерлік капиталының басым бөлігі италияндық Eni мен голланд-британ Royal Dutch Shell атты ЕО-лық фирмаларға тиесілі (тиісінше 29,25%-дан).

**2-кесте. ЕО жетекші мемлекеттерінен 2005-2016 жж.
Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың
жалпы ағыны, млн. доллар³⁵**

	Бельгия	Ұлыбритания	Германия	Италия	Нидерланд	Франция	ЕО
2005	-5,2	603,7	86,5	325,6	1 944,1	774,9	3943,4
2006	2,8	894,4	164,8	381,6	2 990,7	802,3	5490
2007	5,1	1 154,9	221,3	521,7	3 267,0	1 026,8	8873,7
2008	62,8	1 912,3	353,0	699,4	4 411,5	1 206,5	9212,4
2009	145,0	1 265,2	298,6	685,1	7 470,2	1 351,2	11871,4
2010	422,1	1 098,0	201,9	648,0	7 310,3	1 561,4	11790,7
2011	405,6	1 097,3	404,4	484,7	8 876,0	1 571,3	13359,8
2012	856,6	1 395,7	681,6	866,0	8 692,2	1 168,7	14434
2013	958,2	937,6	425,1	564,0	6 520,9	954,0	11139,1
2014	859,8	747,2	479,9	470,3	6 795,8	837,5	10610,6
2015	693,0	372,2	319,1	34,8	5 736,0	963,6	8458,8
2016	710,6	684,8	249,8	65,4	7 655,5	1 137,3	11460,7
2017	1068,9	533,8	391,3	125,3	5935,2	802,8	9827,4
2018	1049	593,1	400,5	216,2	7349,8	916,1	11646,6

Сондай-ақ бұл жобаға 13,5% акциямен ресейлік ЛУКойл да қатысады.³⁶ Бұл компания қызметінің ауқымын Қарашығанақ кен орнын игерудегі инвестицияның жиынтық көлемінің 20 миллиард доллардан асып кету фактісін растайды.³⁷

Қашаған және Солтүстік Каспийдің қазақстандық секторының басқа да мұнай кен орындарын игерумен

³⁵ Елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны//Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 18.09.2019).

³⁶ Серіктес компаниялар/ /Компания туралы. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/o-kompanii/partnery-po-proektu.html> (қараған күні: 02.05.2017).

³⁷ Компания туралы. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/o-kompanii.html> (қараған күні: 06.05.2017).

айналысатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани (NCOC – North Caspian Operating Company) басқа ірі мұнай консорциумына да Eni, Total, Shell сияқты ірі мұнай компанияларының атынан еуропалық бизнес кеңінен қатысады, олардың әрқайсысы жобаға 16,8%-дан қатысады, яғни еуропалық бизнес осы мега жобаның басым бөлігін (50,4%) қамтиды. Бұл консорциумға АҚШ (ExxonMobil), Қытай (CNPC), Жапония (Inpex) мұнай компаниялары, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» қазақстандық ұлттық мұнай компаниясы қатысады.³⁸ Дегенмен, соңғы қатысушы Нидерланд елінде тіркелген ҚМГ Қашаған Б.В. еншілес компаниясы болып табылады, сондықтан ресми түрде ЕО-ны (Қытайлық CNPC сияқты) білдіреді және Қазақстанда іс жүзінде қазақстандық немесе өзге еуропалық емес шығу тегі бар номиналды голланд инвестицияларының болуына тән үрдісті білдіреді.

Соңғы ерекшелікке қарамастан, соңғы онжылдықтың ірі жобаларына еуропалық бизнестің нақты қатысуы айтарлықтай маңызды болды. Бұл қатысу инвестициялар ағынының макроэкономикалық көрсеткіштерінде ғана емес, сондай-ақ ірі бизнестің қызметін сүйемелдейтін нақты жобаларда, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы жобаларда да көрінеді. Қазақстанның шикізат секторындағы негізгі жобалар, оның ішінде еуропалық және ресейлік бизнестің

³⁸ Солтүстік Каспий жобасы. PSA website ЖШС. URL: <http://www.psa.kz/about/history/> (қараған күні: 06.05.2017).

қатысуымен екі ірі жоба өнімді бөлісу туралы келісімдер шеңберінде жүргізілуде. Бұл келісімдерде кен орындарын игерумен айналысатын консорциумдардың әлеуметтік міндеттемелері де жиі айтылады, бұл көп жағдайда олардың қызметі жүргізіліп жатқан аумақтарды дамытуға елеулі үлес қосуына себеп болады. Жалпы алғанда, мұндай келісімдер негізгі үш бағыт бойынша әлеуметтік прогреске оң әсерін тигізеді: жұмыс орындарын құру және персоналдың біліктілігін арттыру есебінен еңбек нарығын дамыту, оның ішінде салада пайдаланылатын прогрессивті шетелдік технологияларды оқыту; халықаралық компаниялар өз қызметіне қатысты өңірлердің түрлі салаларын дамытуға көмек көрсететін «әлеуметтік жауапкершілік» деп аталатын бағдарламалар; қазақстандық қамтуды арттыру бағдарламалары шеңберінде қазақстандық өнім беруші компанияларды тапсырыстар және мердігерлікпен қамтамасыз ету.

Осы үш бағытта Еуропалық капиталдың басым қатысуымен Қазақстанның екі ірі энергетикалық консорциумының қызметі әлеуметтік прогреске, әсіресе өңірлік деңгейде айтарлықтай үлес қосады. Атап айтқанда, ҚПО компаниясы (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг) Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Қазақстандық қамтуды дамыту Бағдарламасын енгізді, оны іске асыру басталғаннан бері 2001 жылы деректер қорында шамамен 3800 жергілікті өнім беруші тіркелді. Соңғы жылдары ҚПО шығындарының

жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі 47-50%-ды құрады, 2015 жылы бұл көрсеткіш 48,8% болды (581 млн. АҚШ доллары).³⁹ Сондай-ақ, ҚПО басқа да ірі жер қойнауын пайдаланушылар сияқты Ақтау декларациясы шеңберінде қазақстандық қамтуды арттыру бағдарламаларын дамытуды жалғастыруда. Бұл бірлескен іс-қимылдар туралы декларацияға 2012 жылы ұлттық өндірісті дамыту жөніндегі компаниялар, инвесторлар және мемлекеттік органдардың жекелеген бағдарламаларын бірыңғай жүйеге біріктіру мақсатында Қазақстанның үш ірі мұнай-газ операторлары кол қойды. 2015 жылы бұл бастаманың қатысушылары – Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани, ҚПО және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өнім берушілердің бірыңғай дерекқорына қойылатын техникалық талаптарды өзара келісе отырып, бірлескен жұмысты жалғастырды және барлық қатысушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті өнім берушілерге арналған негізгі порталға айналуға тиіс «Алаш» деректер базасын нәтижелі құрды.

Тікелей әлеуметтік әсері бар ҚПО компаниясы қызметінің басқа маңызды бағыты қазақстандық кадрларды тарту және жұмыспен қамтуды арттыру болып табылады. Компанияда жалпы жұмыспен қамтылған қызметкерлер санымен қатар, қазақстандық қызметкерлер саны бойынша да оң динамика байқалады.

³⁹ Қазақстандық қамту. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/ustoichivoe-razvitiie/kazakhstanskoe-soderzhanie.html> (қараған күні: 07.05.2017).

2012 жылдан бастап 2015 жылға дейін компанияның жергілікті қызметкерлер саны 3769 адамнан 4086 адамға дейін (8,4%-ға) өсті. ҚПО персоналының 97,7% бөлігі қамтылған Батыс Қазақстан облысында компания қызметкерлерінің саны 2015 жылы жалпы жұмыспен қамтылған халықтың 1,3% бөлігін, өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың 14,2%, тау-кен қазу өнеркәсібінде жұмыспен қамтылғандардың 61% бөлігін құрады.⁴⁰ Осылайша, ҚПО Батыс Қазақстан облысының барлық экономикалық және әлеуметтік процестер кешеніне тиісті әсер ететін тұтас өңір үшін іс жүзінде «сала құрушы» компания болып табылады.

Қазақстандық қамту бағдарламасын дамыту шеңберінде қазақстандық мердігерлерді жұмыспен қамту факторы мен жүктемені арттырудан басқа, ірі жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің әлеуметтік аспектісі «жергілікті қоғамдастықтар мен Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы» турасындағы түрлі бағдарламаларда көрініс береді. Атап айтқанда, ҚПО компаниясы осындай бағдарламалар шеңберінде әлеуметтік инфрақұрылымды қолдау, халыққа жағымсыз әсерді төмендету және жергілікті халықпен ынтымақтастық ету сияқты бағыттар бойынша

⁴⁰ Келесі көздерден алынған деректер бойынша есептелді: персоналды дамыту. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/ustoichivoegazvitie/razvitie-personala.html> (қараған күні: 07.05.2017); Экономикалық қызмет түрлері және аймақтар бойынша 2010-2016 жж. жұмыспен қамтылған халық / Еңбек. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті. URL: http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalld/homeNumbersLabor?_afLoop=23327212870288982#%40%3F_afLoop%3D23327212870288982%26_adf.ctrl-state%3D1ae8xnihv_50 (қараған күні: 07.07.2017).

бірқатар элеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады.⁴¹ Осы бағыттардың алғашқысы шеңберінде Компания Батыс Қазақстан облысындағы элеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жыл сайын 10 млн. доллар бөледі. Қазақстан Республикасының уәкілетті органы мен ҚПО бас компаниялары құрған Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитет 2009 жылы жыл сайын бөлінетін соманы аталған жылдан бастап 10 миллионнан 20 миллион долларға дейін көбейту туралы шешім қабылдады. 2008 және 2009 жылдары Ақсай қ. бірқатар жобаны іске асыру үшін арнайы 10 млн. доллардан қосымша бөлінді. 2016 жылдың басында өңірдегі элеуметтік инфрақұрылымдық жобаларға ҚПО-ның жалпы инвестиция көлемі 300 млн. доллардан асып кетті. Өнімді бөлу туралы келісім қолданылатын 40 жыл ішінде бұл сома 500 млн. доллардан асады деп күтілуде. Негізінен, бұл қаражат денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің құрылысына жұмсалады. Көптеген жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар, жолдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері салынды. ҚПО жергілікті халықты дамытуға жәрдемдесу шеңберінде жыл сайын жергілікті қоғамдастықтардың мүдделері мен ықтимал элеуметтік тәуекелдерін ескере отырып,

⁴¹ Элеуметтік жауапкершілік. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/ustochivoe-razvitie/socialnaja-otvetstvennost.html> (қараған күні: 08.05.2017).

оларды дамытудың басым бағыттарын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарланған жобаларды іске асырудың қабылданған жоспарын әзірлейді және орындайды. Осы жоспарларды іске асыру жөніндегі қызмет ардагерлерді мейрамдармен құттықтаудан мен халықтың жекелеген санаттарының шипажайда емдетуден бастап, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестициялауға дейін жергілікті халыққа жәрдемдесу бойынша шаралардың кең ауқымын қамтиды, аталмыш шаралар 2015 жылы шамамен 100 мың долларды құрады.⁴²

Басқа ірі мұнайгаз жобаларында, сондай-ақ ЕО мемлекеттері бизнесінің қатысуымен әлеуметтік дамуға үлес қосу да, ұқсас схема бойынша ұйымдастырылады. Мәселен, NCOС қызметі де «кадрларды ұлттандыру» бағдарламасын, қазақстандық қамтуды арттыруды және әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды көздейді. Атап айтқанда, жергілікті қамту үлесін ұлғайту мақсатында 2015-2017 жылдарға арналған жергілікті қамтудың орта мерзімді жоспары әзірленді, 2015 жылы⁴³ өкілетті органның бастамасы бойынша Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері, өкілетті орган және оператор арасында

⁴² Жергілікті халықты дамытуға жәрдемдесу жобалары // Әлеуметтік жауапкершілік. Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. URL: <http://www.kpo.kz/ru/ustochivoe-razvitiye/socialnaja-otvetstvennost/vzaimodeistvie-s-mestnym-naseleniem/proekty-sodeistvija-razvitiyu-mestnogo-naselenija.html> (қараған күні: 08.05.2017).

⁴³ PSA ЖШС, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы №355 қаулысымен азық-түлікті бөлу туралы келісімдерде уәкілетті оорган ретінде айқындалды.

ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумдарға қол қойылды, онда 2015-2019 жылдар ішінде Атырау және Маңғыстау облыстарының әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша қаражат бөлу туралы келісімге қол жеткізілді. 2014 жылғы Реттеу туралы келісімге сәйкес, Атырау және Маңғыстау облыстары үшін 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін жыл сайын әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға 50 млн. доллар бөлінді. 1998-2016 жылдар аралығында осындай жобаларды іске асыруға барлығы 481 млн доллар бөлінді.⁴⁴

Осылайша, негізгі қатысушылары еуропалық компаниялар болып табылатын Қазақстандағы ірі екі мұнай-газ жобасы шеңберінде ғана олардың әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға салған қаражат көлемі 900 млн. долларды құрады, сондай-ақ қызметті жүргізу аумақтарында әлеуметтік дамуға жәрдемдесудің өзге де бағдарламалары жүзеге асырылды, ал осы жобаларға оператор компаниялар өңірдің жетекші жұмыс берушілері ретінде әрекет етті және өңірлік және ұлттық экономиканың өсуіне, салық базасының кеңеюіне, халықтың жұмыспен қамтылуына және табыстарына ықпал ете отырып, қазақстандық өнім берушілердің тауарлары мен қызметтеріне аса елеулі сұраныс қалыптастырды.

⁴⁴ Солтүстік Каспий жобасы. «PSA» ЖШС. URL: http://www.psa.kz/proektu/?ELEMENT_ID=54 (қараған күні: 08.05.2017).

Әрине, Қазақстанда Еуропалық капиталдың қатысуы мұнай-газ жобаларымен шектелмейді. Әлемге әйгілі, Қазақстанда бизнес жүргізетін еуропалық компаниялардың тізімі өте кең және Heidelberg Cement, KNAUF, Alstom, Italcementi Group, BASF, Polpharma, METRO Cash & Carry, Fosfa, Iveco, Danone, Lactalis, Linde, Carrefour, Tikkurila және т.б. фирмалардан тұрады. Сонымен қатар, еуропалық бизнесті қазақстандық нарыққа табысты енгізудің көптеген мысалдары құрылыс материалдарын өндіру, тамақ өнеркәсібі, бөлшек сауда сияқты екі-үш саламен шектелетінін атап өтуге болады, ал Қазақстан үшін басым өңдеу өнеркәсібінің түрлеріне қатысуы өте шектеулі (тепловоздар өндіретін Alstom) немесе тіпті номиналды сипатқа ие (Eurocopter). Қазақстанда еуропалық инвестициялар салудың басым саласы мұнай-газ өнеркәсібі болып қала береді, бұл алдыңғы бөлімде қаралған инвестициялар статистикасымен де расталады.

Ірі жобаларды іске асырудың проблемалық ошақтарының мысалдары

Қазақстанның еуропалық бағыттағы ынтымақтастық етуінің нақты мысалдарын қарастыра отырып, бұл ынтымақтастықтың кейде белгілі бір кемшіліктерді қамтығанын, ал кейбір салаларда ірі әлемдік компаниялардың келуі түріндегі ілгерілеуі - регресс пен олардың Қазақстан нарығынан кетуіне ұласып жатты. Осындай мысалдардың ең айқын түрлерін

ынтымақтастық етудің негізгі екі саласы көрсетеді – мұнай-газ кен-орындарын игеру және қаржы.

Қазақстан мұнай-газ саласында мемлекеттілік пен экономикалық жүйенің қалыптасуы мен нығаюына қарай ұлттық компанияларды (ең алдымен, «ҚазМұнайГаз») ірі кен орындарының операторлары мен бенефициарлары қатарына қосуға дәйекті түрде қол жеткізді, оларды ерте кезеңдерде шетелдік компаниялардан құралған консорциумдар игеретін болған. 1998 жылы құрылған ОКИОК Батыс мұнай компаниялар консорциумы 2000 жылы ашқан, Қашаған кен орнын игеру тарихы осындай болды. Бұл консорциумға негізінен еуропалық компаниялар - Agip (14,29% үлесімен), British Gas (14,29 %), Exxon Mobil (14,29 %), Shell (14,29 %), TotalFinaElf (14,29 %), BP Amoco (9,5 %), INPEX (7,14), Philips Petroleum (7,14 %), Statoil (4,8 %) кірді. 2004 жылы Қазақстан «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясының консорциум құрамына кіруіне қол жеткізді. Бұл ретте, қолданылған әдіс шетелдік бақылаушылар тарапынан әртүрлі пікірлерді тудырды. Қазақстанды зерттеумен айналысатын АҚШ танымал зерттеушісі М.Б. Олкотт «ҚазМұнайГаз» ҰК консорциум құрамына кіруінің мән-жайын былай деп сипаттайды: «2004 жылы British Gas өзінің 16,7% акциясын сатуға шығарған кезде, «ҚазМұнайГаз» осы үлестің жартысын сатып алу мүмкіндігіне ие болды... Консорциум мүшелері осы үлесті сатып алушыларды іздестіруді бастауға

немесе оны өздері сатып алғанға дейін қазақстандық заң шығарушы орган арқылы стратегиялық мұнай-газ активтерін сату тәртібін айқындайтын жаңа заң шықты, ол «ҚазМұнайГаз» компаниясына осындай жобаларда үлестерді сатып алудың басым құқықты және сатуға қойылған үлестің 50% бөлігін сатып алу мүмкіндігін берді. Сол кездегі консорциум үлестерді қайта сату ережелерінен алынып тасталған жоқ».⁴⁵ 2008 жылы қазақстандық компанияның консорциумдағы үлесі 8,33%-дан 16,81%-ға дейін екі есе өсті. Қазіргі уақытта консорциум мүшелері арасында аты мен құрамын бірнеше рет өзгерткен тоғыз қатысушының бесеуі қалды, ал British Gas⁴⁶, BP Amoco және Statoil сияқты еуропалық қатысушылар жобадан кетті.

Тағы бір алып көмірсутекті кен орны – Қарашығанақты игеруге қатысты ұқсас жағдай орын алды. Қарашығанақ жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен British Gas (32,5% үлестік қатысуымен), Eni (32,5%), Chevron (20%) және «Лукойл» (15%) компаниялары құрамындағы шетелдік компаниялар консорциумы арасында жасалған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) шеңберінде іске асырылады. Келісімге 1997 жылғы 18 қарашада 40 жылдық мерзімге қол қойылды және 1998 жылғы 27 қаңтарда күшіне енді⁴⁷. Бұл жағдайда да Қазақстан

⁴⁵ M.B.Olcott. Kazmunaigaz: Kazakhstan's National Oil and Gas Company. Rice University – March 2007. P. 12.

⁴⁶ Қазіргі уақытта еншілес Shell қатысады.

⁴⁷ Қарашығанақ. «PSA» ЖШС. URL: http://www.psa.kz/proekty/?ELEMENT_ID=55 (қараған күні: 10.05.2017).


консорциумға қатысушылар құрамына «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының кіруіне қол жеткізді, ол құрамға 10%-дық үлеске ие болып 2012 жылғы 1 шілдеде кірді, нәтижесінде жобаның басқа қатысушылардың үлестері тең мөлшерде кеми түсті.

Сонымен қатар Қазақстанда еуропалық ірі қаржылық компаниялардың бизнесті тоқтатуы сияқты жағымсыз үрдіс жайлы айта кетуге болады, олардың қатысуы 2000 жылдарға дейін артып келді де, кейіннен кері процесс басталды. Қазіргі уақытта қазақстандық қаржы нарығынан Allianz (Германия, сақтандыру компаниясы), UNI Credit (итальян банкі), ABN AMRO (голланд банкі), Royal Bank of Scotland, HSBC (британия банкі) сияқты ірі еуропалық қатысушылар кетіп қалды. Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыс істейтін 33 екінші деңгейдегі банктің тек біреуінің ғана еуропалық шығу тегі бар («Банк Хоум Кредит» АҚ еншілес банкі), дегенмен ресми түрде ол Ресей банкінің еншілес ұйымы болып табылады, ол өз кезегінде чехиялық халықаралық банк тобын білдіреді.

АҚШ

АҚШ Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестицияның көлемі бойынша Нидерланд елінен кейінгі мемлекет болып табылады. АҚШ-тан жыл сайынғы ТШИ жалпы ағыны қай кезде де айтарлықтай жоғары деңгейде болды, алайда 2011 жылдан бастап ол абсолютті және салыстырмалы мәндерде үдемелі түрде

ұлғайып келеді (3-сурет). 2018 жыл АҚШ-тан түскен ТШИ абсолюттік көлемі үшін де, оның 22%-ын құраған үлес салмағы бойынша да рекордты болды.



3-сурет. 2005-2018 жылдары АҚШ-тан Қазақстанға ТШИ жыл сайынғы жалпы ағынының көлемі мен үлесінің салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көзделмесе, млн. АҚШ доллары⁴⁸

Тікелей инвестициялар АҚШ-тан келген барлық жинақталған инвестициялардың негізгі көлемін қамтыды – 2019 жылдың бірінші тоқсаны бойынша Қазақстан экономикасына америкалық салымдардың

⁴⁸ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019).

жалпы көлемінің 96,5%-ы соларға тиесілі (34,6 млрд. доллар көлемнен 33,4). Салалық тұрғыда тау-кен өнеркәсібінің үлесі осындай басым болып табылады, оған Қазақстанға жинақталған АҚШ инвестицияларының 94%-дан астамы тиесілі (4-сурет).




**4-сурет. 2019 жылғы 01 сәуірдегі жағдайға сәйкес
АҚШ-тың барлық түрлерінің жинақталған
инвестициясы бойынша салалық құрылымы, %⁴⁹**

Іс жүзінде моносалалық құрылым АҚШ-тан келетін инвестицияларға тән ерекшелік болып табылады, бұл оны сол елдің компаниялары салымдарын Қазақстанға

⁴⁹ Экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлінген 10 ірі инвестор ел алдындағы Қазақстан резиденттерінің сыртқы міндеттемелері / Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 17.09.2019).

инвестор ретінде көшбасшылық позицияларды иеленетін басқа мемлекеттердегі әріптестерінің әрекеттерінен ерекшелейді, Нидерланд, жалпы ЕО, Қытай немесе Ресейдің инвестициялары бір экономикалық қызметке шоғырланудың осындай жоғары дәрежесімен ерекшеленбейді. АҚШ-тан келетін инвестицияларға тән тағы бір ерекшелік бар – инвесторлар алатын табыстың көлемі аса жоғары. Егер АҚШ-тан ТШИ жалпы ағыны бойынша статистикаға назар аударсақ, онда осы көрсеткіштің жылдық көлемдерінің сомасы (47 млрд. АҚШ доллары) 1993 жылдан бастап 2018 жылға дейін жинақталған ТШИ көлемінен айтарлықтай асып түседі (33 млрд. доллар). Бұл АҚШ инвесторлары инвестициялар ағынымен қатар Қазақстаннан инвестициялардың, соның ішінде алынған кіріс ретіндегі елеулі сомаларды шығаруымен байланысты, ал ұзақ уақыт бойында шығарылған кіріс көлемінің өзі ТШИ ағыны көлемдерінен тұрақты түрде асып келеді (5-сурет).

Бұл ретте қазақстандық кәсіпорындардан шетелдік инвесторлар алынатын кірісінің жалпы көлеміндегі АҚШ-тың үлесі барлық елдер арасында барынша жоғары және орта есеппен 40%-ға жуық бөлікті құрайды, бұл ретте Қазақстанның жинақталған шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміндегі АҚШ-тың үлесі (1.04.2019 ж.) небәрі 15,7%-ды, ал ТШИ жалпы көлемінде - 20,6%-ды құрайды.



5-сурет. АҚШ-тан ТШИ ағыны және Америка инвесторларына тиесілі Қазақстанға инвестициялардан түсетін кірістердің салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көзделмесе, млн. доллар⁵⁰

2005 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде АҚШ инвесторлары қазақстандық активтерден түскен кірісті салымдардың жиынтық көлеміне қарағанда екі есе артық алды және осы көрсеткіш бойынша басқа елдердің инвесторларын еселеп басып озды (3-кесте).

⁵⁰ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019); Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторларға төлейтін кірістері// // салу бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019).

3-кесте. 2005-2018 жылдар кезеңінде Қазақстанның жетекші инвестор-елдер бойынша инвесторлар кірісінің жиынтық көлемін және ТШИ жалпы ағынын салыстыру⁵¹

Ел	Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тікелей инвесторларға тікелей инвестициялайтын төлем бойынша кіріс, млрд. доллар	Шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны, жиынтық көлемі, млрд. доллар	Шетелдік инвесторлар кірістері мен ТШИ ағыны жиынтық көлемінің ара қатынасы
АҚШ	72,2	36,3	1,99
Нидерланд	58,2	85,2	0,68
КХР	11,8	17,1	0,69
Ресей	8,5	13,3	0,64
Барлығы	213,8	289,6	0,74

Біздің көзқарасымыз бойынша, америкалық инвестициялардың Қазақстандағы осындай ерекшелігінің себебі АҚШ инвесторларының елге ерте келуі болып табылады, сол кезде олар басым ойыншылар болды және Қазақстанның мұнай-газ кешеніндегі басты позицияларды иеленді. 1993 жылы АҚШ инвестициялары Қазақстандағы ТШИ ағыны жалпы көлемінің 76,1%-ын, 1994 жылы – 62,5%-ын,

⁵¹ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша жасалды: Елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019); Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторларға төлейтін кірістері // Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.09.2019).

90-шы жылдары орта есеппен -36,4%-ын құрады.⁵² Атап айтқанда, сол кезеңде (1993 ж. сәуір айында) америкалық инвесторлар «Шеврон» компаниясы атынан Қазақстанмен бірлескен «Теңізшевройл» кәсіпорнын құрды, ол ірі мұнай өндіруші компания болып табылады және осы уақытқа дейін америкалық инвесторлар үшін жасалған инвестициядан айтарлықтай асып түсетін олардың абсолюттік көлемінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

ҚХР

Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық саладағы ынтымақтастық Қазақстанға Қытай инвестицияларын тарту контексінде дәстүрлі түрде қарастырылады, алайда Қазақстан да ҚХР-ға инвестициялауды жүзеге асырады. Бұл ретте Қазақстаннан ҚХР-ға жинақталған инвестициялар көлемі Қытайдың Қазақстанға салымдарына барабар, алайда 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша олардан кейін қалып тұр, ҚР Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес Қазақстаннан ҚХР-ға жинақталған инвестициялардың барлық түрлері 3916 млн. долларды құрады, ал қытайлық инвестициялар үшін бұл

⁵² Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) төлем балансы бойынша нұсқаулығына сәйкес қалыптастырылған елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялардың жалпы ағыны, 1993 жылғы 5-ші басылым// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қапаған күні: 24.09.2019).

көрсеткіш 15212 млн. доллар деңгейінде қалыптасты.⁵³ Осылайша, ҚХР нетто-позициясы өзара инвестициялау кезінде 10762 млн. доллар шамасында өлшенетін болса да, бұл саладағы ынтымақтастық біржақты болды деуге келмейді.

Сонымен қатар, BRI жобасын іске асыру контекстінде Қазақстанға қытайлық инвестицияларға және осы жобаны іске асыру ҚХР-дан келген инвестициялық ағындардың көлеміне қаншалықты әсер еткеніне баса назар аударған жөн. Абсолюттік мәнде де, олардың үлес салмағында да, сондай-ақ жинақталған инвестициялар көлемінің динамикасында да осы ағындарды талдау Қытайдың Қазақстан инвестициялық алаңындағы рөлінің төмендегені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (4-кесте). Қытай тікелей инвестицияларының Қазақстанға жалпы ағынының көлемі BRI іске асыру кезеңінің басым бөлігінде төмендеп келді, бұл ҚХР-ның Қазақстанға шетелдік инвестицияларының тікелей және жалпы алғанда барлық инвестициялар бөлігінде үлес салмағының төмендеуіне де себеп болды. Егер Жібек жолы экономикалық белдеуінің жобасы жарияланған жылы Қазақстанға ТШИ жалпы ағысындағы ҚХР үлесі 9,3%-ды құраған болса, 2018 жыл бойынша ол 6,1%-ға дейін қысқарды. Сондай-ақ соңғы жылдары ҚХР-ның барлық түрдегі жинақталған шетелдік

⁵³ Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 14.07.2019).

инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 2013 жылғы 9,6%-дан 2018 жылы 6,9%-ға дейін қысқарды.


**4-кесте. Қазақстандағы ҚХР
инвестицияларының динамикасы мен рөлі⁵⁴**

	2013	2014	2015	2016	2017	2018
ҚХР-дан ТШИ жалпы ағыны	2 246,0	1 807,5	833,9	975,2	1 082,5	1 489,4
Қазақстанға ТШИ жалпы ағыны	24 098	23 809	15 368	21 367	20 960	24 276
ҚХР үлесі, %	9,3	7,6	5,4	4,6	5,2	6,1
ҚХР-дан барлық түрдегі жинақталған инвестициялар	20101	18659	15103	15153	15841	15212
Қазақстанға барлық түрдегі жинақталған шетелдік инвестициялар, барлығы	209098	213869	198453	218217	227392	219237
ҚХР үлесі, %	9,6	8,7	7,6	6,9	7,0	6,9

Айта кететін жағдай, ҚХР-дан жинақталған инвестициялар көлемінің төмендеуі жаһандық ауқымда қытайлық инвестициялардың жылдам өсуі аясында болып отыр. Осы кезеңде Қазақстанға қатысты 4-кестеде көрсетілген 2013-2018 жылдар аралығында ҚХР-дан барлық түрдегі жинақталған инвестициялар көлемі әлемде 2 есе – 2106 жылдан бері 4156 млрд. долларға дейін өсті (6-сурет). Әлемдегі қытай инвестицияларының қарқынды өсуі Қазақстанда олардың көлемінің төмендеуімен қатар, Қытай жаһандық инвестициялары «портфеліндегі» Қазақстанның үлес салмағының 2013

⁵⁴ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 12.07.2019); Елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 12.07.2019).

жылғы 1%-дан 2018 жылы 0,37%-ға дейін, яғни 2,5 есе төмендеуіне себеп болды.



6-сурет. ҚХР-дан шетелге жинақталған инвестициялардың барлық түрлері (резервтік активтер есебінсіз), млрд. доллар, ондағы Қазақстанның үлесі⁵⁵

Сондай-ақ, BRI іске асыру кезеңінде Қазақстанға қытай инвестициялары ағынының орташа динамикасы олардың «Белдеу мен Жол бойындағы елдерге» озыңқы өсуі аясында байқалатынын атап өткен жөн: 2018 жылдың нәтижесі бойынша Қытайдан осы елдерге тікелей инвестициялар көлемі 8,9% болды, бұл ретте шетелге

⁵⁵ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қапаған күні: 12.07.2019); China's International Investment Position (annual). The time-series data of International Investment Position of China. State Administration of Foreign Exchange web site. URL: <http://www.safe.gov.cn/en/2018/0928/1459.html> (қапаған күні: 12.07.2019).

қытай инвестицияларының жалпы өсімі 4,2%-ды құрады.⁵⁶ Яғни, Қытай BRI жобасымен қамтылған елдерге айтарлықтай белсенді инвестициялайды, алайда, қазақстандық статистика мәліметтері бойынша, Қазақстанда бұл үрдіс қарама-қарсы сипатқа ие.

Қазақстанға қытайлық инвестициялардың проблематикасын қарастыра отырып, олардың көлемін бағалаудағы елеулі айырмашылықты айтып өтпеуге болмайды. Ұлттық банктің статистикасына сәйкес жоғарыда келтірілген қазақстандық деректер барлық түрдегі жинақталған инвестициялардың (яғни қарыз есебімен) жиынтығын кейінгі жылдары шамамен 15-16 млрд. доллар деңгейінде көрсетеді. Қытай түрлі көздер арқылы – баспасөз және бизнес өкілдерінен бастап мемлекеттің бірінші тұлғаларына дейін - инвестициялар мен кредиттердің көлемін 40-50 млрд. доллар деңгейінде көрсетеді, оның үстіне, әдетте оларды Белдеу және Жол бастамасын іске асырумен және оған Қазақстанның қатысуымен байланыстырып айтады. 2018 жылдың аяғында қытай баспасөзінде былай делінді: «әртүрлі қытай ұйымдары Қазақстан үшін 400 млрд. доллардан астам сомаға дейін несиелендіруді кеңейтті, онысымен Қытайды Қазақстанның коммерциялық қарыздар бөлігіндегі аса ірі кредитор етті»⁵⁷.

⁵⁶ China's ODI in B&R countries rose to 15.64 billion dollars in 2018. Belt & Road Portal, 2019-01-17. URL: <https://eng.yidaiyilu.gov.cn/qwyw/rdxw/77670.htm> (қараған күні: 1.03.2019).

⁵⁷ Xing Xiaojing. Kazakhstan's capital Astana shakes economic funk due to infusion of Chinese investment. Global Times, 25/09/2018. URL: <http://www.globaltimes.cn/content/1120869.shtml> (қараған күні: 14.03.2019).


ҚХР инвестициясы көлемінің қазақстандық және қытайлық бағалауының үш еселік айырмашылығы бірнеше мағына беруі мүмкін. Қытай тарабы Қазақстанға нақты түскен қаражат көлемін емес, қол қойылған келісімдер мен меморандумдарда көрініс тапқан, көп жылдық кезеңге есептелген цифрларды жариялайды, ал Ұлттық Банктің статистикасы қазірдің өзінде түскен қаражаттың нақты көлемін белгілейді. Қытай өкілдері басқа юрисдикция арқылы өткен болса да, нақты Қытай қаражатының көлемін айтады, сондықтан ресми түрде, Қазақстан статистикасында өзге елдің шығу тегі (мысалы, Нидерланд немесе Қазақстандағы кейбір қытай фирмалары бар еншілес компаниялары арқылы әрекет ететін өзге де аумақтар) ретінде көрсетілетіні тағы бір түсіндірме болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, Қазақстанның Қытаймен инвестициялық ынтымақтастығы процесін бағалауда қытай инвестициясының көлемін бағалау айырмашылығы емес, оның осы ынтымақтастықта қолданылатын құралдарға қатысты ерекшелігі аса маңызды аспект болып табылады. Бұл ерекшелік қытайлық инвестициялардың шетелге (соның ішінде, Қазақстанға) айтарлықтай бөлігі тікелей инвестициялармен емес (әдетте, шығында барлық шетелдік инвестициялар теңестіріледі), ал «басқа инвестициялар» бөлімінде статистикамен көрсетілетін әртүрлі қарыз қаражатымен ұсынылуы болып табылады. 2017 жылдың соңында ҚХР-ның шетелдік инвестицияларының осы түріне

шетелге барлық түрдегі жинақталған инвестициялардың жалпы көлемінің 47%-ға жуығы тиесілі болды (резервтік активтерді есептемегенде). Басқаша айтқанда, ҚХР-ның басқа елдермен инвестициялық ынтымақтастығының ерекшелігі тікелей инвестицияларға емес (оларға қытайлық шетелдік салымдардың тек 40%-ы ғана тиесілі), ал сауда кредиттері мен аванстардан бастап олардың борыштық бағалы қағаздарын сатып алуға дейін серіктестерге әртүрлі қарыз қаражатын беруге баса назар аударуды білдіреді.

Қазақстанда қытай капиталының қатысуы осы жалпы тәжірибеден, біздің пікірімізше, жақсы жағына қарай ерекшеленуі қытай инвестицияларының қомақты үлесі – шамамен 60% бөлігі – тікелей инвестициялармен ұсынылуына байланысты болып табылады. Шын мәнінде, әлемдегі Қытай инвестициясындағы ТШИ орташа деңгейімен салыстырғанда осы көрсеткіш Қазақстанда жинақталған барлық елдердің ТШИ үлес салмағынан айтарлықтай төмен (7-сурет). Онымен қоса, Қазақстанда қытайлық инвестициялық қатысу ерекшелігі портфельдік инвестицияларының толықтай жоқ болуынан құралады.


Бұл ретте, BRI жобасын іске асыру кезеңінде Қазақстанға қытайлық инвестициялаудың ілгерілеуін қарастыра отырып, дәл осы кезеңде екпіннің басқа инвестициялардан (яғни, әртүрлі қарыздар) өсуі дәл 2015 жылдан басталған тікелей инвестицияларға ауысуы орын алғанын атап өтуге болады (8-сурет).



7-сурет. Қазақстанға шетелдік инвестициялардың, ҚХР-дан Қазақстанға инвестициялардың және жалпы алғанда 2018 жылы ҚХР-ның шетелге инвестициялардың негізгі түрлерінің салыстырмалы құрылымы, млн. АҚШ доллары⁵⁸

2017 жылы инвестициялардың осы түрі басым болды, ал оның жинақталған қытай инвестицияларының жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2013 жылғы деңгейге (28,2%) қарағанда екі есе ұлғайып, 60,5%-ға жетті.

⁵⁸ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: 2018 ж. төртінші тоқсан бойынша Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 14.07.2019); China's International Investment Position (annual). The time-series data of International Investment Position of China. State Administration of Foreign Exchange web site. URL: <https://eng.yidaiyilu.gov.cn/qyww/rdxw/77670.htm> (қараған күні: 15.07.2019).



8-сурет. 2013-2018 жж. негізгі түрлері бойынша ҚХР-дан жинақталған инвестициялар көлемі, млн. доллар⁵⁹

Осылайша, Белдеу және Жол бастамасын іске асыру кезеңінде Қазақстанға қытайлық инвестициялардың сипаты айтарлықтай өзгерді және ҚХР-ның Қазақстанмен ынтымақтастық етуінің негізгі нысаны «басқа инвестициялар» статистикасында көрініс тапқан түрлі қарыздар емес, тікелей инвестициялар болды. Алайда, Қазақстанға тікелей инвестициялар арасында борыштық құралдар да елеулі үлесті иеленетінін атап өту қажет (барлық елдерден жиналған ТШИ жалпы көлемі

⁵⁹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелген: елдер бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 15.07.2019)

бойынша олардың үлесі 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 63%-дан асты⁶⁰), сондықтан инвестициялар құрылымындағы көрсетілген өзгерістер Қазақстанға тартылатын қытайлық борыштық қаржыландыру дәрежесін толық көлемде көрсетпейді.

Сонымен қатар, BRI шеңберінде қарыздық қаржыландырудың ауқымы мен өсуі әсіресе өзекті. Белдеу және Жол елдерінде қытайлық мүддені іске асыру үшін қолданылуы ықтимал артып келе жатқан берешек тақырыбы өте кең таралған болып табылады және қытай инвестицияларының реципиент-мемлекеттерінің егемендігіне қауіп төндіру тұрғысынан саясаткерлер, сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің ауқымды тобы тарапынан үнемі қозғалып отырады. Осыған байланысты BRI талқылау дискурсында тиісті қатерді белгілеу үшін бірқатар спецификалық терминдер пайда болды, соның ішінде «борыштық тұзақ», «борыштық кітап дипломатиясы» және т.б., олар қазіргі уақытта, ғылыми еңбектерде де қолданыла бастады.⁶¹ Бұл ретте бірқатар зерттеулер жалпы BRI елдерінде қытай кредиттерін шамадан тыс пайдалануды анықтаған жоқ. Осылайша,

⁶⁰ Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыну. Халықаралық инвестициялық позиция. ҚР Ұлттық банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 15.03.2019)


⁶¹ B. N. Kumar. Belt and Road Initiative: A Potential Threat to the Region and Eurasia. New Delhi. Centre For Land Warfare Studies, Issue Brief, August 2018. No. 150. URL: https://www.researchgate.net/publication/327633281_Belt_and_Road_Initiative_A_Potential_Threat_to_the_Region_and_Eurasia; Sam Parker, Gabrielle Chefitz. Debtbook Diplomacy: China's Strategic Leveraging of its Newfound Economic Influence and the Consequences for U.S. Foreign Policy. Belfer Center for Science and International Affairs Harvard Kennedy School. Paper, March 2018. P.1.

J. Hurley, S. Morris және G. Portelance⁶² белгілегендей, «BRI өңірдегі жүйелі борыштық проблеманың себебі болып табылмайды», ал жоба шеңберінде күтілетін қытай инвестицияларының көлемі 8 трлн. АҚШ доллар, ол 20 жылға және бірнеше ондаған елдерге бөлінген, олардың ЖІӨ-нің шамамен 1,5% көлеміне тең болады, бұл олардың инвестицияларға деген қажеттілігінен айтарлықтай төмен. Сонымен қатар, сол сияқты басқа зерттеушілердің көпшілігі де BRI іске асыру салдарынан Қытай алдындағы шамадан тыс берешек тәуекелі дефолт тәуекелі артып келе жатқан шағын және кедей елдерде орын алған деп саналады.

Осыған байланысты сыртқы қарыз статистикасында көрсетілген BRI іске асыру кезеңінде қазақ экономикалық қызмет субъектілерінің Қытай алдындағы берешек көлемінің өзгеруі қызығушылық тудырады (9-сурет).

Бұл жағдайда да Қазақстанның сыртқы борышы жалпы көлемінің 2013 жылдан басталған кезеңмен қатар, 2015-18 жылдары да қысқаруы байқалады. Бұл ретте экономиканың жекелеген секторлары сыртқы борыштың ерекше динамикасын көрсетті – «басқа секторлар» (қаржылық емес компаниялар) барынша қысқарту көрсетті, олардың борыш көлемі 2013 жылдан бастап 2,5 есе қысқарды, сондай-ақ банк секторының қарызы айтарлықтай қысқарды (1,5 есе).

⁶² Sam Parker, Gabrielle Chefitz. Debtbook Diplomacy: China's Strategic Leveraging of its Newfound Economic Influence and the Consequences for U.S. Foreign Policy. Belfer Center for Science and International Affairs Harvard Kennedy School. Paper, March 2018. P.1.



9-сурет. 2013-2018 жж. Қазақстанның Қытайға сыртқы қарызының секторлар бойынша динамикасы, млн. доллар⁶³

Бұл ретте фирмааралық берешек айтарлықтай артты, оның өсуі ҚХР-дан инвестициялар көлемі артқан 2017-18 жылдары тікелей инвестициялардың өсуінің салдары болды (8-сурет), сондай-ақ мемлекет кепілдік берген бұрын болмаған борыш пайда болды және ұлғайып келеді. Бұл ретте, Қазақстанның мемлекеттік секторының Қытай алдында сыртқы борышы жоқ екенін атап кетуге болады.

Осылайша, BRI іске асыру кезеңінде Қазақстанның Қытайға қарызының ұлғаю проблемасы шиеленісінің

⁶³ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Елдер бойынша сыртқы қарыз / Сыртқы қарыз статистикасы. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=346&switch=russian> (қараған күні: 18.07.2019).

азаюымен қоса, өзінің өзектілігін жойды. Сонымен қатар, бұл проблема аталмыш жобаны іске асыруды бастауға дейін де аса өзекті болған жоқ екенін айта кету керек. 2013 жылдың нәтижесі бойынша Қытайға Қазақстанның сыртқы қарызының 10,6%-ы тиесілі болды, ал 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 7,3%-ға дейін төмендеді. Осылайша, Қазақстанда BRI гипотетикалық «борыштық тұзақ» сценарийінің іске асырылу белгілері байқалған жоқ.

Екіжақты инвестициялық ынтымақтастық Қазақстанға қытайлық инвестициялармен шектелмейді, сондай-ақ Қазақстаннан ҚХР-ға инвестицияларын да қамтиды. Бұл жағдайда Қытай статистикасы да қолжетімді, ол қазақстандық статистикадан көлемдері жағынан айтарлықтай ерекшеленеді, бірақ қалыптасқан үрдісті көрсетуде үйлеседі.⁶⁴ Бұл үрдіс BRI жобасын іске асыру кезеңінде ҚХР-дағы қазақстандық ТШИ өсімін көрсетпейді (5-кесте). Олардың ең жоғары ағыны қазақстан және қытай деректері бойынша 2014 жылы тіркелген болатын, одан кейін көлемі шағын күйінде қалып, тіпті бірте-бірте қысқара бастады.

Қазақстан мен Қытай тараптарының деректері бойынша Қытайға тартылатын шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінде қазақстандық ТШИ аса төмен үлес салмағы да айтарлықтай көрнекі болып табылады.

⁶⁴ Тартылған ТШИ Қытай көрсеткіші «Foreign Direct Investment Actually Utilized» деп аталады. «Actually Utilized» термині, яғни «нақты қолданылған» ТШИ жалпы ағынынан айтарлықтай төмен таза ТШИ ағыны көрсеткішімен салыстыруға болады және екі елдің пайдаланылған статистикасында әртүрлі бағаны түсіндіруі мүмкін.

**5-кесте. Қытай⁶⁵ және Қазақстан статистикасы
деректері бойынша Қазақстаннан ҚХР-ға тікелей
шетелдік инвестициялар⁶⁶**

	2013	2014	2015	2016	2017
ҚХР-дағы ТШИ, ҚХР деректері бойынша	3,6	36,6	9,5	2,8	5,6
ҚХР-дағы ТШИ барлығы	117586	119562	126266	126001	131035
ҚХР деректеріне сәйкес Қазақстанның үлесі, %	0,0031	0,0306	0,0075	0,0022	0,0043
ҚХР-дағы ТШИ, Қазақстан деректері бойынша	47,3	76,4	61,0	58,2	38,6
Қазақстанның деректеріне сәйкес Қазақстанның үлесі, %	0,040	0,064	0,048	0,046	0,029

Бірінші жағдайда пайыздың жүздік үлесі мен екінші жағдайда пайыздың мыңдық үлесі - екі ірі көрші елдің экономикалық ынтымақтастығы сипатына және жалпы алғанда Қазақстанның әлемдік экономикадағы рөліне сәйкес келмейді. Бұл ретте, BRI іске асырылған жылдары ҚХР экономикасына қазақстандық ТШИ үлес салмағы қытай мен қазақстан деректері бойынша қысқарғанын, бұл осы жобаның екі жақты шаруашылық байланыстарға бір мәнді емес ықпалының тағы бір белгісі болып табылатынын атап өтпеуге болмайды. Алайда, Қазақстаннан ҚХР-ға келетін барлық түрдегі


⁶⁵ Қазақстандық деректер ТШИ жалпы жылыстау көрсеткіші бойынша келтірілген, қытайлық деректер - Foreign Direct Investment Actually Utilized by Countries or Regions көрсеткіші бойынша.

⁶⁶ Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: China Statistical Yearbook 2015; China Statistical Yearbook 2016; China Statistical Yearbook 2017; China Statistical Yearbook 2018. National Bureau of Statistics of China. URL: <http://www.stats.gov.cn/english/Statisticaldata/AnnualData/> (қараған күні 13.03.2019); Тікелей инвестициялардың шетелге елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан жалпы кетуі/ Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. ҚР Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 13.03.2019).

инвестицияларды қарастыру кезінде жағдай біршама дұрыстау көрінеді. 2013 жылдың басынан бері барлық түрдегі жинақталған инвестициялар көлемі 2640 миллионнан 3916 млн. долларға дейін, ал Қазақстаннан шығатын инвестициядағы ҚХР үлес салмағы 1,6%-дан 2,5%-ға дейін өсті, алайда, қытай экономикасының әлеуетіне, өзара тауар айналымы мен өзге де факторларға сәйкес келмейтін өте төмен деңгейде қалып отыр.

Ресей

Қазақстанға жинақталған инвестициялар көлемі бойынша алтыншы ел болып табылатын Ресеймен инвестициялық ынтымақтастық басқа елдермен бірдей үрдістер арнасында тұр. Өзара тікелей инвестициялар динамикасының ұзақ мерзімді үрдістерінің сипаты бір мәнді емес (10-сурет), онда өздерінің басты реципиенттері болып табылатын өнеркәсіп салаларындағы жағдай ғана көрсетіледі. Атап айтқанда, 2015-16 жылдары ресейлік ТШИ қатты құлдырауы тауар нарықтарындағы бағаның құлдырауынан шикізат секторы кәсіпорындары табыстарының азаюына байланысты болды, ол ТШИ статистикасына әсер етті, бұл статистикада осы инвестициялар орын алған кәсіпорындардың бөлінбеген кірістеріндегі шетелдік инвесторлардың үлесі есепке алынады. Сонымен қатар, Ресейге қазақстандық тікелей инвестициялар соңғы жылдары айтарлықтай артты және 2016 жылы олардың жылдық ағыны 2014 жылғы деңгейге қарағанда төрт есе өсті.



10-сурет. Кезең ішінде Ресейден Қазақстанға және Қазақстаннан Ресейге тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны көлемінің динамикасы, млн. АҚШ доллары⁶⁷

Жалпы, ТШИ саласындағы инвестициялық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді үрдістері, әсіресе ресейлік салымдар бөлігінде өсуді көрсетеді, олардың өсу қарқыны 2017 және 2018 жылдары орташа көрсеткіштерден айтарлықтай алда болды. 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін Ресейден ТШИ жалпы ағынының көлемі 181%-ға (яғни үш есе дерлік) ұлғайды, бұл ретте Қазақстанға ТШИ ағынының өсуі жалпы осы кезеңде 57%-ды құрады. Нәтижесінде,

⁶⁷ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша: елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.10.2017); Тікелей инвестициялардың шетелге елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан жалпы кетуі. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 24.10.2017).

2018 жылы ресейлік ТШИ жылдық жалпы ағыны 2014 жылғы тарихи максимумға жетті.

Инвестициялық ынтымақтастықты қарастыра отырып, Қазақстан мен Ресей жағдайында ол тікелей инвестицияларға қарағанда әлдеқайда кең екенін айта кету керек. Басқа бағыттарда өзара инвестициялау көлемі тіпті ауқымдана түсуде, әрі соңғы жылдары ілгерілеу күшейіп келеді. Қазақстанда жинақталған шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміндегі ресейлік инвестициялардың формалды жоғары емес рөліне (5,1%) қарамастан, соңғы жылдар ішінде олардың көлемі 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін екі еселеніп, жылдам өсуді көрсетті (6-кесте). Сондай-ақ, өзара инвестициялар теңгерімі ұзақ уақыт бойы Қазақстанның пайдасына қарай қалыптасып келгенін айта кету керек, ол 2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша Ресей Федерациясының нетто-инвесторы болды және соңғы жылдары ғана ресейлік инвестициялардың көлемі қазақстандық көлемнен басым түсті. Бұл ретте, «басқа» (онда көбінесе кредиттер есепке алынады) деп аталатын инвестициялардың осындай түрі бөлігінде Ресей тек Қытайдан ғана артта қалып, көшбасшылар қатарына кіреді, ал жинақталған тікелей инвестициялардың салыстырмалы түрде төмен көлемі көптеген ірі ресейлік компаниялар Қазақстанда өздерінің шетелдік еншілес ұйымдарының қатысуымен едәуір түсіндіріледі, бұл олардың салымдарын тиісті елдердің статистикасына жатқызады.

6-кесте. 2013-18 жж. Ресей бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы параметрлерінің өзгеруі, млн. АҚШ доллары⁶⁸

	Нетто-позиция	Активтер					Міндеттемелер			
		барлығы	соның ішінде:				барлығы	соның ішінде:		
			тікелей инвестициялар	портфельдік инвестициялар	басқа инвестициялар	резерватік активтер		тікелей инвестициялар	портфельдік инвестициялар	басқа инвестициялар
31.12.2013	2 210,7	8 179,3	733,4	135,6	7 262,9	47,4	5 968,6	2 094,8	41,4	3 832,4
31.12.2014	450,3	7 324,1	885,5	223,4	6 157,6	57,6	6 873,8	3 361,0	36,5	3 476,3
31.12.2015	-1 335,7	6 863,2	807,8	170,9	5 871,4	13,2	8 199,0	3 269,8	19,5	4 909,6
31.12.2016	-3 493,3	7 551,1	1 280,0	456,9	5 814,2		11 044,4	4 260,9	35,2	6 748,3
31.12.2017	-3 585	8 191	1 644	657	5 873	17	11 776	4 747	43	6969
31.12.2018	-2682,5	8 372,4	1 722,2	756,9	5 862,6		11 054,9	5 063,0	178,2	5805,2


Атап айтқанда, Қазақстанда голландиялық тіркемесі бар LUKOIL International Services B.V. ұсынатын «Лукойл» мұнай компаниясының жағдайы осындай. Бұл ретте компанияның Қазақстандағы 1995 жылдан бастап жүргізіліп жатқан қызметі өте ауқымды және екі шикізаттық мегажобаға, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумына (КҚК) қатысуды қамтиды. «Лукойлдың» қатысуымен Атырау облысындағы

⁶⁸ Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП). Статистика/ Сыртқы сектор статистикасы / Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қапаған күні: 20.09.2019).

Теңіз және Королевское («Теңізшевройл» ЖШС, 5%), Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ («Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», 13,5%) және Қызылорда облысындағы Кұмкөл («Торғай Петролеум» АҚ, 50%) кен орындарын игеру жүзеге асырылады. «ҚазМұнайГаз» қазақстандық мұнай компаниясымен бірлесіп, «Лукойл» Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі екі теңіз кен орнын – Қаражамбас («Каспий мұнай-газ компаниясы», 50%) және Орталық («ЦентрКаспнефтегаз», 25%) мұнай-газ конденсаты кен орындарын, сондай-ақ Түпқараған және Аташ-Достық мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларына қатысады.⁶⁹

Сондай-ақ, Қазақстанның ірі шетелдік инвестициялық серіктестерінің көпшілігіне қарағанда, ресейлік капитал шикізат секторында ғана емес, сондай-ақ ел үшін басым өңдеуші өнеркәсіпті қоса алғанда, атом және ғарыш өнеркәсібі сияқты жоғары технологиялық салаларына дейін қызмет түрлерінің кең спектріне қатысу тән. Тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар олардың жалпы көлемінің төрттен бір бөлігін құрайды (11-сурет), ал жалпы шетелдік инвестициялар бойынша осы қызмет түріне тартылған қаражаттың жартысынан астамы тиесілі болып табылады.

⁶⁹ РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ. Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Сауда өкілдігі. URL: <http://www.rustrade.kz>




11-сурет. Ресейден Қазақстанға жинақталған инвестициялардың салалық құрылымы, 2017 жылғы екінші тоқсандағы жағдай бойынша млн. АҚШ доллары⁷⁰

⁷⁰ Дереккөз: Экономикалық қызмет түрлері бойынша бөле отырып, 10 ірі инвестор ел алдындағы Қазақстан резиденттерінің сыртқы міндеттемелері. Статистика/Сыртқы сектор статистикасы/Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 20.10.2017).

4. Қазақстанға шетелдік инвестициялар: экономикалық дамуға әсері мен ауқымын сындарлы бағалау


Шетелдік инвестициялар әрқашан Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды факторы болды, бұл оларды елге тарту ауқымымен қатар, шетелдік инвесторлар үшін ең алдымен өндіруші өнеркәсіпте неғұрлым тартымды болған салалардың ұлттық экономикасындағы шешуші рөлге негізделген. 90-шы жылдардың басынан бастап қалыптасқан ашық және либералды экономикалық модель елге шетелдік инвестициялардың едәуір ағынын қалыптастырды, олардың салыстырмалы көлемі бойынша Қазақстан көшбасшылар арасында мықты позицияны иеленді. Мәселен, жинақталған тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) көлемі бойынша Қазақстан халықтың жан басына шаққанда формальды көрсеткіштер немесе экономикалық модельдердің ұқсастығы бойынша кіретін елдердің көптеген топтары үшін орташа көрсеткіштерден айтарлықтай алда келеді (1-сурет).



1-сурет. 2018 жылы жан басына шаққанда жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар – Қазақстан және кейбір экономика топтары, мың АҚШ доллары⁷¹

Қазақстанға шетелдік инвестициялар ағыны жиырма жыл бойы жылдам өсіп келді, бұл әсіресе 2000 жылдары қарқынды бола бастады, бұл ретте ТШИ жылдық жалпы ағынының көлемі 2000 жылдан бастап (ол кезде бұл көрсеткіш 2,8 млрд. АҚШ долларын құрады) 2012 жылға дейін он есе ұлғайды (28,9 млрд. доллар). Алайда, 2012 жылдан кейін ТШИ ағыны абсолюттік мәнде де, жан басына шаққанда да төмендей бастады, ал 2015 жылы он жыл бұрынғы деңгейге дейін түсті (2-сурет).

⁷¹ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat website. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 20.09.2019); Total and urban population, annual, 1950-2050. UNCTADStat website. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx?ReportId=97> (қараған күні: 20.09.2019).



2-сурет. 1993-2018 жылдары жан басына шаққанда тікелей шетелдік инвестициялар мен ТШИ жалпы ағыны бойынша динамикасы⁷²

Соңғы жылдары белгіленген ТШИ ағынының құлдырауы шетелдік инвестицияларды тарту саласында белгілі бір проблемалардың бар екенін растайды, оларды барынша егжей-тегжейлі, оның ішінде осы фактордың қазақстандық экономиканың дамуына және оның ауқымына нақты әсерін нақтылау контекстінде қарау қажет.

⁷² Келесі дереккөздің деректері бойынша есептелді: Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті. URL: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeDinamika.pokazateli?_afzLoop=6088528441510190#%40%3F_afzLoop%3D6088528441510190%26_adf.ctrl-state%3Dj0813gt7b_50 (қараған күні: 26.09.2019); Қазақстан өңірлерінің бөлінісінде шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 26.09.2019)


Қазақстанға барлық түрдегі есепке алынған шетелдік инвестициялар ауқымы айтарлықтай жоғары – 2018 жылдың қорытындысы бойынша олардың көлемі 219,2 млрд. долларға жетті, оның ішінде 160,4 млрд. доллар тікелей инвестицияларға, 18,4 млрд. доллар - портфельдік инвестицияларға, басқа инвестицияларға – 40,4 млрд. долларға және туынды қаржылық құралдарға – 0,08 млрд. тиесілі.⁷³ Осылайша, Қазақстанға шетелдік инвестициялардың 73%-дан астамын тікелей инвестициялар құрайды, оларға Ұлттық Банктің статистикалық есебін жүргізетін әдістемесіне сәйкес «резидент еместердің резиденттерден қазақстандық акционерлік капиталдың бір бөлігін сатып алуы (акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің кемінде 10%-ы); қайта инвестицияланған кіріс (ШТИ бойынша қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы немесе шығынындағы шетелдік тікелей инвесторлардың үлесі); шетелдік тікелей инвесторлар берген кредиттер мен несиелер бойынша ақшалай, сондай-ақ өзге де түрде (тауарлар, жұмыстар, қызметтер, материалдық емес активтер және т.б. түрінде) өтеу есебінсіз қаражаттың түсуі» кіреді.⁷⁴

⁷³ Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыну/ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 28.09.2019).

⁷⁴ Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) төлем балансы бойынша нұсқаулығына сәйкес қалыптастырылған елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялардың жалпы ағыны, 1993 жылғы 5-ші басылым. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 29.03.2018).

Тікелей инвестициялар қазақстандық кәсіпорындардың капиталына қатысу құралдары (осы топта шетелдік инвесторлардың кірістегі үлесі де көрсетіледі) және борыштық құралдар сияқты негізгі формада жүзеге асырылады.

Қазақстанда жинақталған барлық түрдегі шетелдік инвестициялар әлсіз әртараптандырылған салалық құрылымға ие және көбінесе өндіруші секторда және қызметтің аралас түрлерінде шоғырланған (3-сурет).



3-сурет. 2018 жылдың соңы бойынша Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестициялардың ірі салалар мен қызмет түрлері бойынша салалық құрылымы, млн. АҚШ доллары⁷⁵

⁷⁵ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыну/ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 26.09.2019).

Мұнай өндіру, металлургия, құбыр көлігі, металл кендерін өндіру және геологиялық барлау – қазақстандық экономиканың өндіруші кешенін тікелей құрайтын қызмет түрлері – 219 млрд. шетелдік инвестициядан 144,1 млрд. доллар, яғни шетелдік инвестициялардың 66%-ын шоғырландырды. Егер шетелдік инвестициялардың барлық көлемін емес, тек тікелей инвестицияларды ғана қарайтын болсақ, онда өндіруші сектормен байланысты салалардың үлес салмағы 91%-ға дейін артады (1-кесте).

1-кесте. 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдайға сәйкес негізгі қызмет түрлері бойынша жинақталған ТШИ көлемі мен үлес салмағы⁷⁶


	млн. АҚШ доллары	үлес салмағы, %
Шикі мұнай мен табиғи газ өндіру	107664	67,1
Құбыр арқылы тасымалдау	8579,5	5,4
Металл кендерін өндіру	8391	5,3
Металлургия өнеркәсібі және машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру	6966,5	4,2
Геологиялық барлау және іздестіру жүргізу жөніндегі қызмет	4105	2,6
Көтерме және бөлшек сауда	3980	2,5
Сақтандыру және зейнетақы қорларының қызметтерін қоспағанда, қаржылық қызметтер	3969	2,5
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1303	0,8
Құрылыс	1229	0,8
Жалпы тікелей шетелдік инвестициялар	160362	100

⁷⁶ Резиденттердің Экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП)/ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 26.09.2019).

Осылайша, тікелей шетелдік инвестициялар моносалалық құрылымды қамтиды деуге болады, өйткені негізінен пайдалы қазбаларды алу, алғашқы өңдеу мен тасымалдаумен байланысты салаларда шоғырланған және прогрессивтік қызмет түрлеріне қатыспайды. Фармацевтика, резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі, компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі, электр жабдықтары өндірісі, көлік құралдары мен жабдықтар өндірісі, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер сияқты қазақстандық экономиканың салыстырмалы жоғары технологиялық салалары шетелдік қаржыландыруға өте шектеулі қол жеткізе алады және оны тікелей инвестициялар емес, басқа инвестициялар түрінде, яғни, негізінен қарыз қаражаты түрінде алады. Аталған қызмет түрлерінде жинақталған шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміндегі басқа инвестициялар үлесі басым бөлігін құрайды – шамамен 50-80%. Бұл дегеніміз, стратегиялық шетелдік инвесторлар жоғары технологиялық салалардағы қазақстандық өндіріске аса қызығушылық танытпайды, ал осы салалардағы отандық компаниялар тікелей инвестицияларға қол жеткізе алмайтын болғандықтан, шетелдік қарыз қаражаттарын қолданудың түрлі формаларын қанағат тұтады.

Сонымен қатар, тікелей шетелдік инвестициялар Қазақстанда шетелдік капиталдың қатысуын кеңейтудің негізгі драйвері болып табылады, өйткені инвестициялардың осы түріне дәстүрлі түрде оның

үлкен бөлігі тиесілі. Шетелдік инвестициялардың негізгі көлемі басқа инвестициялар құрап келген 2000 жылдардың ортасындағы қысқа мерзімді кезенді қоспағанда,⁷⁷ нақты ТШИ Қазақстан экономикасын шетелдік қаржыландырудың жалпы көлеміндегі үлес салмағы бойынша көшбасшы болды және қала беруде (4-сурет).



4-сурет. Негізгі түрлері бойынша бөле отырып, Қазақстан Республикасына жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінің динамикасы, млн. АҚШ доллары⁷⁸

⁷⁷ Бұл қазақстандық банктердің ірі шетелдік қарыз алуларымен байланысты болды.


⁷⁸ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыну/ Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 28.03.2018).

Осылайша, Қазақстандағы шетелдік инвестициялардың проблематикасын қарастыра отырып, нақты тікелей шетелдік инвестицияларға – олардың жалпы көлемдегі басым үлес салмағына байланысты, сондай-ақ инвестициялаудың осы нысаны ел аумағындағы қызметке шетелдік әріптестерді барынша тартумен және олардың экономикалық дамуға әсерімен сүйемелденуі себебінен баса назар аудару қажет. 65-70% деңгейіндегі шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі бар ТШИ Қазақстанға шетелдік капитал тартумен жағдайды тұтас айқындайды, ең алдымен осы инвестициялар түріне статистика да, іс жүзіндегі жағдайда ұлттық экономикаға әсер ету бөлігінде аз көрініс беретін айқын үрдістер де оған тәуелді.

ТШИ, жоғарыда айтылғандай, негізінен өндіруші салаларда, ең алдымен, мұнай өндіру және қызметтің аралас түрлерінде (геологиялық барлау, құбыр көлігі) шоғырланған және сол себепті осы инвестициялар көлемінің динамикасы әлемдік мұнай бағаларымен тығыз байланысты. Мұнай бағасы және 1995-2018 жылдар кезеңінде тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны арасындағы корреляция коэффициенті 0,93 құрайды, ал ТШИ жалпы ағынының көрсеткіші мұнай бағаларының кестесін қайталайды (5-сурет).

ТШИ ағыны көрсеткіштері мен мұнай бағасы арасындағы тығыз өзара байланыс инвесторлардың серпілісті өткеруші салаларға қаражат салуы мен жағдай нашарларғанда олардан кетіп жатуы (бұл

өзара байланысты көбінесе осылай түсіндіріп жатады) турасындағы жалпы теориялық бейімділігіне қарағанда, ТШИ статистикалық есепке алу ерекшеліктерімен түсіндіріледі.



5-сурет. Мұнай бағасының және Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар ағынының салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көзделмесе, млн. АҚШ доллары⁷⁹

Қазақстанға ТШИ таза ағынының көрсеткіші екі негізгі компоненттен - капиталға қатысу құралдары мен

⁷⁹ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Europe Brent Spot Price FOB//PETROLEUM & OTHER LIQUIDS. U.S. Energy Information Administration website. URL: <https://www.eia.gov/dnav/pet/hist/LeafHandler.ashx?n=PET&s=RBRT&f=D> (қараған күні: 26.09.2019); Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті. URL: http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeDinamika.pokazateli?_afLoop=555870719078243#%40%3F_afLoop%3D555870719078243%26_adf.ctrl-state%3Dz22fuyh67_64 (қараған күні: 26.09.2019)


борыштық құралдардан тұрады. Осы компоненттердің біріншісінде сондай-ақ қайта инвестицияланған кірістер (қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының бөлінбеген пайдасындағы (шығынындағы) шетелдік тікелей инвесторлардың үлесі) сияқты көрсеткіш де ескеріледі. Яғни ТШИ ағынының бір бөлігі шетелден «физикалық» ақша түсімін емес, қазақстандық кәсіпорындардың кірістеріндегі шетелдік акционерлердің үлесі болып табылады. Сондай-ақ ТШИ статистикалық есебінің бұл ерекшелігі олардың мөлшері шетелдік қатысуы бар кәсіпорындар алатын кірістерге тікелей байланысты екенін білдіреді. ТШИ аса үлесі жоғарыда атап өтілгендей, мұнай саласында шоғырланған, бұл ТШИ ағынының осы саланың табыстарынан тікелей тәуелділігіне, яғни мұнайдың әлемдік бағасына тікелей байланысты болады, бұл олардың арасындағы тығыз корреляцияны және 5-сурет кестелерінде көрсетілген шетелдік инвестициялардың ағынын алдын ала айқындайды.

ТШИ мен мұнай бағаларының ағынының өзара байланыс дәрежесі ТШИ ағынының жалпы көлемінде олардың қатысуымен кәсіпорындардың пайдасындағы шетелдік инвесторлар үлесінің жоғары болуына байланысты. Ал бұл көрсеткіш соңғы жылдары айтарлықтай өсті. Егер 2005 жылы ол Қазақстанға ТШИ таза ағынының 10,5%-ын құраса, 2018 жылға қарай

инвесторлардың капиталға қатысуының үлкен теріс мәні есебінен одан асып кетті.⁸⁰ ТШИ ағынының өсуіне қарай шетелдік инвесторлар үлесінің қазақстандық кәсіпорындардың пайдасында ТШИ ағынын қалыптастыратын басқа компоненттердің, оның ішінде ең ірілері – компаниялардың капиталына қатысуы (яғни, қазақстандық кәсіпорындарға шетелдік салымдар) және борыштық құралдардың (шетелдік қатысуы бар қазақстандық еншілес кәсіпорындарға шетелдік бас компаниялар берген қарыздар негізінен есепке алынатын көрсеткіш) үлес салмағы қысқарды. ТШИ таза ағынының үш ірі құрамдас бөлігі үлесінің эволюциясы б-суретте келтірілген және ол Қазақстандағы шетелдік капиталдың болуының өзгермелі сипатына қатысты бірқатар қорытындылар үшін негіз беру үшін өте маңызды.

Ең алдымен, «инвестициялар» ұғымымен дәстүрлі түрде байланысты ТШИ компонентінің төмен үлесі - инвесторлардың кәсіпорын қорларына тікелей қаражат салуды болжайтын капиталға қатысуы назар аударады. Бұл көрсеткіш кезеңде капиталға салымдардың ұлғаюы мен азаюы арасындағы айырмашылықты білдіреді және оң ғана емес, сонымен қатар теріс болуы мүмкін (бұл, атап айтқанда, 2014 және 2018 жылдары орын алды).

⁸⁰ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең ішіндегі ағындар / Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 30.03.2018)



6-сурет. ТШИ таза ағынының және оның негізгі компоненттерінің 2005-2018 жж. динамикасы, млн. АҚШ доллары⁸¹

2005-2017 жылдар кезеңінде Қазақстанға ТШИ ағынының осы компонентінің үлес салмағы 110%-дан 57,5%-ға дейін ауытқыды, бірақ оның орташа шамасы 16,2% айтарлықтай төмен деңгейде қалды, ал ақшалай мәнде жылына 1,9 млрд. долларды құрады. Яғни, ТШИ-дің ең жоғары өсімімен белгіленген, тіпті ең жақсы жылдарын өзінде шетелден қазақстандық компаниялардың капиталына салымдар ретінде түсінік беретін инвестициялардың нақты ағыны абсолютті

⁸¹ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең ішіндегі ағындар / Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 30.09.2019)

мәнде де, оның жалпы ағымның көлеміндегі үлесі бойынша да өте баяу күйде қала берді.

Сондай-ақ, осы жылдары Қазақстанға ТШИ ағынының айтарлықтай ерекшелігі онда борыштық құралдардың өте жоғары үлесі болды, оларға кезеңнің басым бөлігі ішінде осы ағын көлемінің жартысынан астамы (2005 жылы тіпті 87,5%-ға дейін) тиесілі болды. Бұл компоненттің негізгі бөлігі қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелерімен, яғни, іс жүзінде жергілікті еншілес компаниялардың шетелдік иелері алдындағы борыштарымен қалыптасады. Статистика тікелей шетелдік инвестициялар ретінде есепке алатын нақты осы қарыздар Қазақстанның сыртқы борышының негізгі бөлігі болып табылатын және Ұлттық қаржы жүйесінің, әсіресе әлемдік рыноктардағы турбуленттік кезеңдерінде орнықтылығын бұзатын «фирмааралық берешекті» қалыптастырады. 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша «қарыз құралдары» ТШИ компонентінің көлемі 101 млрд. долларды құрады, ол Қазақстанға жинақталған ТШИ жалпы көлемінің 63 % бөлігіне сәйкес келді. Сондай-ақ, бұл шама фирмааралық берешектің (101 млрд. АҚШ доллары) және Қазақстанның жалпы сыртқы борышының 63,6% (158,8 млрд.) көлеміне сәйкес келді.⁸² Осылайша, Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларды тартудың тағы бір ерекшелігі олардағы


⁸² Сыртқы қарыз: аналитикалық ұсыну/ Сыртқы қарыз статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=346&switch=russian> (қараған күні: 30.09.2019).

борыштық құралдардың жоғары үлесі болып табылады, соның салдарынан – бірқатар теріс салдарларды көтеретін және экономиканың қаржылық тұрақтылығын бұзатын елдің сыртқы борышының жедел өсуі.

Ақырында, Қазақстанға ТШИ ағынының үшінші ерекшелігі елiшiнде шетелдiк қатысуы бар кәсiпорындар алған, яғни шетелде емес, қазақстандық шығу тегi бар, бiрақ шетелдiк инвестициялар ретiнде қарастырылатын статистикалық есепке алудың ерекшелiктерiне байланысты қазақстандық компаниялардың табыстарының өсiп келе жатқан үлесi болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, ТШИ осы компонентiнiң үлесi (шетелдiк акционерлердiң үлесiне жататын бөлiнбеген пайда) қазiргi уақытта 60%-дан асты. Қазақстаннан шығатын қаражаттың ТШИ ағынындағы осындай жоғары үлесi елге шетелдiк инвестицияларды тарту процесiнiң жалпы көрiнiсiн бұзады.

Осылайша, Қазақстанға тiкелей шетелдiк инвестициялар ағынының ауқымы туралы да, экономикадағы ТШИ рөлi туралы да қалыптасқан пiкiрдi едәуiр түзететiн бiрқатар ерекше ерекшелiктерi бар. Осы ерекшелiктердi ескере отырып, бұл рөл, ең алдымен, ТШИ құрылымында сыртқы қарыз мөлшерiн ұлғайтатын және қарыздың негiзгi сомасын және ол бойынша пайыздарды төлеу есебiнен елден капиталдың кетуiнiң ұзақ мерзiмдi үрдiстерiн қалыптастыратын борыштық құралдардың басымдығын ескере отырып, айтарлықтай жағымды емес болып табылады.

Соңғы он жылдық ішінде Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар саласында қалыптасқан тағы бір мәнді емес үрдіс - инвесторлар алатын табыс көлемінің таза инвестициялар ағыны көлемінен айтарлықтай асып кетуі болды (7-сурет), олар соңғы жылдары көп еселік көлемдерге жетті. Басқаша айтқанда, шетелдік инвесторлар салған қаражатқа қарағанда, табыс түрін айтарлықтай қаражат көлемін алады (және шетелге жібереді).



7-сурет. Қазақстанға ТШИ бойынша және Қазақстанға тікелей инвесторларға төленетін кірістер бойынша міндеттемелерді таза қабылдаудың салыстырмалы динамикасы, млн. АҚШ доллары⁸³

⁸³ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыну/ Төлем балансының статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=343&switch=russian> (қараған күні: 26.09.2019).

2008 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде тікелей шетелдік инвесторларға төленетін табыстардың жиынтық көлемі 196,9 млрд. долларды, ал ТШИ бойынша таза қабылданған міндеттемелердің жиынтық көлемі - 112 млрд. долларды құрады. Соңғы он жылдықта 85 млрд. доллар көлеміндегі жиынтық айырма Қазақстанның төлем балансы үшін айтарлықтай айырtpалық болды. Шетелдік инвесторлар кірістері жоғары көлемде кетуі қалыптасқан бастапқы кірістер балансының нақты осы үлкен теріс сальдосы, ол көрсетілген кезеңде орташа алғанда 17,9 млрд. долларды құрады, соңғы төрт жылда төлем балансының ағымдағы шотының тұрақты теріс сальдосына себеп болды. Өз кезегінде, ағымдағы шоттың теріс сальдосы экономика үшін көптеген проблемаларды құрады – девальвация мен халықаралық резервтердің қысқаруына ұласатын теңге бағамына қысым жасаудан бастап артып келе жатқан қарыз ауыртпалығы, егемендік рейтингтерге теріс ықпалы және халықаралық индекстер мен рэнкингтерде позициялар жоғалтуға дейін.

Қазақстаннан инвестициялық табыстардың кетуі проблемасы бұл ағынның тұрақты жоғары болуы және егер қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура жылдарында ол оң сауда теңгерімімен өтелетін болса, онда мұнай бағасы төмендеген кезде (2015-17 жылдардағы сияқты) бұл өтемақы жоғалады және аталған проблемаларды жедел туындаға отырып,

ағымдағы шот теріс болып шығады. Осылайша, экономикадағы шетелдік капиталдың жоғары үлесі кейде тек артықшылықтар беріп қана қоймай, жанама жағымсыз құбылыстарға да айналып жатады.

Тікелей инвестициялардан түскен табыстардың қорытындысын қарай отырып, инвесторлар алған барлық табыс Қазақстаннан кетпейді, олардың бір бөлігі қайта инвестицияланады. Алайда бұл бөлігі үлкен емес – қайта инвестицияланған кірістің ТШИ кірісінің жалпы көлеміндегі орташа үлесі Қазақстанда 2005 жылдан бастап 2017 жылға дейін 16 %-ды құрады және осы кезең ішінде бірнеше жыл ол нөлге жақын болған (8-сурет). Демек, Қазақстанда тікелей инвестициялар бойынша алынған табыстардың басым көпшілігін шетелдік инвесторлар елден алып кетеді.

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларды статистикалық есепке алу ерекшеліктерінің тақырыбын жалғастыра отырып, олардың өте маңызды бөлігінің іс жүзінде ішкі шығу тегі бар екенін атап өтуге болады, яғни бұл Қазақстанның заңды және жеке тұлғаларына тиесілі, бірақ әртүрлі себептерге байланысты ЕО елдерінде тіркелген компаниялардың инвестициялары болып табылады (салықтық оңтайландыру, инвестициялардың сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылу және т.б.).



8-сурет. 2005-2018 жж. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардан түсетін кірістердің негізгі компоненттері, млн. АҚШ доллары⁸⁴

Бұл жағдай Нидерланд елімен инвестициялық ынтымақтастықты көбірек сипаттайды, бұл елден келетін ТШИ - жинақталған жалпы ТШИ көлемінің шамамен жартысын құрайды (2019 ж. бірінші тоқсаны бойынша 162 млрд. доллардан 66,1).⁸⁵ Нидерланд елінде

⁸⁴ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең ішіндегі кірістер/ Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 30.09.2019)

⁸⁵ Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП)// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 2.04.2018).

отандық компаниялар мен банктердің (оның ішінде ірі, тіпті ұлттық компанияларға дейін) акционерлері болып табылатын іс жүзінде қазақстандық капиталы бар дәстүрлі түрде көптеген еншілес және өзге компаниялар осы елден Қазақстан Республикасына инвестициялардың тең келмейтін жоғары көлемі түсіндіріледі. Бір жағынан осындай инвестициялардың жоғары үлесі Нидерланд елінің Қазақстанға инвестициялауында едәуір айырмамен көшбасшылық етуін түсіндіреді, екінші жағынан ТШИ статистикалық есепке алудың жоғарыда қарастырылған ерекшелігі де голландтық көшбасшылық көрінісіне өз үлесін қосады, өйткені көптеген жағдайда осындай инвестициялардың тарихы тереңде жатыр, жинақталған ТШИ көрсеткіші есебіне кіретін олардың қазақстандық активтерінен шоғырланған кірістің көп жылдық көлемі де осылай құралады. Ресми түрде шетелдік тікелей инвестициядағы нақты қазақстандық капиталдың жоғары үлесін еліміздің жетекші инвестициялық серіктестері тізіміне бірқатар оффшорлық аумақтардың қатысуы да растауы мүмкін. Қазақстанға жинақталған ТШИ көлемі 1 млрд. доллардан асатын он алты елдің ішінде Бермуд аралдары (5 млрд. доллар жинақталған ТШИ көлемімен сегізінші орын), Виргин аралдары (2,8 млрд. доллармен 11-ші орын) және Люксембург (1,7 млрд. доллармен 12-ші орын) сияқты оффшорлық юрисдикциялар бар,⁸⁶

⁸⁶ Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы (ХИП)// Салымдар бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <http://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 26.09.2019).

олардан келетін инвестицияның жиынтық көлемі 9,5 млрд. долларды құрайды, ол Қазақстанға жинақталған ТШИ жалпы көлемінің 5 % бөлігіне сәйкес келеді.

Қазақстанның ірі инвестициялық серіктестерінің арасында экономикалық ынтымақтастықтың қалған салаларында шағын көрсеткіштері бар елдердің болуы осы елдер арқылы «салықтық оңтайландырылған» қаражаттың немесе көлеңкелі капиталдардың өтуімен ғана емес, сондай-ақ бірқатар ірі қазақстандық компаниялардың юрисдикцияны ауыстыруымен де түсіндіріледі және енді бұл фирмалар шетелдік инвесторлар рөлінде әрекет ететін болады. Мысалы, Eurasian Resource Group (ERG) – бұрынғы Еуразиялық топ (90-шы жылдардағы жекешелендіруден кейін «Қазхром» ТҰҚ, «Қазақстан Алюминий» және басқаларды қоса алғанда ірі металлургиялық активтерді біріктірді), 2006 жылы ENRC тобы болып өзгертілді, ол британдық компанияға айналып, 2007 жылы Лондон қор биржасына шықты, ал қазіргі уақытта ол Люксембургте тіркелген. KazMinerals (бұрынғы Kazakhmys) корпорациясымен және жекешелендіруден кейін шетелдерге тіркеуді өзгерткен бірқатар басқа да металлургиялық компаниялардың жағдайы осыған ұқсас. Осының барлығы бастапқыда қазақстандық компаниялар, оның ішінде қазақстандық иелердің меншігіндегі де-юре шетелдік компаниялар болып табылады және инвестициялар шетелдік инвесторлар мәртебесінде жүзеге асырылады, бұл ТШИ ағынының

статистикасын, олардың іс жүзінде қазақстандық шығу тегіне қарамастан арттырады.

Тіпті мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың қызметі негізінен голландиялық тіркемесі бар шетелдік еншілес компаниялар арқылы да елеулі түрде жүзеге асырылады, бұл көбінесе Нидерланд елінің Қазақстанға шетелдік инвестициялар көзі ретінде көшбасшылық етуінен туындады. Мысалы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясы Қашаған және Солтүстік Каспийдің қазақстандық секторының басқа да мұнай кен орындарын игерумен айналысатын «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (NCOС – North Caspian Operating Company)⁸⁷ ірі мұнай консорциумына тікелей емес, Нидерланд елінде тіркелген «ҚМГ Қашаған Б.В.» еншілес компаниясы арқылы қатысады. Тиісінше, осы жобада «ҚазМұнайГаз» ҰК жүзеге асыратын инвестициялар шетелдік деп есептеледі. Қазақстандағы қызметті Нидерландтық еншілес құрылымдар арқылы жүзеге асыру тәжірибесі тек мұнай саласында ғана емес, экономиканың басқа да салаларында да (мысалы, банк секторында) кеңінен таралған және бұл тәжірибе, қазақстандық шығу тегі бар инвестициялар Еуропалық ретінде есепке алынатын, сондай-ақ ұлттық экономикаға шын мәнінде шетелдік ақшаның нақты ағыны бар істің нақты жағдайын айтарлықтай бұрмалайтын тәжірибе. Өкінішке орай, шетелдік инвестициялар ағынында

⁸⁷ Солтүстік Каспий жобасы. PSA ЖШС website. URL: http://psa.kz/proekty/?ELEMENT_ID=54 (қараған күні: 06.05.2017).

қазақстандық компаниялардың шетелдік еншілес құрылымдарынан түсетін қаражатты бөлуге мүмкіндік беретін статистика жоқ, бұл осы компоненттен тиісті деректерді тазартуға мүмкіндік бермейді.

Егер Қазақстанға шетелдік инвестициялардың ағынын және жинақталған көлемін бағалауға тырысса, атап айтқанда, тиісті көрсеткіштерді қарыз және қайтарымды қаражаттың өзге де нысандары (тауарлық несиелер, аванстар және т.б.⁸⁸) болып табылатын не ТШИ статистикасына түскен қазақстандық шығу тегі бар компоненттерден тазартып, жергілікті бизнестің шетелдік еншілес бөлімшелері арқылы өтіп, шетелдік инвестициялардың тәртіпке нақты ағынының шамасын азайтуға болады. Осындай бағалау әдістемелікке қарағанда қолданбалы сипатқа ие, өйткені шетелдік инвестицияларды есепке алудың қазақстандық әдіснамасы әлемнің көптеген елдерінде қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. ТШИ ағынының нақты ауқымын және жинақталған көлемін нақтылау елдің «нағыз» шетелдік инвесторлары үшін инвестициялық тартымдылығы жеткіліксіз болуының себептерін ұғынуға, оларды тартуға кедергі келтіретін салалық проблемаларды нақтылауға, осы процесті ынталандыру әдістері мен механизмдері деңгейінде мемлекеттік саясатқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

⁸⁸ «Басқа инвестициялар» статистикасында ескеріледі.

5. Институттар сапасын бағалаудың халықаралық рейтингтерінде ұлттық экономикаларды жайғастыру және шетелдік инвестициялар ағыны

Ұлттық экономикалардың шетелдік инвестициялар үшін тартымдылығы қазіргі уақытта институттардың даму деңгейімен, экономикалық еркіндікпен, әкімшілік кедергілерді төмендетумен және бизнестің жұмыс істеу ортасының өзге де сапаларымен байланыстыру қалыпты жағдай, олар БҰҰ-дан бастап шағын жеке институттарға дейін әртүрлі ұйымдар құрайтын көптеген рейтингтермен бағаланады. Осы рейтингтердің жыл сайынғы жарияланымдары баспасөзде кеңінен баяндалады, сараптамалық ортада талқыланады, ал ондағы жекелеген елдердің прогресі немесе регресі априори тиісті мемлекеттердің мемлекеттік басқару мен экономикасының сапасы мен нәтижелерімен теңестіріледі.

Мұндай рейтингтердің ең кең таралған және танылған рейтингі тек сараптамалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар реформалар мен экономикалық саясаттың табыстылығының өлшемі ретінде мемлекеттік деңгейде де қолданыла бастады. БҰҰ Адами даму индексі (Human

Development Index), Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (Global Competitiveness Index), бизнесті жүргізу шарттары бойынша Дүниежүзілік Банктің рейтингі (Doing Business) сияқты рэнкингтер бойынша ілгерілеу әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік бағдарламаларда, оның ішінде ТМД елдерінде мақсатты бағдарлар ретінде қолданыла бастады.

Мәселен, Ресейде Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингінде ілгерілеу «Ұзақ мерзімді мемлекеттік экономикалық саясат туралы» РФ Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы Жарлығының («мамыр жарлықтарының» бірі) басты мақсаттарының бірі болып табылады, онда Үкіметке «Дүниежүзілік банктің рейтингінде бизнесті жүргізу шарттары бойынша 2011 жылғы 120-дан 2015 жылы 50-ге дейін және 2018 жылы 20-ға дейін Ресей Федерациясының позициясын арттыру» бойынша шаралар қабылдау ұйғарылады.⁸⁹

Қазақстанда Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингі бойынша ілгерілеу алғаш рет ҚР Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында⁹⁰ мақсат ретінде мәлімделді (4.2.4-бөлімде) және кейінгі жылдары бұл тұрғыда республикалық және салалық деңгейдегі

⁸⁹ «Ұзақ мерзімді мемлекеттік экономикалық саясат туралы» Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығы. 2012 жылғы 7 мамыр. Ресей Президенті. URL: <http://kremlin.ru/events/president/news/15232> (қараған күні: 13.02.2018).

⁹⁰ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығымен бекітілді.

көптеген құжаттарда көрініс тауып келеді. Атап айтқанда, салалық индикаторлар бойынша өсу көптеген салалық министрліктер мен бірқатар бағдарламалардың стратегиялық жоспарларында негізделді, «корпоративтік басқару мәселелеріне сәйкес Қазақстан заңнамасын жетілдіру бойынша, оның ішінде «Doing Business» халықаралық рейтингіндегі Қазақстанның позициясын жақсарту бойынша жұмыс шеңберінде тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде.⁹¹ Әлемдік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (The Global Competitiveness Index) рейтингінде Қазақстанның ілгерілеуі де ұқсас жағдай, ол көптеген салалық бағдарламалардың мақсатты индикаторы болып табылады және жетекші министрліктердің стратегиялық жоспарларында көрініс береді. Халықаралық рейтингтер қазақстандық үкіметтік бағдарламаларда елдің инвестициялық тартымдылығын жақсартумен тікелей өзара байланыста қарастырылады. Сонымен, 2017 жылы қабылданған Ұлттық инвестициялық стратегияда Doing Business рейтингі де, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ЖБИ) де Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартудың мақсатты индикаторлары ретінде әрекет етеді.⁹²

⁹¹ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 - 2021 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 32 қаулысы.

⁹² «Ұлттық инвестициялық стратегия» инвестициялар тарту жөніндегі бағдарлама. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысымен бекітілді. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000498> (қараған күні: 13.02.2018).

Рейтингті әзірлеушілер олардың тиісті салалардағы мемлекеттік саясатқа әсері жайлы да айтып өтті. Мәселен, Дүниежүзілік экономикалық форум ЖБИ-ді «үкіметтерге, жеке секторға және азаматтық қоғамға болашақ өркениет үшін бірге жұмыс істеуге көмектесетін құрал» деп бағалайды және ЖБИ ықпалында болған Доминикан Республикасы мен Сауд Арабиясы сияқты елдердің экономикалық саясатында жуырда болған өзгерістерді мысал келтіреді.⁹³ Дүниежүзілік банк Doing Business рейтингін ұсына отырып, елдерді неғұрлым тиімді реттеуге жетелейді, реформалар жүргізу үшін өлшенетін бағдарларды қамтамасыз етеді⁹⁴, сондай-ақ әр түрлі елдердің осы рейтингтегі өз позицияларын жақсартуға ұмтылуының ықпалымен бүкіл әлем бойынша жүргізілген реформалардың санын келтіреді: «2016 жылғы 2 маусымнан 2017 жылғы 1 маусымдағы кезеңде,⁹⁵ «Бизнесті жүргізу» баяндамасында Бизнесті жүргізу баяндамасы бағалайтын салаларда кемінде бір реформаны енгізген 119 мемлекетте бизнесті жүргізуді жеңілдеткен 264 реформа ескерілді. Бизнесті жүргізу жобасы іске асыра бастағалы бері кемінде 3188 реттеуші реформаны ескерді».⁹⁶

⁹³ Our Impact. Redefining Global Competitiveness. World Economic Forum website. URL: [https:// www.weforum.org/our-impact/redefining-global-competitiveness](https://www.weforum.org/our-impact/redefining-global-competitiveness) (қараған күні: 13.02.2018).

⁹⁴ «Бизнесті жүргізу» жобасы туралы. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/about-us> (қараған күні: 13.02.2018).

⁹⁵ Дереккөз орфографиясы сақталады.

⁹⁶ Кәсіпкерлік қызметті реттеуге бағытталған реформалар. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/reforms> (қараған күні: 13.02.2018).

Бұл ретте мұндай рейтингтерде ілгерілеу мен макроэкономикалық статистиканың арасындағы нақты өзара байланыс айқын емес. Осындай өзара байланыс барынша айқын көрінетін экономика саласы шетелдік инвестициялар ағыны деуге болады – шетелдік инвесторлар алдында ұлттық экономиканың инвестициялық тартымдылығына қолайлы ортаны қалыптастыратын институттардың даму деңгейінің оң ықпалы аксиома саналады. Бұл өзара байланыс қандай да бір дәрежеде көптеген академиялық зерттеулермен расталады. Мысалы, С. Daude және Е. Stein «институттардың сапасы тікелей шетелдік инвестицияларға (ТШИ) оң әсерін тигізеді» деп анықтады [8, 27],⁹⁷ институттардың даму сипаттамалары ретінде экспроприация тәуекелі, сыбайлас жемқорлық, заң және тәртіп, демократия деңгейі, бюрократия сапасы және бірнеше дереккөзден алынған басқа да параметрлер қарастырылады. В. Buchanan, Q.V.Le және М. Rishi 1996-2006 жылдар кезеңіндегі 164 мемлекет бойынша деректерді талдап анықтағандай, «институционалдық сапа ТШИ тартуға оң және елеулі әсер етеді» [9, 1].⁹⁸ С. Coffman ТШИ ағыны және The Heritage Foundation қоры Экономикалықеркіндікиндексініңонкомпонентібойынша мемлекеттердің институционалдық айырмашылық

⁹⁷ The Quality of Institutions and Foreign Direct Investment. Christian Daude, Ernesto Stein. March 2001. This Version: February 2004. URL: http://econweb.umd.edu/~daude/research_files/institutions.pdf

⁹⁸ Foreign direct investment and institutional quality: Some empirical evidence. Bonnie G.Buchanan, Quan V.Le, Meenakshi Rishi. International Review of Financial Analysis. Volume 21, January 2012, Pages 81-89.

арасындағы өзара байланысын зерттей келе, «бес айнымалы институционалдық айырмашылық үшін статистикалық маңызы бар нәтижелерді» анықтады [10, 2]⁹⁹.

Сонымен қатар, институттармен, экономикалық еркіндік және әкімшілік сипаттағы өзге де аспектілермен байланысты индикаторларды құрамдас бөліктер ретінде пайдаланатын бірқатар негізгі рейтингтерге шолу көбінесе жекелеген елдердің осы индикаторлардағы жоғары позициялары мен ТШИ көрсеткіштері арасындағы елеулі айырмашылықты көрсетеді. Осындай мысалдардың бірі осыған дейін айтылған Экономикалық еркіндік индексі болуы мүмкін - 2018 жылы The Heritage Foundation – беделді америкалық талдау орталығы, Global Go-To Think Tank Index сияқты институттардың әлемдік рейтингінде бірінші орын алады.¹⁰⁰ Осы қордың соңғы рейтингінде Экономикалық еркіндік индексі бойынша көшбасшы позицияларда орналасқан мемлекеттер жылдық ТШИ ағынының көлемі бойынша мәндердің айтарлықтай шашырауын көрсетеді, оған осы инвестициялардың кетуінің бірнеше жағдайлары кіреді (1-кесте). Бұл ретте ТШИ ағыны мен рейтингтегі позициялар арасындағы өзара байланыс жалпы рейтингтегі позицияларды есепке алғанда ғана емес, сонымен қатар «инвестициялар еркіндігі» индексінің арнайы компонентінің рейтингінде де аса айқын емес.

⁹⁹ Coffman, Charles, «Institutions, Distance, and Foreign Direct Investment» (2015). Honors Theses. Paper 779. <http://digitalcommons.colby.edu/honorstheses/779>

¹⁰⁰ Heritage Ranked No. 1 Globally for Impact on Public Policy February 1st, 2018. URL: <https://www.heritage.org/impact/heritage-ranked-no-1-globally-impact-public-policy> (қараған күні: 15.02.2018).

**1-кесте. The Heritage Foundation Экономикалық еркіндік
индексі рейтингіндегі позициялардың және тікелей
шетелдік инвестициялардың жылдық ағыны бойынша
позициялардың өзара байланысы¹⁰¹**

	Рейтингтегі орны	Балы	«Инвестициялар еркіндігі» көрсеткіші бойынша рейтингтегі орны	«Инвестициялар еркіндігі» көрсеткіші бойынша балы	Халықтың жан басына шаққандағы ТШИ ағыны бойынша орны	Бір жылда халықтың жан басына шаққандағы ТШИ ағыны, долларда
Гонконг	1	90,2	2-7	90	2	14677
Сингапур	2	88,8	8-23	85	3	10986
Жаңа Зеландия	3	84,2	24-39	80	33	483
Швейцария	4	81,7	8-23	85	181	-3163
Аустралия	5	80,9	24-39	80	11	1985
Ирландия	6	80,4	2-7	90	7	4753
Эстония	7	78,8	2-7	90	24	663
Ұлыбритания	8	78	2-7	90	9	3871
Канада	9	77,7	24-39	80	20	931
БАӘ	10	77,6	144-152	40	21	912
Исландия	11	77	8-23	85	180	-1442
Дания	12	76,6	2-7	90	70	167
Тайвань	13	76,6	86-103	60	47	354
Люксембург	14	76,4	1	95	1	46627
Швеция	15	76,3	8-23	85	12	1959

Бұл айырмашылықтар ішінара жеке алынған кезеңдегі көрсеткіш флуктуациясымен түсіндіруге болады, бірақ біздің ойымызша, олардың себептері терең әрі күрделі және Экономикалық еркіндік индексіне ұқсас агрегатталған индекстер ескермейтін әртүрлі


¹⁰¹ Index of Economic Freedom. The Heritage Foundation website 2018 жылғы деректері бойынша жасалды. URL: <https://www.heritage.org/index/explore> (қараған күні: 7.02.2018).

елдердегі экономикалық жағдай мен модельдердің ерекшелігінде жатыр. Бұған мамандандырылған сипаты бар академиялық зерттеулер де дәлел бола алады. Атап айтқанда, жоғарыда аталған Коффман зерттеуінде автор әртүрлі табыс деңгейі бар елдерде ТШИ ағымына институттар сапасының ықпалындағы айырмашылықтарды атап өтеді: «күшті институттар кіріс деңгейі төмен елдердегі ТШИ ағынымен кері байланысады... Табыс деңгейі орташа және жоғары елдер үшін күшті институттар ТШИ-мен оңтайлы байланысады; алайда табыс деңгейі орташа елдер үшін мемлекеттік басқару мен реттеу маңызды, ал табыс деңгейі жоғары елдер үшін қаржы нарықтары мен капиталдың ұтқырлығы неғұрлым маңызды».¹⁰²

Көптеген зерттеулер ТШИ ағыны мен түрлі рейтингтердің институционалдық ортаның жоғары бағалаулары арасындағы қазіргі уақытта айқын емес байланысын анықтағанының тағы бір түсіндірмесі – әлемдік экономикада және оның ішінде соңғы жылдардағы инвестициялық ағындарда орын алған өзгерістер болуы мүмкін. Бұл өзгерістер көптеген факторларға негізделген және орталығы Азияға ауысып жатқан әлемдік экономикалық жүйенің трансформациясы ішінде жүріп жатыр және оның шеңберінде негізгі инвесторлар дәстүрлі экономикалық күштер орталықтары емес (АҚШ және Еуропа), ал ҚХР,

¹⁰² Coffman, Charles, «Institutions, Distance, and Foreign Direct Investment» (2015). Honors Theses. Paper 779. <http://digitalcommons.colby.edu/honorstheses/779>

Үндістан, Ресей және басқа да елдердің қарқынды өсіп келе жатқан экономикасы болып табылады, олардың инвесторлары Батыс үшін дәстүрлі институционалдық органның құндылықтарына жатады және еуроатлантикалық бизнестің артықшылықтарынан ерекшеленетін жағдайларда бизнес жүргізуге дайын. Сонымен қатар, соңғы он жылдықта дамыған және дамушы елдерден ТШИ ағындарының ара қатынасы айтарлықтай өзгерді (1-сурет).



1-сурет. 2007-2016 жж. тікелей шетелдік инвестициялар ағынының әлемдік көлеміндегі дамыған және дамушы экономикалардың үлес салмағының динамикасы¹⁰³

¹⁰³ UNCTAD: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual деректері бойынша есептелді, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (қараған күні: 16.02.2018).

Сонау 1999 жылдың өзінде дамыған елдер әлемдің ТШИ кетуінің 95 % бөлігін құрады, ал 2014 жылы дамыған және дамушы елдердің позициялары шамамен теңесті. Көптеген дамушы экономикалардың негізі болып табылатын тауар нарықтарының дағдарысы мен құлдырауы олардың позицияларын бұзды, алайда жаһандық инвестициялық процестерде күштердің орналасуының өзгеру үрдісі байқалады. Аса ірі дамушы экономикалар 2000 жылдары шетелге шығаратын инвестициялар көлемін ондаған есе арттырды – ҚХР-дан ТШИ кету көлемі 2000 жылғы 916 млн. доллардан 2016 жылы 183,1 млрд. долларға дейін өсті¹⁰⁴ (200 есе). Инвестициялайтын экономикалар мен олардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор айтарлықтай дәрежеде қатысатын) типі ауысуымен бірге инвестициялау моделі мен өлшемдері де өзгерді. Оның үстіне Азиялық мемлекеттік компаниялардың критерийлері әртүрлі халықаралық рейтингтерді құру кезінде үлкен мән берілетін, әдіснамасы бизнес жүргізу талаптары мен институттарға батыстық көзқарасқа негізделетін, институттардың сапасына қойылатын талаптар мен өзге де аспектілер бөлігінде де Еуропалық корпоративтік бизнеске ұқсай бермейді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ТШИ реципиент мемлекеттердің экономикалық жағдайын бағалаудың

¹⁰⁴ Сол жерде.


дәстүрлі критерийлері мен дамушы экономикалар үлкен рөл атқаратын шетелдік инвесторлардың өзгерген құрылымы арасындағы нақты осы айырмашылық рейтингтер мен инвесторлардың қандай да бір мемлекетті бағалауының артып келе жатқан сәйкессіздігі себептерінің бірі болды. Егер рейтингтер әлі күнге дейін көптеген дамыған экономиканы дәстүрлі түрде жоғары бағалап жатса, онда ТШИ статистикасы осы елдерде көбінесе стагнацияны, кейде тіпті кетуін де көрсетеді. Танымал халықаралық индекстердің рейтингтік бағалары мен ұлттық нарықтардағы шетелдік инвестициялық қызметтің арасындағы өзара байланысты неғұрлым толық зерделеу мақсатында біз жинақталған ТШИ көлемінің көрсеткіштеріне және мемлекеттердің үш белгілі рейтингпен бағалануына талдау жүргіздік.

Зерттеу 171 экономикалар үшін жинақталған ТШИ көлемінің өзгеру көрсеткіштері есептелген 2007-2016 жылдар кезеңін көрсететін деректерге сүйеніп жүргізілді. ТШИ көлемі бойынша деректер көзі ретінде UNCTAD деректер базасы пайдаланылды. Бұл көрсеткіштер жекелеген экономикаларды үш рейтинг – The Heritage Foundation қорының Экономикалық еркіндік индексінде, Дүниежүзілік банктің бизнесті жүргізу рейтингінде (Doing Business) және Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (ЖБИ) құрамдас бөліктерінің бірі (pillars), атап айтқанда – 21 көрсеткішті есептеу

негізінде мемлекеттік және жеке институттардың тиімділігін бағалайтын «Институттар» компоненті көрсеткіштерімен салыстырылды. Осы үш рейтинг шетелдік инвестициялар бойынша деректермен салыстырмалы кезеңде зерттелді - 2007 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі есептер қолданылды. Талдау үшін тиісті іріктемелерде алғашқы 15 позицияны иеленген елдердің көрсеткіштері қолданылды, бұл біздің ойымызша, осы рейтингтермен бағаланатын елдердің саны 152-ден 190-ға дейін құрайтынын ескере отырып, репрезентативтік нәтижелер алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында жинақталған ТШИ көлемінің өзгеру көрсеткіштері осы рейтингтердегі елдердің позицияларының өзгеруімен, сондай-ақ олардың абсолюттік позицияларымен салыстырылды. Талдаудың мақсаты ТШИ көлемінің өзгеруімен тиісті рейтингтерде прогресс (немесе регресс) арасындағы өзара байланысты анықтау, сондай-ақ рейтингтің көшбасшы елдеріндегі бизнестің институционалдық ортасын дамытудың жоғары деңгейі осы елдерге шетелдік инвестицияларды тартудың жоғары деңгейімен сүйемелденуі тиіс екендігі туралы гипотезаны тексеру болды.

ЖБИ «Институттар» рейтингіндегі абсолюттік позициялар бойынша үздік мемлекеттерді қарастыра отырып, 15 көшбасшы елдің алтауында жинақталған ТШИ көлемінің төмендеуі байқалғанын, ал тағы ішінде осы көрсеткіштің 10 жылдық кезеңде 20% шегінде өсуі ең төмен болғанын атап өтуге болады (2-сурет).



2-сурет. 2017-2018 Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар»¹⁰⁵ компоненті бойынша бірінші позицияға ие елдерде жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі және 2007 жылдан бастап 2017 жылға дейін осы компонент бойынша рэнкинкте жылжыту¹⁰⁶

Бұл ретте іріктеме елдері бойынша жинақталған ТШИ көлемінің орташа өсуі 39,8%-ды құрады, бұл зерттеуде

¹⁰⁵ Түпнұсқада – 1st pillar: Institutions.

¹⁰⁶ Келесі дереккөздердің деректері бойынша есептелді және құрылды: The Global Competitiveness Index Historical Dataset © 2007-2017 World Economic Forum | Version 20171002. World Economic Forum website. URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-index-2017-2018/competitiveness-rankings/#series=GCI.A.01>; Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қараған күні: 7.02.2018).

қаралған 171 экономика үшін (барлық іріктеме) 199,4% орташа мәннен бес есе төмен. Осылайша, Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингімен институттарды бағалау деңгейі бойынша көшбасшы мемлекеттер айтарлықтай төмен ТШИ ағынын көрсетті. Егер осы мемлекеттердің аталмыш рейтингтегі кейінгі он жылдық бойынша ілгерілеуін қарастыратын болсақ, сондай-ақ ол 2-суреттегі диаграммада көрсетілген, онда белгілі бір өзара байланысты анықтауға болады – рейтинг бойынша жоғары көтерілген 10 мемлекеттің ішінде сегізінде жинақталған ТШИ көлемі артқан, ал өз позицияларын нашарлатқан үш мемлекет арасында ол төмендеуді көрсетті. Осылайша, ЖБИ «Институттар» компоненті бойынша рейтингтің көшбасшы мемлекеттерінің үлгісімен келесідей қорытынды жасауға болады, осы рейтинг бойынша ілгерілеу өздігінен жоғары позицияларға қарағанда, ТШИ ағынымен өзара байланысқан болып табылады.

Осы тезисті нақтылау үшін осы прогресті жинақталған ТШИ көлемін өзгерту бойынша көрсеткіштермен салыстыру мақсатымен аталмыш рейтингте ең жоғары ілгерілеуге қол жеткізген экономикалар сараланған болатын (2-кесте).

Бұл жағдайда салыстырылатын көрсеткіштер арасында айтарлықтай қайшылықтар байқалмайды – рейтингте прогресс бойынша көшбасшылық ететін 15 экономиканың он үшінде ТШИ жинақталған көлемінің өсімі оңтайлы және тек екеуінде – теріс болды.

2-кесте. Әлемдік экономикалық форумның 2017-2018 жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» компоненті бойынша ілгерілеуде ең үлкен прогресті көрсеткен елдерде соңғы он жылда жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі¹⁰⁷

	Мемлекет	Кезең ішінде ілгерілеу, позициялар саны	2017 жылғы рейтингтегі позициясы	2007-2016 жж. жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруі, %
1	Әзірбайжан	50	33	304,4
2	Албания	46	68	85,1
3	Тәжікстан	46	42	288,0
4	Лесото	43	69	-51,8
5	Армения	41	55	79,1
6	Қытай	36	41	314,1
7	Грузия	36	50	162,6
8	Ресей	33	83	-22,4
9	Непал	30	89	476,6
10	Сенегал	30	67	340,8
11	Кения	26	75	394,4
12	Ямайка	24	63	73,4
13	Қырғызстан	24	103	419,2
14	Қазақстан	20	60	191,0
15	Бангладеш	19	107	230,5
	Іріктеме бойынша орташа мән			219,0
	Барлық елдер бойынша орташа мән			199,4

Бұл ретте іріктеме бойынша жинақталған ТШИ көлемін арттырудың орташа көрсеткіші барлық елдер бойынша орташадан жоғары болды – 119,4%-ға қарсы 219%. Сонымен қатар, осы екі көрсеткіш арасындағы

¹⁰⁷ Келесі дереккөздердің деректері бойынша есептелді және құрылды: The Global Competitiveness Index Historical Dataset © 2007-2017 World Economic Forum | Version 20171002. World Economic Forum website. URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-index-2017-2018/competitiveness-rankings/#series=GCI.A.01>; Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қараған күні: 7.02.2018).

неғұрлым тығыз өзара байланысты анықтауға тырысу сәтсіздікке ұшырады – ЖБИ «Институттар» рейтингінде қандай да бір экономика көтерілген орындар саны ТШИ ұлғаю қарқынына іс жүзінде сәйкес келмейді. Мәселен, 40-50 позицияға көтерілген елдер арасында ТШИ көлемі өсімінің таралуы аса үлкен – 52%-ға құлдыраудан 304%-ға өсуге дейін, ал екі деректер массиві арасындағы корреляция коэффициенті – 0,25 болды. Сондықтан 2-кестеде келтірілген салыстыру нәтижелерін былайша түсіндіруге болады: ЖБИ «Институттар» рейтингіндегі экономикалардың қатты ілгерілеуі көп жағдайда ТШИ ағынының озыңқы орташа деңгейімен сүйемелденеді, алайда осылайша озу болмашы ғана және ілгерілеу қарқынымен байланысты емес.

Осылайша салыстыру осы рейтингте ілгерілеу бойынша назар экономикаларға жүргізілген болатын (3-кесте), олар да біркелкі емес нәтижелер берді. Атап айтқанда, осы қарсы рейтингтің үш көшбасшысы (Мавритания, Тунис және Сальвадор) жиналған ТШИ көлемінің ұлғаюын көрсетті. Рейтингте ілгерілеу бойынша ең нашар 15 мемлекеттің төртеуінде жинақталған ТШИ өсімінің көлемі іріктемедегі барлық елдер бойынша орташадан жоғары болып шықты. Ал жинақталған ТШИ бойынша теріс өсім он бес экономиканың төртеуінде ғана тіркелді. Бұл ретте 15 нашар мемлекет арасында жинақталған ТШИ көлемі өзгеруінің орташа көрсеткіші барлық іріктеу бойынша орташа мәннен айтарлықтай төмен.

3-кесте. 2017-2018 Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» компоненті бойынша ең үлкен регресс көрсеткен елдерде соңғы он жылда жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі¹⁰⁸

	Мемлекет	Кезең ішінде ілгерілеу, позициялар саны	2017 жылғы рейтингтегі позиция	2007-2016 жж. жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруі, %
1	Мавритания	-60	132	254,9
2	Тунис	-59	80	12,6
3	Сальвадор	-49	133	54,4
4	Венгрия	-47	101	-18,6
5	Мали	-43	110	214,2
6	Греция	-38	87	-48,6
7	Колумбия	-38	117	190,9
8	Мексика	-38	123	49,6
9	ОАР	-37	76	3,8
10	Хорватия	-37	102	-33,7
11	Мадагаскар	-37	130	231,7
12	Словакия	-33	93	-12,8
13	Корея	-32	58	51,7
14	Таиланд	-31	78	99,3
15	Гондурас	-31	120	206,9
	Іріктеме бойынша орташа мән			83,7
	Барлық елдер бойынша орташа мән			199,4

Рейтингте төмен абсолюттік позициялары бар мемлекеттер ондағы ілгерілеу бойынша үздіктердің арасында, сондай-ақ нашар мемлекеттер арасында


¹⁰⁸ Келесі дереккөздердің деректері бойынша есептелді және құрылды: The Global Competitiveness Index Historical Dataset © 2007-2017 World Economic Forum | Version 20171002. World Economic Forum website. URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-index-2017-2018/competitiveness-rankings/#series=GCI.A.01>; Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қараған күні: 7.02.2018).

жинақталған ТШИ көлемінің өсуі бойынша үздік нәтижелерді көрсетті. Жүзінші орыннан төмен позицияға ие осындай мемлекеттер саны екі кестеде де он бір болды және олардың тоғызында инвестициялық нәтиже оң, ал жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруінің орташа шамасы іріктеменің барлық елдері үшін орташа мәннен жоғары (199,4%), яғни институттардың даму деңгейі бойынша өте төмен позицияға ие елдердің көпшілігі шетелдік инвестицияларды тартуда өте табысты. ЖБИ «Институттар» рейтингінде ілгерілеу бойынша үздік және нашар елдерге жүргізілген салыстыру нәтижелері, біздің ойымызша, оның жекелеген экономикалар деңгейіндегі инвестициялық тартымдылықпен нақты жағдайға барабар еместігін, сондай-ақ осы рейтингте есепке алынатын көрсеткіштердің инвестициялық ахуалмен әлсіз өзара байланысын көрсетеді.¹⁰⁹

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі мен оның компоненттері жасалатын Дүниежүзілік экономикалық форумның әдіснамасы жекелеген экономикалардың инвестициялық тартымдылығын айқындайтын барлық факторларды толық көлемде ескеруге мүмкіндік бермейтін өзгешелікпен ерекшеленеді, бірақ осындай түрдегі халықаралық рейтингтерге бөлінетін жоғары назар басқа бағалардың сенімділігімен ақталады деп

¹⁰⁹ Бұл компонент 21 көрсеткіштен құралады, соның ішінде: меншік құқығы, зияткерлік меншікті қорғау, саясаткерлерге қоғамдық сенім, сот төрелігінің тәуелсіздігі, үкіметтік шенеуніктердің шешімдеріне фаворитизм, мемлекеттік шығыстардың тиімділігі, мемлекеттік реттеу ауыртпалығы, үкіметтік шешімдердің ашықтығы, ұйымдасқан қылмыс, іскерлік этика, миноритарлық акционерлерді қорғау, инвесторларды қорғау күші және тағы басқалар.

болжауға болады. Осыған байланысты біз жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруін Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингіндегі елдердің позицияларына ұқсас салыстыруды жүргіздік. Осы рейтингте алғашқы 15 позицияны иеленетін экономикалар үшін ТШИ тарту нәтижелері ЖБИ «Институттар» рейтингіне ұқсас қарама-қайшы болып шықты (3-сурет).



3-сурет. Дүниежүзілік Банктің Doing Business 2018 рейтингінде алғашқы 15 орынды иеленетін экономикаларда 2007-2016 жж. жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі¹¹⁰

Рейтингте бірінші позицияларда орналасқан он бес елдің төртеуінде соңғы он жылдықта жинақталған ТШИ

¹¹⁰ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Мемлекеттер рейтингі. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/rankings> (қараған күні: 9.02.2018).

көлемі қысқарды, тағы екеуінде 20%-дан төмен үлеспен нышандық өсім орын алды. Рейтинг көшбасшылары ішінен бірде-бір мемлекетте жинақталған ТШИ көлемінің өсімі жалпы іріктеу үшін 199,4% орташа деңгейіне жетпеді, ал он бес ел бойынша орташа көрсеткіш 41,9%-ды құрады – осы деңгейден бес есе төмен болды. Осылайша, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі жағдайына ұқсас, рейтингтегі көшбасшылық ТШИ ағынының үздік көрсеткіштерімен қатар жүрмей, керісінше, олардың әлемдік орташа деңгейден едәуір артта қалуының белгісі болды.

Сондай-ақ, үздік және нашар экономикалар үшін жинақталған ТШИ көлемін өзгерте отырып, Doing Business рейтингі бойынша алға жылжу прогресін салыстыру жүргізілді. Рейтингте ең жоғары прогресс көрсеткен мемлекеттер (4-кесте) тұтас іріктемеге қарағанда (199,4%) жинақталған ТШИ көлеміндегі өзгерістердің неғұрлым жоғары орташа көрсеткішін камтиды. Бұл ретте рейтингтегі прогресс бойынша көшбасшылар қатарына кіретін екі мемлекетте (Хорватия және Ресей) ТШИ көлемінің өзгеруі теріс болып шықты. Он бес мемлекеттің ішінде төртеуінде ғана бұл көрсеткіш бүкіл іріктеме бойынша орташа деңгейден асып кетті, бірақ оның өте жоғары мәндерінің есебінен осы төрт жағдайда 15 экономика бойынша орташа мөлшер барлық зерттелген елдер үшін орташа деңгейден асып кетті.

4-кесте. Соңғы он жылда Дүниежүзілік экономикалық форумның Doing Business-2018 рейтингі бойынша ілгерілеуде ең үлкен прогресті көрсеткен елдерде жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі¹¹¹

		Прогресс 2007-2018, позициялар саны	2018 жылғы рейтингтегі позиция	2007-2016 жж. жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруі, %
1	Руанда	117	41	1213,2
2	Беларусь	91	38	323,2
3	Македония, БРЮ	81	11	33,9
4	Өзбекстан	74	74	311,6
5	Хорватия	73	51	-33,7
6	Индонезия	63	72	194,0
7	Бутан	63	75	740,1
8	Ресей Федерациясы	61	35	-22,4
9	Молдова	59	44	90,9
10	БАӘ	56	21	141,3
11	Украина	56	76	27,1
12	Албания	50	65	85,1
13	Польша	48	27	13,1
14	Марокко	46	69	41,9
15	Коста-Рика	44	61	217,3
	Іріктеме бойынша орташа мән			225,1
	Барлық елдер бойынша орташа мән			199,4

Он жыл ішінде белгілі бір мемлекеттер көтерілген позициялар саны мен осы жағдайда жинақталған ТШИ

¹¹¹ Келесі дереккөздердің деректері бойынша есептелді және құрылды: Мемлекеттер рейтингі. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/rankings> (қараған күні: 9.02.2018); Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қараған күні: 7.02.2018).

көлемінің өзгеруі арасындағы өзара байланысты ЖБИ «Институттар» рейтингіне қарағанда айқын деп атауға болады, бұл 0,68 деңгейінде деректердің екі массиві арасындағы корреляция коэффициентінде көрініс тапты. Doing Business рейтингінің прогресі бойынша нашар экономикалар үшін осы коэффициент 0,25 болды, ал олардың регресін ТШИ көлемдерімен салыстыру осы регресс пен шетелдік инвестицияларды тарту процестері арасындағы өзара байланыс жоқ екенін растады (5-кесте).

Дүниежүзілік банк рейтингінде ілгерілеу бойынша үздіктердің тізіміне қарағанда, бұл жағдайда барлық он бес нашар экономика ТШИ көлемінің оң динамикасын көрсетті. Сонымен қатар, осы іріктеме бойынша 213,4% деңгейіндегі орташа көрсеткіш прогресс бойынша озат елдердің көрсеткішімен теңеседі (225,1%), сондай-ақ барлық зерттелетін экономикалардың орташа деңгейінен асады (199,4%). Осы екі іріктеме деректерінен ТШИ көлемінің ең жоғары өсімін Кувейт көрсетті (1408,3%) – бұл мемлекет рейтингте он жыл ішінде 50 позициясын жоғалтты, ал регресс бойынша абсолюттік көшбасшы – Бангладеш, ол 89 позицияға төмендеп, ТШИ көлемінің 230,5%-ға өсімін көрсетті, онысымен Грузия (162,5%) сияқты рейтингтің абсолюттік көшбасшылары ішіндегі ең үздік мемлекеттің нәтижесін бір жарым есе басып озды, сондай-ақ Doing Business 2018 абсолюттік көшбасшылар тобының орташа көрсеткішінен біршама артық болды.

5-кесте. Дүниежүзілік экономикалық форумның Doing Business-2018 рейтингі бойынша ең үлкен регресс көрсеткен елдерде соңғы он жылда жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі¹¹²

		Регресс 2007-2018, позициялар саны	2018 жылғы рейтингтегі позиция	2007-2016 жж. жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруі, %
1	Бангладеш	-89	177	230,5
2	Пәкістан	-73	147	52,3
3	Фиджи	-70	101	100,4
4	Гренада	-69	142	69,5
5	Белиз	-65	121	142,7
6	Сент-Люсия	-64	91	57,7
7	Намибия	-64	106	13,3
8	Никарагуа	-64	131	217,0
9	Эфиопия	-64	161	281,8
10	Сауд Арабиясы	-54	92	215,1
11	ОАР	-53	82	3,8
12	Папуа-Жаңа Гвинея	-52	109	184,4
13	Кувейт	-50	96	1408,3
14	Алжир	-50	166	134,3
15	Ливан	-47	133	89,5
	Іріктеме бойынша орташа мән			213,4
	Барлық елдер бойынша орташа мән			199,4

Бұл фактілер біздің ойымызша, Doing Business рейтингінің қандай да бір экономикалардың инвести-

¹¹² Келесі дереккөздердің деректері бойынша есептелді және құрылды: Мемлекеттер рейтингі. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/rankings> (қапаған күні: 9.02.2018); Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қапаған күні: 7.02.2018).

циялық тартымдылығының индикаторы ретінде, олардағы инвестициялық ахуалдың және жергілікті нарықтарға кіру және оларға инвестицияларды арттыру туралы шешім қабылдайтын шетелдік инвесторлардың критерийлеріне сәйкес келмейтінін растайды. Рейтинг көшбасшылары тартылған ТШИ көлемінде аутсайдерлерден бірнеше есе артта қалғанын көрсететін жағдай, ал осы рейтингтегі прогресс немесе регресс инвестициялық ағындардағы айқын айырмашылықтармен қатар жүрмейтін жағдай осы рейтингті инвестициялық саладағы нақты жағдайды көрсетпейтін және іскерлік ортаны жақсарту үшін іс жүзінде пайдасыз деп сипаттайды.

Жинақталған инвестициялар көлемінің өзгеруімен институционалдық ортаның даму рейтингтеріндегі позициялар мен прогресті/регресті салыстыру осы көрсеткіштер арасындағы тұрақты өзара байланысты айқындаған жоқ. Мұндай өзара байланыстарды бөліп шығару процесін аяқтау үшін автор осы елдердің ЖБИ «Институттар» компоненті, Doing Business рейтингі және Экономикалық еркіндік индексіне жайғасқан орындарын анықтау мақсатында соңғы он жылдықта ТШИ тартудағы көшбасшылық өлшемі бойынша елдерді саралау жүргізді (6-кесте). 2007-2016 жж. кезеңінде жинақталған ТШИ көлемін өзгерту бойынша 15 үздік және нашар экономика ерекшеленді.

6-кестеде келтірілген деректер келесідей жинақтауға мүмкіндік береді.

6-кесте. 2017 жылғы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» компоненті және Doing Business рейтингтеріндегі позицияларымен жинақталған тікелей шетелдік инвестициялардың өсуі бойынша ең үздік және нашар экономикаларды салыстыру¹¹³

		2007-2016 жж. жинақталған ТШИ көлемінің өзгеруі, %	Рейтингтердегі позициялар		
			Экономикалық еркіндік индексі (183 мемлекет)	ЖБИ «Институттар» компоненті (152 мемлекет)	Doing Business (190 мемлекет)
Жинақталған ТШИ өсімі бойынша үздік экономикалар					
1	Бурунди	2239	157	122	164
2	Нигер	1809	160	н/д	144
3	Гвинея-Биссау	1424	118	н/д	176
4	Кувейт	1408	81	57	96
5	Руанда	1213	39	16	41
6	Мозамбик	891	170	127	138
7	Моңғолия	860	125	108	62
8	Кипр	841	48	51	53
9	Түрікменстан	811	169	н/д	н/д
10	Гана	770	122	59	120
11	Бутан	740	87	32	75
12	Габон	659	109	85	167
13	Сомали	657	н/д	н/д	190
14	Непал	477	133	89	105
15	Камбоджа	447	101	106	135
Жинақталған ТШИ өсімі бойынша нашар экономикалар					

113 Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: Мемлекеттер рейтингі. DOING BUSINESS. Бизнес реттеуді бағалау. Дүниежүзілік банктің веб-сайты. URL: <http://russian.doingbusiness.org/rankings> (қараған күні: 9.02.2018); Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual, 1970-2016. UNCTADStat Data Center. UNCTAD website, URL: http://unctadstat.unctad.org/wds/ReportFolders/reportFolders.aspx?sCS_ChosenLang=en (қараған күні: 7.02.2018); The Global Competitiveness Index Historical Dataset©2007-2017 World Economic Forum | Version 20171002. World Economic Forum website. URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-index-2017-2018/competitiveness-rankings/#series=GCI.A.01>; 2018 Index of Economic Freedom. The Heritage Foundation website. URL: <https://www.heritage.org/index/explore> (қараған күні: 7.02.2018).

1	Финляндия	-11	26	1	13
2	Дания	-12	12	13	3
3	Словакия	-13	59	93	39
4	Түркия	-14	58	71	60
5	Венгрия	-19	55	101	48
6	Германия	-19	25	21	20
7	Ресей	-22	107	83	35
8	Норвегия	-23	23	6	8
9	Венесуэла	-33	179	137	188
10	Хорватия	-34	92	102	51
11	Свазиленд	-39	123	61	112
12	Исландия	-41	11	14	23
13	Бельгия	-41	52	25	52
14	Самоа	-48	90	нд	87
15	Греция	-49	115	87	67

Біріншіден, өткен он жылдықта жинақталған ТШИ барынша өсімін көрсеткен барлық елдер көрсетілген үш рейтингте төмен немесе өте төмен позицияға жайғасады, ал бірқатар жағдайларда осы рейтингтерде (Сомали, Түрікменстан, Нигер, Гвинея-Биссау) тіпті қаралмайды. 15 ел бойынша орташа позиция мынадай болды: Экономикалық еркіндік индексі үшін 183-тен 116-орын, ЖБИ «Институттар» компоненті бойынша 152-ден 77-орын, Doing Business рейтингі бойынша 190-нан 119-орын. Бұл ретте осы 15 экономика бойынша ТШИ көлемінің орташа өсу көрсеткіші 1016%-ды құрады, бұл барлық тексерілген елдер бойынша орташа деңгейден 5,1 есе артық (199,4 %).

Екіншіден, жиналған ТШИ көлемінің өсуі бойынша көрсеткіштері төмен мемлекеттер арасында қаралған рейтингтерде жетекші позицияларды алатын бірқатар

мемлекеттер – Финляндия, Дания, Германия, Норвегия, Исландия, ал аталмыш рейтингтердің аутсайдер мемлекеттері көп болған жоқ - Венесуэла, Хорватия, Свазиленд. 15 мемлекет бойынша орташа позицияны мыналар кұрайды: Экономикалық еркіндік индексі үшін 183-тен 68-орын, ЖБИ «Институттар» компоненті бойынша 152-ден 58-орын, Doing Business рейтингі бойынша 190-нан 54-орын. Яғни, осы тізімдегі елдердің орташа позициясы барлық үш рейтинг бойынша оның жоғары бөлігінде, алғашқы үштіктен орын алды.

Осылайша, осы үш рейтингпен бағаланатын бизнесті жүргізу шарттарының сапасы мен тікелей шетелдік инвестициялар ағыны арасында айқын қарама-қайшылық бар - The Heritage Foundation, Дүниежүзілік банк пен Дүниежүзілік экономикалық форумның бағаларына сәйкес елдердің рейтингтердегі позициялары мен шетелден инвестициялар ағыны арасында кері байланыс бар. Рейтингтерде төмен позициялар ТШИ жоғары ағынымен қатар жүреді және керісінше жоғары позицияларды олардың өсуінің төмен немесе тіпті теріс көлемі бар мемлекеттер иеленеді. Мұндай алшақтық осы рейтингтердің тиісті индикаторларын жасау әдістемесінің жүйелі кемшіліктерін айғақтауы мүмкін, соның нәтижесінде институттардың даму деңгейі мен экономикалардың инвестициялық тартымдылығы арасындағы көптеген зерттеулер арқылы анықталған өзара байланысты бұрмалайды.

Бұл сәйкессіздіктің себептері әртүрлі болуы мүмкін және оларды анықтау осы жұмыстың мақсатына кірмейді. Төмен рейтингтері бар дамушы экономикаларға ТШИ жоғары ағыны факторларының қатарында төмен бастапқы база; жекелеген ірі жобалардың өзі өсудің қарқынды серпінін қамтамасыз ететін экономикалардың аздаған абсолютті мөлшері; институционалдық орта екінші орында болатын дамушы елдерден (Қытай сияқты) шетелдік инвестициялардың шығуы орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, рейтингтерде көшбасшылық ететін мемлекеттердің ТШИ ұлғайтудың төмен деңгейі, олардың көп жағдайда реципиент емес, ТШИ көздері рөлінде әрекет ететін дамыған мемлекеттер болуымен түсіндірілетінін айта кетуге болады. Алайда, елдердің рейтингтік бағалаулары мен олардың нақты инвестициялық тартымдылығы арасындағы сәйкессіздіктер (осы немесе өзге) осы рейтингтер бағаланатын экономикалардың көпшілігіндегі істің нақты жағдайына сәйкес келмейді деген фактіні жоймайды және соның салдарынан инвестициялық тартымдылық туралы пайымдауға негіз де, оны жақсарту критерийі де, соның ішінде мемлекеттік экономикалық бағдарламаларда да қызмет ете алмайды.

6. Қазақстанның халықаралық рейтингтерде ілгерілеуінің шетелдік инвестициялар ағынына әсері

Инвестициялық тартымдылықты және инвестициялық ағындарды сипаттайтын рейтингтердегі жекелеген елдердің позициялары арасындағы жоғарыда қарастырылған өзара байланыстарды Қазақстан үшін ұқсас өзара байланыстарды талдаумен толықтыру орынды, өйткені осындай рейтингтердің көпшілігі елдің экономикалық дамуының бағдарлары және бірқатар үкіметтік бағдарламалардың мақсатты көрсеткіштері ретінде әрекет етеді.

Қазақстан 2000 жылдардың ортасында осындай рейтингтерді қалыптастыратын түрлі халықаралық институттар тарапынан бағалана бастады – осылайша, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне біздің еліміз 2006 жылғы баяндамада, 2004 жылы Doing Business бизнесті жүргізу шарттарының рейтингінде алғаш рет пайда болды. Бұл ретте, осы рейтингтер әдіснамасы алғашқы жылдары әртүрлі жылдарда бағаланатын салаларда салыстыруды қиындата отырып, айтарлықтай өзгеріп отырды. Сондықтан Қазақстанның осы рейтингтерде жылжуын бағалау үшін әдіснаманың салыстырмалы тұрақтылық кезеңін, пайдаланылатын

индикаторлар жиынтығын және бағаланатын мемлекеттердің қалыптасқан санын қабылдаған жөн. 2008 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі соңғы он жылдықты осындай кезең деп санауға болады, бұл ретте баяндамалардың атаулары бірқатар жағдайларда кезекті күнтізбелік жылдың басталуынан алда жүретініне назар аудару керек - мысалы, Дүниежүзілік банктің Doing Business 2018 баяндамасы 2017 жылы шығарылды, Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндамасы тақырыпта көрсетілген жылға дейінгі жылдың қыркүйегінде шығарылады. Соңғы ерекшелік бұл рейтингтер баяндама атауында көрініс тапқан жылдың емес, алдыңғы жылдағы рейтингтегі позицияларды және тиісті макроэкономикалық статистиканы салыстыра отырып, ескеру қажет екенін білдіреді.

Қазақстанның соңғы он жылдықта бизнес жүргізу институттары мен шарттарының сапасын бағалайтын үш негізгі халықаралық рейтингте алға жылжуы айтарлықтай әсерлі болды (1-сурет). Doing Business рейтингі бойынша Қазақстан 2008 жылғы баяндамада 71-орыннан 2018 жылы 36-орынға, Экономикалық еркіндік индексінің рейтингі бойынша 76-орыннан 41-орынға көтерілді. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» компоненті бойынша Қазақстан 80-орыннан 60-қа көтерілді, бұл ретте жалпы алғанда осы индекс бойынша Қазақстан көрсетілген кезеңде өзінің позициясын 61-ден 57-ге дейін ілгері басып, айтарлықтай жақсартты, яғни, Дүниежүзілік экономикалық

форумның болжамы бойынша елдегі институттарды дамыту саласындағы ілгерілеу айтарлықтай айқын көрінді.



1-сурет. Институттардың сапасын бағалайтын жетекші халықаралық рейтингтердегі Қазақстанның позицияларының өзгеруі, тиісті рэнкингтегі позиция¹¹⁴

Қазақстанның осы үш рейтингте алға жылжуын бағалай отырып, қаралып отырған кезең ішінде олардың әлем елдерін қамту өзгергенін – олардың саны өскенін, яғни жоғары орындар үшін бәсекелестік те ұлғая түскенін ескеру қажет, өйткені он жыл бұрынғы кезеңге

¹¹⁴ Автор Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік экономикалық форум және The Heritage Foundation қорының 2007-2017 жылдар аралығындағы жылдық баяндамаларынан жиналған деректер бойынша есептеді: Бизнесі жүргізу. Жылдық баяндамалар. Дүниежүзілік банк. URL: <http://russian.doingbusiness.org/reports/global-reports/doing-business-2018> (қараған күні: 16.07.2018); Global Competitiveness Reports/ Reports. World Economic Forum website. <https://www.weforum.org/reports?page=3> (қараған күні: 16.07.2018); 2018 Index of Economic Freedom downloads. The Heritage Foundation website. <https://www.heritage.org/index/download> (қараған күні: 16.07.2018).

қарағанда бұл позицияға 2017 жылы үміттенген ұлттық экономикалар саны көбірек болды. Осыған байланысты Қазақстанның қандай да бір рейтингтегі орнын және оның өзгерісін ғана емес, сондай-ақ елдің 2008 жылғы және қазіргі уақыттағы баяндамаларда бағаланатын мемлекеттердің қандай пайызына кіргенін де назарға алуға болады. Қазақстанның осы тұрғыдан ілгерілеуін сипаттайтын деректер, сондай-ақ алған (жоғалтқан) орындардың саны 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Институттардың сапасын бағалайтын рейтингтерде Қазақстанның алға жылжуын сипаттайтын көрсеткіштер¹¹⁵

	2008			2018			Кезең ішінде Қазақстанның ілгерілеуі, позициялар саны
	Қазақстанның рейтингтегі орны	Рейтингтегі елдер саны	Қазақстанның позициясына сәйкес келетін елдердің пайызы	Қазақстанның рейтингтегі орны	Рейтингтегі елдер саны	Қазақстанның позициясына сәйкес келетін елдердің пайызы	
Doing Business	71	178	40	36	190	19	35
ЖБИ «Институттар» субиндексі	80	131	61	60	137	44	20
Экономикалық еркіндік индексі	76	157	48	41	180	23	35

¹¹⁵ Автор Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік экономикалық форум және The Heritage Foundation қорының 2007-2017 жылдар аралығындағы жылдық баяндамаларынан жиналған деректер бойынша есептеді. Бизнесі жүргізу. Дүниежүзілік банк. URL: <http://russian.doingbusiness.org/reports/global-reports/doing-business-2018> (қараған күні: 16.07.2018); Global Competitiveness Reports/ Reports. World Economic Forum website. <https://www.weforum.org/reports?page=3> (қараған күні: 16.07.2018); 2018 Index of Economic Freedom downloads. The Heritage Foundation website. <https://www.heritage.org/index/download> (қараған күні: 16.07.2018).


Қазақстан Doing Business рейтингі бойынша алға жылжуда қол жеткізген прогресті барынша жоғары деп санауға болады. 2008 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде елдің позициясы 35 орынға жақсарды, егер 2008 жылғы баяндамада осы экономикалар рейтингімен бағаланатын 178 елдің ішінен 71-орынды иеленсе (яғни, рейтингтің ең үздік елдерінің 40%-ы қатарына кірді), ал 2018 жылғы баяндамада Қазақстан 190 елдің ішінде 36-орынды иеленіп, ең табысты елдердің 19%-ы қатарына енді. Осылайша, позициясын жоғарылату ғана емес, бағаланатын экономикалардың кеңейген тобы жағдайында оны сапалы жақсарту да орын алды, яғни елдер саны жоғарылауға байланысты күшейген бәсекелестікте ілгерілей білді.

Осыған ұқсас прогресс Экономикалық еркіндік индексінің рейтингі бойынша алға жылжуда да орын алды, ол қарастырылып отырған кезеңде де өзінің қамтылуын айтарлықтай кеңейтті – бағаланатын елдердің саны 157-ден 180-ге дейін өсті. Қазақстан сондай-ақ осы рейтингте абсолюттік мәнде 35 орынға көтеріліп, ең үздік экономикалардың 23%-ы қатарына кіре алды, ал 2008 жылы 76 орын осы рейтингтің «экваторына» (48%) сәйкес келді. Елдің Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (ЖБИ) «Институттар» компонентінде 20 орынға прогресі ең төмен болса да, дегенмен позициялардың қарапайым жиынтығымен ғана емес, сондай-ақ пайыздық қатынаста жағдайдың жақсаруымен сипатталды - егер 2008 жылы Қазақстан

рейтингтің төменгі жартысында орналасса, қазіргі уақытта ол оның жоғарғы бөлігіне ауысты.

Осылайша, өткен он жылдықта Қазақстан жалпы алғанда, институттардың сапасын және бизнесті жүргізу шарттарын бағалайтын рейтингтерде айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Инвесторлардың қалауы мен іс-әрекеттерін бағалауға жалпы қабылданған тәсілдерге сәйкес мұндай прогресс шетелдік инвестициялар ағынының ұлғаюымен сүйемелденуі тиіс еді - бизнес ортаның қолайлы жағдайларына, сапалы заңнамалық базаға, барынша төмен әкімшілік кедергілерге үйренген шетелдік инвесторлар белгілі бір экономикадағы институттардың сапасын жақсартуға ден қоюға және онда өз қызметін жандандыруға тиіс деп есептеледі. Осы теориялық өзара байланыстың пәрменділігін тексеру үшін Қазақстан үлгісінде елдің үш рейтингте ілгерілеуінің салыстырмалы серпінін және оған шетелдік инвестициялардың ағыны көрсеткіштерін қарастырамыз.

Бұл динамикаға бірінші көзқарас осындай өзара байланыстың болуын көрсетеді. Қазақстанның көрсетілген рейтингтерде алатын позицияларын және барлық түрдегі жинақталған шетелдік инвестициялардың көлемін салыстыру (2-сурет) ұқсас үрдістерді көрсетеді – қарастырылып отырған кезеңде барлық рейтингтер бойынша орын алған орындардың өсуі, жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінің артуымен қатар жүрді.



2-сурет. Институттардың сапасын және барлық түрдегі жинақталған шетелдік инвестициялар көлемін бағалайтын халықаралық рейтингтерде Қазақстанның ілгерілеуінің салыстырмалы динамикасы¹¹⁶

Кезең ішінде қорытынды көрсеткіштер Қазақстанның рейтингтеріндегі бір бағытты қозғалысын да, жинақталған шетелдік инвестициялар

¹¹⁶ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыну. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 17.07.2018), сондай-ақ 2007-2017 жылдар аралығындағы Дүниежүзілік Банктің, Дүниежүзілік экономикалық форумның және The Heritage Foundation қорының жылдық баяндамаларынан жиналған мәліметтер: Бизнесі жүргізу. Жылдық баяндамалар. Дүниежүзілік банк. URL: <http://russian.doingbusiness.org/reports/global-reports/doing-business-2018> (қараған күні: 16.07.2018); Global Competitiveness Reports/ Reports. World Economic Forum website. <https://www.weforum.org/reports?page=3> (қараған күні: 16.07.2018); 2018 Index of Economic Freedom downloads. The Heritage Foundation website. <https://www.heritage.org/index/download> (қараған күні: 16.07.2018).

көлемінің көрсеткішін де көрсетеді. Егер 2008 жылдың басында олардың көлемі 127 млрд. доллар болса, 2018 жылдың басында ол 227 млрд. долларға дейін өсті. Жалпы, бұл қорытынды Қазақстанның Doing Business рейтингінде және Экономикалық еркіндік индексіне жоғары көтерілумен байланысты. Алайда, 2-суреттегі кестелерде ұсынылған 11 жылдық кезеңнің ішінде осы көрсеткіштердің ауытқуларын қарастыру айтарлықтай бір мағыналы көрініс бермейді. Егер 2008-12 жылдары салыстырмалы динамика институттардың даму деңгейі мен инвестициялар ағыны арасындағы теориялық тәуелділіктің болуын растаса – Қазақстанның рейтингтердегі позициясы (ЖБИ «Институттар» есебінсіз) жақсарып, сонымен қатар жинақталған шетелдік инвестициялар көрсеткіші тез өсіп отырған болса, онда кейіннен бұл өзара байланыс бұзылды. 2013-15 жылдары елдің рейтингтеріндегі прогресі регресспен ауысты, Қазақстан индекстерде позициясынан айырылды, алайда шетелдік инвестициялардың өсуі жалғасты. Келесі үш жылда инвестицияларға қатысты жағдай нашарлады - алдымен олардың көлемі азайды, содан кейін қайта өсті, бірақ бұл ретте шамамен 2015 жылдың деңгейінде қалды, яғни, 2016-18 жылдардың кезеңі стагнация ретінде сипатталуы мүмкін, алайда ол Қазақстанның барлық үш рейтинг бойынша қайта басталған ілгерілеуі аясында байқалды. Осылайша, жалпы алғанда институттардың даму рейтингіндегі

ілгерілеу кезеңінде жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінің ұлғаюымен сүйемелденуіне қарамастан, бұл процесс бір мәнді сипатқа ие болды және 11 жылдық кезең шеңберінде инвестициялар ағынын ұлғайтудың және рейтингтер бойынша жылжудың синхрондық жоспарында өзара түбегейлі ерекшеленетін үш бөлікті бөліп көрсетуге болады, бұл кезеңнің басым бөлігі осындай үйлесімділіктің болмауымен ерекшеленеді.

Біздің ойымызша, рейтингтік позициялар мен инвестициялар көлемінің кумулятивті көрсеткіштерін емес, осы процестердегі жыл сайынғы прогресті салыстыра отырып, Қазақстанның шетелдік инвестицияларды тартуға рейтингтегі жағдайын жақсартудың әсерін нақтылауға болады. Бұл ретте бәрін емес, тек тікелей инвестицияларды (ТШИ) қарастырған жөн, өйткені портфельдік немесе «басқа» (оларда басым қарыздар ескеріледі) сияқты шетелдік инвестициялардың қалған түрлері іс жүзінде бизнесті жүргізу шарттарының сапасымен ешбір байланысы жоқ. Тікелей инвестицияларды, кез келген жағдайда, олардың едәуір бөлігін шетелдік инвесторлар халықаралық ұйымдар өз рейтингтерінде бағалайтын ел аумағында бизнесті ұйымдастыруға тікелей қатысу жолымен жүзеге асырады және осылайша, институттардың сапасына едәуір жоғары мөлшерде тәуелді болуы тиіс.

ТШИ еліне тартуға арналған қаралып отырған үш рейтингтегі Қазақстан жағдайының әсерін бағалау

үшін олардың жылдық жалпы ағынының динамикасы және үш рейтингте бір жыл ішінде жиналған немесе жоғалған позициялар саны салыстырылды (3-сурет). Кестелердегі позициялардың өзгеруінің оң мәні Қазақстанның рейтингтердегі өсуіне, ал теріс мәні – позициялардың жоғалуына сәйкес келеді. Пайдаланылған көрсеткіштердің салыстырмалы болуын қамтамасыз ету мақсатында ТШИ ағыны индикаторы бір жылға оңға қарай жылжытылды, өйткені рейтингтердің мәні жоғарыда аталғанындай, іс жүзінде күнтізбелік уақыттан бір жылға алда жүреді.

3-суреттегі кестелер көрсетіп отырғандай, ТШИ жалпы ағынының рейтингтер мен көлемдерде жыл сайын алға жылжу арасындағы өзара байланыс іс жүзінде орын алмайды, бұл ТШИ ағынының қатты тербелісі жылдарында айқын көрініс тапты. Мәселен, 2012 жылы ТШИ жалпы ағыны бойынша ең жоғары көлемі тіркелді, бұл үш рейтингтің екеуінде Қазақстан позициясының төмендеуімен сүйемелденді.¹¹⁷ 2016 жыл Doing Business рейтингінде Қазақстан позицияларының барынша өсуімен (36 орынға) және басқа да екі рейтингте өсуімен белгіленді, бұл 2015 жылы ТШИ жалпы ағыны алдыңғы он жылдықта ең төменгі деңгейге және қарастырылатын кезеңнің минимумына дейін қысқарды.

¹¹⁷ Кестеде бұл көлем рейтингтердің озық мәндерімен салыстыруды қамтамасыз ету үшін 2013 жылға сәйкес келеді.



3-сурет. Институттардың сапасын бағалайтын халықаралық рейтингтердегі Қазақстанның ұстанымдарының және тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық ағыны көлемінің өзгеруін салыстыру¹¹⁸

Рейтингтердегі жағдайдың өзгеруі мен тартылатын ТШИ көлемдерінің арасындағы өзара байланыстың

¹¹⁸ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (қараған күні: 17.07.2018), сондай-ақ 2007-2017 жылдар аралығындағы Дүниежүзілік Банктің, Дүниежүзілік экономикалық форумның және The Heritage Foundation қорының жылдық баяндамаларынан жиналған мәліметтер: Бизнесті жүргізу. Жылдық баяндамалар. Дүниежүзілік банк. URL: <http://russian.doingbusiness.org/reports/global-reports/doing-business-2018> (қараған күні: 16.07.2018); Global Competitiveness Reports/ Reports. World Economic Forum website. <https://www.weforum.org/reports?page=3> (қараған күні: 16.07.2018); 2018 Index of Economic Freedom downloads. The Heritage Foundation website. <https://www.heritage.org/index/download> (қараған күні: 16.07.2018).

болмауы, сондай-ақ осы кезеңдегі тиісті деректер массивтері арасындағы корреляцияның төмен коэффициенттерімен де расталады. ТШИ жалпы ағынының көлемі мен Doing Business рейтингіндегі позициялардың өзгеруі арасындағы коэффициенттің мәні - 0,55, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» рейтингі үшін ұқсас мәні - 0,4, ал Экономикалық еркіндік индексі үшін - 0,04 болды.

Сондай-ақ тартылатын ТШИ көлемдері мен көрсетілген рейтингтердегі Қазақстанның абсолюттік позициялары арасындағы өзара байланыстың жоқ екенін айта кетуге болады. 2008 жылы еліміз Doing Business рейтингінде 71-орынды иеленген кезде, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Институттар» қосалқы индексінде 80-орынды және экономикалық еркіндік индексінде 76-орынды иеленді, Қазақстанға ТШИ жалпы ағыны 21301 миллион АҚШ долларын құрады. 2017 жылы аталған рейтингтерде елдің позициялары айтарлықтай жақсарды және тиісінше 35-ші, 60-шы және 42-ші орынды иеленді, ТШИ жалпы ағыны 20765 миллион АҚШ доллары мөлшерінде төмендеу шамасында есептелді.¹¹⁹

Осылайша, Қазақстанның прогресі (регресс сияқты) көрсетілген үш рейтингте шет мемлекеттерден тікелей инвестициялар ағыны өсуімен (немесе төмендеуімен)

¹¹⁹ Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <http://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian>

қатар жүрмеді. Бұл Қазақстанның түрлі халықаралық рейтингтерде жылжуы басқа факторлардың әсерінен белсендірілетін шетелдік инвестициялардың құйылуына әсер етпейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бұл жағдай тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің басқа да көптеген елдеріне де тән екенін атап өтуге болады, бұл алдыңғы бөлімде келтірілген деректерде көрсетілді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламаларында әртүрлі халықаралық рейтингтердің болуының орындылығы және инвестициялық белсенділік саласындағы прогресті неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік беретін сандық өлшенетін көрсеткіштерді мақсатты индикаторлар ретінде пайдалану қажеттігі мәселесін туындатады. Сонымен қатар, 2017 жылы бекітілген «Ұлттық инвестициялық стратегия» инвестицияларды тарту жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламада мақсаттардың көпшілігі Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі мен Doing Business рейтингтерінде прогреске қол жеткізуге баса назар аудара отырып тұжырымдалған. Бағдарламада сандық өлшенетін бес мақсатты индикатор, сондай-ақ, жиырма бестен құралған үш бағыт бойынша нәтижелер көрсеткіштері деп аталатын индикаторлар бар, олардың 11-і Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің

жекелеген параметрлерінде позицияны, біреуі - Doing Business рейтингінің параметрлерінің біріндегі орын және тағы екеуі - басқа халықаралық рейтингтерде позицияларды білдіреді. Яғни, Ұлттық инвестициялық стратегия нәтижелері көрсеткіштерінің басым бөлігі әртүрлі халықаралық рейтингтерде позициялармен берілген, бұл бағдарламаны инвестиция тартуға емес, ең алдымен осы рейтингтегі прогреске бағдарланған етеді.

Ұлттық инвестициялық стратегияның тиімділігін бағалау критерийлері, олардың ішінде Қазақстанның халықаралық рейтингтерде алға жылжу индикаторлары басым, елдің көптеген экономикалық бағдарламаларына тән, онысымен ондағы екпінді жою және тиісті салалардағы жағдайды рейтингтердегі прогреске қарай нақты жақсарту жөніндегі талпынысты ауыстырып жіберу мүмкіндігі жөнінде үрей тудырады. Бұл ретте мақсатты индикаторлар және бағдарламалардың табыстылық бойынша өзге де өлшемдері ретінде көрініс тапқан осындай рейтингтердің саны үнемі артып отырады. Мәселен, білім беру саласындағы тар шеңберде мамандандырылған рейтингтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында осындай жеті рэнкинг бар (Гарвард экономикасының күрделілік индексі, ЭЫДҰ бәсекелестік ортасының индексі, БҰҰ АКТ Даму индексі, Дүниежүзілік банк логистикасының тиімділік индексі, Дүниежүзілік Банктің мемлекеттік

басқару тиімділігінің индексі, Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі, The World Justice Project Заңның үстемдік ету индексі).¹²⁰

Аталмыш рейтингтер мен нақты макроэкономикалық нәтижелер арасында (шетелдік инвестициялар ағыны үлгісімен) өзара байланыстың болмауы жағдайында экономикалық даму бағдарламаларының критерийлері ретінде халықаралық рейтингтерді кеңінен қолдана бастаудың мақсатқа сай болуы зор күмән тудырады. Біздің ойымызша, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеуге неғұрлым әдістемелік тұрғыдан ақталған тәсіл халықаралық рейтингтерде алға жылжу емес, тиісті салалар мен олардың ілгерілеуін сипаттайтын сандық өлшенетін көрсеткіштерде прогреске қол жеткізуге баса назар аудару болып табылады.

¹²⁰ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636> (қараған күні: 20.07.2018).


7. Қазақстанның шетелге инвестициялау жүйесіндегі әлемдік қаржы нарықтарында мемлекеттік институттардың инвестициялық қызметі

Қазақстан шетелдік мемлекеттермен инвестициялық ынтымақтастық процесінде бірінші кезекте шетелдік инвестициялардың реципиенті ғана емес, инвестор ретінде де танылған. 2019 жылдың бірінші тоқсаны бойынша елдің инвестициялық позициясы - 59,9 млрд. долларды құрады, бұл ретте жинақталған шетелдік инвестициялар көлемі 220,3 миллиард доллар болды. Осылайша, шетелге жинақталған қазақстандық инвестициялар көлемі 160,4 млрд. долларға¹²¹ жетті, бұл елдің ЖІӨ көлемімен салыстыруға келетін айтарлықтай қомақты көрсеткіш болып табылады.

Сонымен қатар, қазақстандық инвестициялар шетелдік инвесторлардың салалық құрылымында да, жүзеге асырылатын салымдар түрлерінің құрылымында да көрініс беретін айқын ерекшелікті құрайды. Егер Қазақстан экономикасының шет елдерде

¹²¹ Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы // Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қапаған күні: 18.09.2019).

инвестицияларды неғұрлым белсенді жүзеге асыратын секторларын қарастыратын болсақ (1-сурет), жалпы көлемнің 73% бөлігін құрайтын мемлекеттік басқару және қаржы сияқты екі қызмет түрлерінде шоғырланудың өте жоғары деңгейін атап өтуге болады.



1-сурет. Шетелге жинақталған инвестициялардың көлемі бойынша қызметтің жетекші түрлері (1 млрд. доллардан астам), млн. доллар¹²²

Қазақстанның шетелдік инвестициялау процесінде экономиканың тек екі секторының осы басымдығының себептері шетелге инвестициялардың негізгі түрлерінің құрылымын талдау кезінде айқындалады. Олардың

¹²² Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы // Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қапаған күні: 18.09.2019).

негізгі бөлігін 64,8 млрд. доллар көлеміндегі портфельдік инвестициялар құрайды, ол жалпы көлемнің 40% бөлігіне тең (2-сурет).



2-сурет. 2019 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған шетелдік инвестициялар құрылымы, млн. доллар¹²³

Қазақстаннан шетелдік инвестициялаудың басқа ірі бағыты 27 миллиард долларды құрайтын резервтерді орналастыру болып табылады. Бұл ретте барлық портфельдік инвестицияларды мемлекеттік сектор жүзеге асырады - 64,8 млрд. доллардан 56 миллиард, яғни 86,4%. Шетелге портфельдік инвестицияларды іске асыратын қазақстандық экономиканың негізгі қызмет түрі «Міндетті әлеуметтік сақтандыруды

¹²³ Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы // Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (қараған күні: 18.09.2019).

қоспағанда, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақы қорларының қызметі» болып табылады, ол 6 млрд. долларды құрайды, сондай-ақ онда негізгі рөлді мемлекеттік Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) ойнайды. Мемлекеттік басқару секторымен жиынтықта қызметтің осы түрі шетелге портфельдік инвестициялардың 95,7%-ын, ал резервтік активтерді (олар Ұлттық банктің қаражатын құрайды) және мемлекеттік сектор инвестицияларының басқа түрлерін (6,5 млрд.) ескергенде шетелге жинақталған мемлекеттік инвестициялардың жалпы көлемі 2019 жылдың бірінші тоқсаны бойынша 95,5 млрд. долларды құрады, бұл Қазақстаннан шетелге жинақталған инвестициялардың жалпы көлемінің 60%-ына тең болды.


Осылайша, нақты осы мемлекет Қазақстанның әлемдік қаржы нарықтарындағы ең ірі шетелдік инвесторы болып табылады және бұл тұрғыда елдің қалған әлеммен инвестициялық өзара іс-қимылы процесінде қазақстандық контрагент ретінде басты назарға лайықты. Осыған байланысты Ұлттық қор, Ұлттық банк және БЖЗҚ есебімен, шетелдік нарықтарда инвесторлар ретінде әрекет ететін мемлекеттік институттардың қызметін, олардың инвестициялық саясатының ерекшеліктері бөлігінде қарастыру орынды.

Ұлттық қор: шетелге инвестициялаудың кірістілігі бойынша шиеленісу проблемасы

2000 жылы құрылған және тұрақтандыру мен жинақтау функцияларын орындайтын Қазақстан

Республикасының Ұлттық қоры ел экономикасы үшін күрделі кезеңдерде дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландырудың негізгі көзіне айналады және макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі буыны болып табылады. Құрылған сәттен бастап қордың активтері бір рет қана тұрақты өсті, 2008-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы кезеңінде дағдарысқа қарсы шараларға жаппай қаражат бөлінуіне байланысты олардың қысқа мерзімді қысқаруы орын алды. Алайда 2014 жылдан бастап Ұлттық қор активтерінің көлемі төмендей бастады және бұл төмендеу алтыншы жылға созылып келе жатқан тұрақты үрдіс сипатын қабылдады (3-сурет).

Ұлттық қордың көлемін қысқарту жағдайында қазіргі уақытта шамамен 60 миллиард долларды құрайтын жинақталған қаражатты басқарудың тиімділігін арттыру міндеті үлкен өзектілікке ие болады. Бұл активтердің ауқымы, тіпті табыстылық пайызының оныншы үлесін жоғалтумен оларды басқару сапасының болмашы нашарлауы жүз миллион доллар алынбаған пайдаға немесе инвестициялық шығынға айналады. Осыған байланысты Ұлттық қордың табыстылық жағдайы аса жақсы болмағанын атап өтпеуге болмайды. 2018 жылы ол аталмыш институттың бүкіл тарихындағы ең төмен көрсеткіш болды, доллармен 2,64%-ды құрады. Абсолюттік мәнде бұл қор активтері көлемінің шамамен 1,6 млрд. долларға төмендеуіне барабар болды.




3-сурет. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің динамикасы, млн. АҚШ доллары¹²⁴

Ұлттық қор активтерінің кірістілігі базалық валютада (АҚШ долларында) есептеледі, өйткені осы активтердің басым бөлігі, шамамен 94%-ы шетелдік қаржы құралдарында орналастырылған. Ұлттық қордың кірістері сыйақы түріндегі кірістерден; дивидендтер түріндегі кірістерден; форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін таза кірістен/(шығыннан) тұрады; форвардтық валюталық келісімшарттардан таза кірістен/

¹²⁴ ҚР Ұлттық қорының халықаралық резервтері мен активтері. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: https://nationalbank.kz/?finalDate=5.12.2000&finalDate2=25.12.2019&dates=+%D0%92%D1%8B%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B8+%D0%B8%D0%BD%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8E&tab_id=15&lang=rus&docid=285&ch_date=on&switch=russian (қараған күні: 29.08.2019).


(шығыннан); шетелдік валютамен операциялардан таза кірістен/(шығыннан) тұрады. 2017 жылғы бұл табыстардың құрылымы 4-суретте келтірілген.



4-сурет. Ұлттық Қордың 2017 жылғы кірістерінің көлемі мен құрылымы, млрд. теңге; %¹²⁵

Ұлттық қор активтерінің АҚШ долларымен кірістілігі төмендеуінің тұрақты үрдісін көрсетеді (5-сурет), оның үстіне соңғы жылдары бұл кірістілік кері болған жылдар саны айтарлықтай өсті. Соңғы бес жылдың үшеуі инвестициялық шығынмен сипатталды, ал соңғы, 2018 жылы портфельдің шығындылық деңгейі Ұлттық қор үшін рекордтық болды.

¹²⁵ 2017 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есеп. ҚР Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептер. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі. Ресми интернет-ресурс. URL: http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymouse?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymouse/kz.ecc.anonymouse/kz.ecc.anonymouse/budgeting/budgeting/national_fund_fldr/reposrt_of_fund_fldr (қапаған күні: 22.08.2019).



**5-сурет. Ұлттық қор портфелінің
АҚШ долларымен кірістілігі¹²⁶**

Ұлттық Қор қоржынының кейінгі бес жылдағы (2014-18 жж.) орташа кірістілігі 0,43%-ды құрады, алдыңғы бес жылда – 3,68% болса, оның алдындағы бес жылдық кезеңде - 5,44%-ды құрады. Ұлттық қор жұмыс істеп келе жатқан 18 жыл ішінде оның активтерінің базалық валютадағы орташа кірістілігі 3,28% деңгейінде қалыптасты. Осылайша, соңғы бес жылда күрт күшейген табыстылықтың үдемелі төмендеуі байқалады.

Бұл жағымсыз жағдай едәуір дәрежеде осы кезең ішінде әлемдік нарықтардағы қолайсыз жағдайға байланысты болды, бұл туралы Ұлттық қор активтерінің басым бөлігін басқаратын Ұлттық банктің түсініктемесінде

¹²⁶ ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша есептелді: Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2018 жыл бойынша ЕСЕБІ. Алматы, 2019 жыл. 101 б.

де айтылады. Осылайша, 2018 жылғы ҰБ есебінде теріс кірістілікті тудырған себептер қатарында «акциялар нарығындағы жағымсыз түзету, сондай-ақ Ұлттық қордың активтері инвестицияланатын валюталардың көпшілігіне қатысты АҚШ долларының нығаюы» келтірілді.¹²⁷ Бұл ретте Ұлттық қор активтерінің кірістілігіне әсер ету олардың қандай да бір қаржы құралдарына орналастыру құрылымына пропорционалды түрде көрсетілуі заңдылық.

Қор қаражатының негізгі көлемі (шамамен 70%) дәстүрлі түрде көбінесе ең жоғары рейтингтері бар мемлекеттік облигацияларда орналастырылады, шамамен 15%-ы акцияларға тиесілі болса, қалған қаражат – қаржы нарығының ақшасы мен құралдарына тиесілі - бұл бөлік негізінен тұрақтандыру портфелінде болады. 2019 жылғы тамызда Президент Жарлығымен «жинақ портфелінің активтерін стратегиялық бөлу активтерді әртараптандыру саясатын жалғастыруға бағытталған және консервативті бөлуден (80% облигациялар, 20% акциялар) ұзақ мерзімді күтілетін кірістілікті арттыруға бағытталған теңдестірілген бөлуге (60% облигациялар, 30% акциялар, 5%-ға дейін баламалы құралдар және 5%-ға дейін алтын) көшуді болжайтын» өзгерістер енгізілді.¹²⁸ Осы өзгерістерге дейін де,


¹²⁷ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2018 жыл бойынша есебі. Алматы, 2019 жыл. 101 б.

¹²⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 тамыздағы №86 Жарлығы.

одан кейін де Ұлттық қор активтерінің құрылымында қаржы құралдарының негізгі санаты облигациялар мен акциялар болды, сондықтан Қордың кірістілігіне әлемдік қор нарықтарында және облигациялар нарықтарында жағдай негізгі әсерін тигізеді. Үшінші негізгі фактор АҚШ доллары бағамының басқа валюталарға қарсы динамикасы болып табылады, өйткені доллар Ұлттық қордың базалық валютасы болып табылады және оны нығайту басқа валюталардағы активтерге салынған салымдардың кірістілігін азайтуға алып келеді.

Осы акциялар, облигациялар әлемдік нарығы және доллар бағамы түріндегі үш фактордың Ұлттық қордың соңғы алты жылдағы активтерінің кірістілігіне әсері 6-суреттегі кестеде көрнекі ұсынылады. Әлемдік акциялар нарығы динамикасын көрсететін индикаторлар ретінде FTSE World индексі, дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары - АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық міндеттемелеріне фьючерстің баға белгілеулері таңдалды, ал доллар бағамының өзгеруі осы валютаның индексімен ұсынылады.

6-суретте көрсетілген салыстырмалы динамика Ұлттық қордың кірістілігі FTSE World акциялардың жаһандық индексінен және ол қарсы фазада орналасқан доллар индексінен (яғни доллар күшейген сайын, кірістілік төмендейді) тәуелділігін көрнекі көрсетеді. Облигацияларға баға белгілеудің кірістілікке әсері анық байқалмайды және кейбір жылдарда жоғалуы орын алады, дегенмен мүлдем жойылмайды.



6-сурет. Ұлттық қор кірістілігінің салыстырмалы динамикасы және қор портфелінің құны бойынша әсер ететін әлемдік қаржы индикаторларының өзгеруі, %¹²⁹

Ұлттық қордың кірістілігі мен кестеде ұсынылған үш индикатор арасындағы корреляция коэффициенттерінің есебі де осы қорытындыны растайды: ол қор индексі үшін 0,92, доллар индексі үшін -0,88 (минус кері тәуелділікті білдіреді) және америкалық борыштық қағаздардың баға белгілеулері үшін -0,24 болды.

Ұлттық қор кірістілігінің әлемдік қаржы нарықтарының үрдістеріне тәуелділігі объективті болып

¹²⁹ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ЕСЕБІ. Алматы, 2019 жыл. 101 б.; FTSE World / Бұрынғы деректер. – Investing.com. URL: <https://ru.investing.com/indices/ftse-world-historical-data> (қараған күні: 5.09. 2019); US 10 YR T-Note фьючерсі. – Investing.com. URL: <https://ru.investing.com/rates-bonds/us-10-yr-t-note> (қараған күні: 5.09. 2019); АҚШ доллары индексіне фьючерс. - Investing.com. URL: <https://ru.investing.com/currencies/us-dollar-index> (қараған күні: 5.09. 2019).

табылады, алайда қор портфелін басқару сапасына байланысты субъективті факторлар да бар, ол ағымдағы нарықтық жағдайға әрдайым сәйкес келе бермейді. Төмендеуші нарықтар жағдайында тиімді портфельдік менеджмент, тіпті егер объективті жағдайларға байланысты оларды болдырмау мүмкін болмаса да, шығындарды барынша азайтуы, ал нарықтардың өсуі жағдайында – осы өсімді басып озуы және кірістілікті барынша арттыруы тиіс. Алайда, бұл Ұлттық қор активтерін басқарушылардың әрдайым қолынан келе бермейді. Қор қаражатының басым бөлігін Ұлттық банк басқарса да, ол қаражатты инвестициялайтын сыртқы басқарушыларды да тартатынын айта кету керек.

2018 жылы сыртқы басқарушылар «Жаһандық облигациялар» мандат типі бойынша жинақтау қоржыны активтерінің бір бөлігін (портфельдің 27%), «Жаһандық акциялар» мандат типі бойынша жинақтау қоржынының активтерін (бес сыртқы басқарушы) және «Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандат типі бойынша жинақтау қоржынының активтерін (бір сыртқы басқарушы) басқаруды жүзеге асырды.¹³⁰ Бұл тәжірибе Ұлттық қордың активтерін басқару тұрғысынан дәстүрлі болып табылады, көп жылдық тарихы бар, алайда көбінесе сыртқы басқарушылар өздеріне сеніп тапсырылған қаражат бойынша кірістілікті әрбір мандат бойынша күтілетін кірістіліктің бағдары болып табылатын эталондық портфельден төмен деңгейде

¹³⁰ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ЕСЕБІ. Алматы, 2019 жыл. 102 б.

көрсетеді. 1-кестеде Ұлттық қордың қаражатын жинақ портфелінің екі мандаты бойынша басқару нәтижелері келтірілген, оны тек сыртқы басқарушылар ғана жүзеге асырады. Соңғы үш жыл ішінде тек алты сыртқы басқарушылардың бірі ғана кірістілігін эталондық портфельден жоғары көрсетті, қалғандары төмен болды, кейде – едәуір төмен болды, бұл қаралған үш жыл ішінде «Жаһандық акциялар» мандаты бойынша алты жағдайдың бесеуінде, «Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандаты бойынша қаралған үш жылдың екі жылында теріс үстеме кірістілікке әкелді.

1-кесте. 2016-18 жж. эталондық кірістілікпен салыстырғанда сыртқы басқарушылардың Ұлттық қордың жинақ портфелі активтерін басқару нәтижелері, жылдық %¹³¹

	2016		2017		2018	
	нәтиже	эталон	нәтиже	эталон	нәтиже	эталон
«Жаһандық акциялар» мандаты	7,92	8,17	22,81	23,08	-10,13	-8,21
«Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандаты	0,54	1,07	10,43	8,87	-3,32	-2,29

Теріс үстеме кірістілікті жүйелі көрсету сыртқы басқарушыларды ауыстыру үшін немесе жалпы сыртқы басқарушылардың қызметтерінен бас тарту және жинақ портфелінің тиісті мандаттарын Ұлттық банктің өзіне басқаруға беру үшін негіз болуы тиіс.

¹³¹ Келесі дереккөздердің деректері бойынша құрылды: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылғы есебі. Алматы, 2017 ж., 70 б.; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017 жылғы есебі. Алматы, 2017 ж., 67-68 беттер. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі. Алматы, 2017 ж., 102 б.

Алынбаған кірістілікте көрсетілген портфельді басқарудағы жедел кемшіліктерге байланысты субъективті фактордан басқа, біздің ойымызша, әлемдік нарықтардың орта мерзімді перспективаға арналған конъюнктурасын болжауда ең алдымен акцияларға салым салуға тән және осы нарықтардағы дағдарыстар кезеңінде кірістіліктің «сәтсіздігіне» әкеп соғатын есептеулердің неғұрлым жалпы проблемасы бар. Жинақ портфелінің берілген құрылымын облигациялардың пропорцияда 80%-ға жуығы және акциялардың 20%-ға жуығы қамтамасыз етуге формальды тәсілдің басым болуы, жоғары құбылмалы қор нарықтарында жақындап келе жатқан құлдырау жағдайында да акциялардың 20-пайыздық үлесі сақталатынын және қор портфелінің осы бөлігі бойынша шығынға ұшырайтынын білдіреді, оларды болдырмау әбден мүмкін еді. Бұл тезистің дәлелі Ұлттық қордың жинақ портфелі құрылымының динамикасы болып табылады (2-кесте).

Бұл портфельдегі акциялардың үлесі олардың құлдырауы алдындағы (2013, 2014, 2017) әлемдік нарықтардағы жоғары шиеленіс кезеңінде де айтарлықтай өзгерген жоқ, бұл 2014, 2015 және 2018 жылдары кірістіліктің және жинақ портфелінің және Ұлттық қор активтерінің теріс мәндеріне дейін айтарлықтай төмендеуіне алып келді. 2018 жылы «Жаһандық акциялар» мандаты бойынша қор нарықтарының құлдырауына байланысты 10%-дан астам шығын орын алды, бұл ҰҚ жинақ портфелінің

48,8 млрд. доллар көлемі мен ондағы акциялардың 20 пайыздық үлесі жағдайында шамамен 1 млрд. долларға сәйкес келеді.

2-кесте. 2013-2017 жж. әлемдік қор нарықтары мен мемлекеттік облигациялардың динамикасымен салыстыра отырып, Ұлттық қордың жинақ портфелі салымдарының құрылымы, %¹³²

Жинақ портфелі					
Активтер санаты	2013	2014	2015	2016	2017
Кірісі белгіленген бағалы қағаздар	67,6	71,3	79,0	77,2	75,1
Акциялар	22,7	24,1	19,9	21,2	23,5
Ақша нарығының қаражаты мен құралдары	9,7	4,6	1,1	1,6	1,5
Әлемдік қаржы нарықтарының индикаторлары, бір жылдағы өзгеріс, %					
FTSE World индексі	21,2	2,3	-3,9	5,8	21,5
US 10 YR T-Note фьючерсі	-6,9	3,1	-0,6	-1,4	-0,1

Бұл теріс нәтиже көп жағдайда жинақ портфелінің 3,13%¹³³ шығыны (бұл абсолюттік мәнде 1,5 млрд. долларға сәйкес келеді) мен жалпы қор активтерінің рекордтық теріс кірістілігіне себеп болды.

Осылайша, ұлттық қордың шетелдік қаржы нарықтарындағы инвестициялары жеткіліксіз тиімділікпен ерекшеленеді, олардың қолайсыз конъюктурасының күшті ықпалына ұшырайды, ал соңғы жылдары олардың

¹³² Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2017 жылғы есеп. ҚР Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептер. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі. Ресми интернет-ресурс. URL: http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymouse?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/national_fund_fldr/reposrt_of_fund_fldr (қараған күні: 22.08.2019).

¹³³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 жылға есебі. Алматы, 2019 жыл. 102 б.

шығындылығы базалық валютада жиілеп кетті, ол осы институт активтерінің тікелей жоғалуын білдіреді.

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры:
зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету
үшін шетелге инвестициялардың өсуі**

БЖЗҚ Қазақстанның ірі қаржы институты болып табылады, оның қызметінің ерекшелігі жинақталған қаражатты басқарудың түрлі қаржы активтеріне инвестициялар сияқты түрін қамтиды. Бұл ретте осы қаражаттың аса үлкен көлемі елдің ішкі қаржы нарығының әлсіз дамуымен қатар, Қазақстанда БЖЗҚ талаптарына өтімділік пен сенімділік бөлігінде сәйкес келетін құралдар ұсынысының жеткіліксіз болуына байланысты, олардың бір бөлігін шетелге инвестициялау қажеттілігін негіздейді.

БЖЗҚ-да жинақталған қаражат көлемі 2019 жылдың ортасында 10 трлн. теңгеден асты, ол Қазақстандық ЖІӨ-нің 15% көлеміне сәйкес келеді (7-сурет).

БЖЗҚ салымшылар қаражатының тұрақты өсуі оларды шетелге инвестициялау көлемінің ұлғаюына да себепші болады, ол үшін объективті сипаттағы себептер (ел ішінде аталған сапалы активтердің жетіспеушілігін қоса алғанда), сондай-ақ теңге бағамының тұрақсыздығы және жинақталған қаражатты валюталық активтерге орналастыру арқылы девальвациядан қорғау қажеттілігі сияқты субъективті факторлар да бар.




7-сурет. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі параметрлері¹³⁴

Осы себептердің жиынтығы абсолюттік мәнде де (валюталық және теңгелей есепте), салыстырмалы түрде де (қор портфеліндегі валюта активтері үлесінің өсуі) зейнетақы қаражатын шетелге салудың тұрақты өсуін қамтамасыз етті. Соңғы толық емес алты жыл ішінде ғана БЖЗҚ долларлық активтерінің көлемі (сондай-ақ басқа шетел валюталарындағы активтер де бар, бірақ едәуір төмен мөлшерде) 3,3 есе, 2014 жылдың қорытындысы бойынша 2,75 млрд. доллардан 2019 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша 9,2 млрд. долларға

¹³⁴ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: 2019 ж. 01 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ҚОРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ. «БЖЗҚ» АҚ сайты /Көрсеткіштер. URL: <https://www.enpf.kz/ru/indicators/pa/current.php> (қараған күні: 19.09.2019); Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті. URL: http://old.stat.gov.kz/faces/homePage/homeDinamika.pokazateli?_afLoop=567101034993876#%40%3F_afLoop%3D567101034993876%26_adf.ctrl-state%3D2n1rybtz1_25 (қараған күні: 19.09.2019).

өсті, ал БЖЗҚ портфеліндегі долларлық салымдардың үлесі 11,1%-дан 34,7%-ға дейін өсті (8-сурет).



8-сурет. БЖЗҚ долларлық активтерге салымдарының көлемі және олардың портфельдегі үлесі¹³⁵

БЖЗҚ әлеуетін шетелдік нарықтардағы инвестор ретінде қарастыра отырып, оның жоғары болып қала беретінін, ал қордың портфельдік инвестициялар желісі бойынша Қазақстаннан қаражаттың кетуі бұрын қалыптасқан үрдістерді жалғастыра отырып, ұлғая беретінін мойындаған жөн. Бұл ретте аталмыш жағдайдың негізгі себебі, біздің ойымызша, Қазақстандағы инфляция


¹³⁵ Мынадай көздерден алынған деректер бойынша есептелді: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ. «БЗЖҚ» АҚ. URL: <https://www.enpf.kz/ru/indicators/invest/review.php> (қараған күні: 18.09.2019); Күнделікті ресми (нарықтық) валюта бағамы / / Валюта бағамы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=747&switch=russian> (қараған күні: 18.09.2019).

деңгейінен асатын зейнетақы активтерінің жоғары кірістілігін қамтамасыз ету қажеттігі болады. Үздіксіз девальвация жағдайында ұлттық валютада есептелетін активтердің жоғары кірістілігін қамтамасыз ету қордың инвестициялық портфелінің валюталық компонентін арттыру есебінен ғана болады, бұл басқа бағыттарда активтерді жеткілікті тиімді басқару жағдайында да шетел валютасын қайта бағалау есебінен кепілдендірілген жоғары кірістілікті алуға мүмкіндік береді.

БЖЗҚ инвестициялық қызметінің алдыңғы жылдардағы тәжірибесі жоғары девальвациялық болжалдар жағдайында осы қорытындыларды растайды. Зейнетақы активтерінің кірістілігі соңғы жылдары бағамдық факторға айтарлықтай тәуелді болды және теңге девальвациясы кезеңінде күрт өсті, ал оның бағамы тұрақтылығында орташа болды (9-сурет). Бұл ретте девальвация жылдарында БЖЗҚ кірістеріне шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс түріндегі салым күрт артады.

БЖЗҚ инвестициялық кірісінің жалпы көлеміндегі бұл компоненттің үлесі девальвация жылдары 40%-ға (2018 ж.) және 55%-ға (2015 ж.) жетті.

Бұл ретте БЖЗҚ кірістілігінің валютаны қайта бағалау ауқымынан тәуелділігі соңғы жылдар бойы үдемелі артуы, 2019 жылдың басында 32,4%-ға жеткен зейнетақы активтерінің жалпы көлеміндегі валюталық активтер үлесінің өсуімен бірге артып келе жатқанын айта кету керек (3-кесте).



9-сурет. БЖЗҚ зейнетақы активтері кірістілігі және АҚШ долларының тенге бағамымен өзара байланысы¹³⁶

Осылайша, зейнетақы активтерін басқару процесінде Ұлттық банк валюталық активтерге көбірек қаражат инвестициялай отырып, БЖЗҚ активтері кірістілігінің тенге бағамына тікелей тәуелділігін қалыптастырды.

